



«Волонтерлік қызмет туралы заңнаманы
әзірлеуге және сүйемелдеуге жәрдемдесу»
жобасы бойынша
АНАЛИТИКАЛЫҚ ЕСЕБІ

АНАЛИТИЧЕСКИЙ ОТЧЕТ
по проекту
«Содействие в разработке и сопровождении
законодательства о волонтерской деятельности»



Нұр-Сұлтан
2020

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі
КеАҚ «Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты»

«Волонтерлік қызмет туралы заңнаманы
әзірлеуге және сүйемелдеуге жәрдемдесу»
жобасы бойынша
АНАЛИТИКАЛЫҚ ЕСЕБІ

МАЗМҰНЫ

ЖОБАНЫҢ ҚЫСҚАША ТҮЙІНДЕМЕСІ	4
1 ТАРАУ. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ВОЛОНТЕРЛІК ҚЫЗМЕТ: АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ МЕН КЕМШІЛІКТЕРІ.....	8
1.1. Волонтерлік қызметтің қазақстандық тәжірибесі	8
1.2. Волонтерлік қызметтің кемшіліктері	13
1.3. Волонтерлік қызметтің артықшылықтары	15
2 ТАРАУ. ВОЛОНТЕРЛІК ҚЫЗМЕТ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕНІ ТАЛДАУ	21
2.1. Волонтерлік қызметтің нормативтік-құқықтық негіздері	21
2.2. АҚШ тәжірибесі	24
2.3. Еуропа тәжірибесі	37
2.3.1. Ирландия.....	38
2.3.2. Ұлыбритания	49
2.3.3. Франция.....	52
3 ТАРАУ. ҚР ЗАҢНАМАЛЫҚ АКТІЛЕРІНЕ ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ ҰСЫНЫСТАР ЖӘНЕ ВОЛОНТЕРЛІК ҚЫЗМЕТТІ ЖЕТІЛДІРУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАР	65
ҚОРЫТЫНДЫ	90

ЖОБАНЫҢ ҚЫСҚАША ТҮЙІНДЕМЕСІ

Бұл зерттеу волонтерліктің дамуы мәселелері бойынша кабинеттік-далалық зерттеулердің және халықаралық тәжірибелерді зерделеу нәтижелелеріне негізделген ұсыныстардан тұратын аналитикалық есеп болып табылады.

Зерттеудің негізгі мақсаты волонтерлік қызмет туралы заңнаманы әзірлеу және сүйемелдеу болып табылады.

Осыған байланысты «Волонтерлік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 30 желтоқсандағы № 42-VI ҚРЗ қолданыстағы Заңы (бұдан әрі – «Волонтерлік қызмет туралы» ҚРЗ) және Қазақстан Республикасындағы волонтерлік қызмет және волонтерлік қозғалысқа қатысы бар Қазақстан Республикасының басқа да заңдары («Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 маусымдағы № 105-V Заңы; «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 16 қарашадағы № 405-V ҚРЗ; «Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі» Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ; «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы) қарастырылды; қолданыстағы халықаралық тәжірибе және оның призмасы арқылы қазақстандық тәжірибе қарастырылып, баға берілді және волонтерлік қызмет туралы қолданыстағы заңнаманы жақсарту және жетілдіру перспективалары бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар жасалды.

Бұл зерттеудің әр тарауы қысқаша аналитикалық тұжырымдар мен ұсыныстардан тұрады. Зерттеудің **бірінші тарауы** Қазақстандағы волонтерлік қызметтің артықшылықтары мен кемшіліктеріне арналады және волонтерлік бойынша әлеуметтік зерттеулердің қысқаша есептері, Қазақстандағы волонтерлік қызметке қатысу бойынша кемшіліктер және/немесе артықшылықтарды анықтайтын Қазақстан аймақтарының картасы берілген үш бөлімнен тұрады. Тұжырымдар жасалып, Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігіне ұйымдастырушылық, технологиялық және құқықтық бағыттар бойынша практикалық ұсыныстар беріледі және «Рухани жаңғыру» жобасы арқылы Қазақстандағы волонтерлік форматты кеңейту идеясы ұсынылады. Сонымен қатар волонтерлікті әлеуметтік, спорттық, мәдени, экологиялық, оқиғалық, корпоративтік, медициналық және т.б. бағыттарда дамыту мүмкіндіктерін қарастыру ұсынынылады. Аналитикалық есептің **екінші тарауында** волонтерлік қызмет мәселелері бойынша халықаралық озық тәжірибелерді қазақстанның практикасына одан әрі енгізу мақсатында талдау жүргізіледі. Екінші тараудың бірінші бөлімі шетелдегі волонтерлік қызметтің нормативтік-құқықтық не-

гіздеріне арналып, 1948 жылы қабылданған «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы», 1990 жылы қабылданған «Волонтерлер декларациясы», 2001 жылы қабылданған «Еріктілердің жалпыға бірдей декларациясы» және 2002 жылғы БҰҰ-ның Бас ассамблеясының резолюциясы негізінде халықаралық деңгейде волонтерлік қызметті реттеу бойынша құқықтық аспектілерге дәлелді мысал келтіріледі. Осы тұста волонтерлік құқық алаңын жетілдіруге бағытталған ең озық халықаралық бастамалар анықталып, келесілерге назар аударылады:

1. «волонтердің» құқықтық анықтамасы;
2. волонтерлік қозғалыстың құқықтық ережесін жетілдіру;
3. волонтерлерді тарту және жұмылдыру үшін кедергілерді жою (қызмет көрсету процесі барысында волонтерлердің орынды шығындарының өтемақысына салық салу сияқты);
4. волонтерлердің құқықтары мен міндеттерін заңды тұрғыда рәсімдеу;
5. волонтерлердің ерекше ролін мойындау және т.б.

Екінші тараудың ең ауқымды бөлімі әлемдегі волонтерлік қозғалысты реттеудің ең үздік практикасы ретінде ұсынылып отырған Америка Құрама Штаттарының волонтерлік тәжірибесіне арналады. Аталмыш тараудың келесі бөлімдерінде Ирландия, Ұлыбритания және Франция сияқты Батыс Еуропа елдерінің волонтерлік тәжірибесі сипатталып, оған баға беріледі.

Сонымен қатар әрбір тараудың соңында еліміздің құқықтық және мәдени ерекшеліктерін ескере отырып қазақстандық волонтерлік практикаға жаңа тәжірибелерді енгізу үшін практикалық ұсыныстар және ұсынымдар беріледі.

Соңында аналитикалық есептің **үшінші тарауында** Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар және Қазақстанда волонтерлік қызметті жетілдіру бойынша құқықтық ұсынымдар беріледі. Ол үшін Қазақстан Республикасының волонтерлікті реттейтін негізгі заңнамалық актілері анықталып, қолданыстағы «Волонтерлік қызмет туралы» ҚРЗ-ға баға беріледі, волонтерлік саласында туындайтын қоғамдық қатынастар жүйесін нығайтуға ықпал ететін, әлеуметтік бағытталған коммерциялық емес ұйымдардың (бұдан әрі – КЕҰ) тиімділігін арттыру бойынша әлеуметтік мәселелерді жетілдіру саласында ұсыныстар жасалады және өзгерістері Қазақстандағы волонтерлік қызметтің дамуына едәуір ықпал ететін негізгі механизмдер анықталады: волонтерді әлеуметтік өзгерістердің жағымды субъектісі ретінде қоғам мойындауының төмен деңгейі; волонтер мәртебесін растаудың болмауы; волонтерлік қызмет өтілін есепке алу; жоғары оқу орнына түсу және жұмысқа қабылдану барысында волонтерлік өтілді есепке алу; және волонтерді сақтандырудың жоқтығы.

Үшінші тарауда негізгі элемент – Қазақстандағы волонтерлікті дамыту бойынша ұсынылатын басымдықтар баяндалып, ҚР заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылатын «Волонтерлік қызмет туралы» мәселесі бойынша «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заң жобасына салыстырмалы кесте беріледі. Ұсыныстардың барлығы қолданыстағы халықаралық тәжірибеге негізделген. Сонымен қатар волонтерліктің реттелмейтін сипаты ескеріле отырып, өзін-өзі реттейтін ұйымдар деңгейінде волонтерлердің мінез құлқының қоғамдық ережелері мен этикасын белгілеу ұсынылады.

Тараудың соңында волонтерлік қызметтің қолданыстағы жүйесінің нақты жұмыс істеу механизмдерін құрудағы тұтастықты, волонтерлік қызметті мемлекеттік қолдау мен ынталандырудың жүйесін және волонтер мәртебесінің нақтылығын қажет ететіндігі туралы қорытынды жасалады.

Зерттеу жұмысы волонтерлік туралы білім базасын толықтырып, волонтерлік пен оның Қазақстандағы азаматтық қоғамды дамытатын қозғаушы күштердің біріне айналдыратын әлеуетті мүмкіндіктері туралы жаңа көзқарастарды ұсынады.

Зерттеу міндеттерін шешу және ұсынылған тұжырымдаманы тексеру үшін зерттеудің теориялық және эмпирикалық әдістерінің жиынтығы қолданылды:

1) кабинеттік зерттеулер (ашық деректерден материалдар жинау, сұрыптау және талдау: заңнамалық актілерді, ресми және басқа да материалдарды оқу, шетел тәжірибелерін қарау және жүйелік тәсілді қолданбау негізінде зерттелетін тақырып бойынша әдебиеттерге шолу жасау)

2) далалық зерттеулер (тақырыпты терең түсіну және әдебиеттерді іздеу үшін сарапшылармен терең сұхбат жүргізу).

Негізгі әдеби база ретінде халықаралық және қазақстандық аналитикалық есептер пайдаланылды.

Зерттеу жұмысын Қазақстан Республикасындағы волонтерлік қызмет туралы заңнаманы әзірлеуге және сүйемелдеуге жәрдемдесу мақсатында «**Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты**» дайындады.

Жобаны дайындаған:

Мысаева Г.А., Қоғамдық процестерді зерттеу орталығының жетекшісі;

Айдарханова Э.М., Қоғамдық процестерді зерттеу орталығының аналитик-менеджері.

ЗЕРТТЕУ ТОБЫ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУҒА

АТСАЛЫСҚАН КЕЛЕСІ САРАПШЫЛАРҒА АЛҒЫСЫН БІЛДІРЕДІ:

Әбсеметова А., «Ұлттық волонтерлік желі» сарапшысы;

Беркамалов С., «Қазақстан заңгерлер одағы» астана филиалының төрағасы;

Кужукеева Г., Алматы қаласы Халықаралық коммерциялық емес Құқық орталығының консультанты;

Миллер Д., америкалық ерікті және волонтерлік бағдарламалардың демеушісі;

Шабает Н., ҚР-ғы БҰҰ-ның корпоративтік волонтерлікті дамыту бойынша маманы, жобалық сарапшы;

Айдарханова Э.М., Ермекбаева Б.Қ., жобаның мемлекеттік тілдегі нұсқасын редакциялаушылар.

Зерттеу бойынша ақпарат жинау 2020 жылдың ақпан-наурыз айларында жүргізілді.

1 ТАРАУ. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ВОЛОНТЕРЛІК ҚЫЗМЕТ: АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ МЕН КЕМШІЛІКТЕРІ

2002 жылдың желтоқсанында Қазақстан БҰҰ Бас Ассамблеясының A/RES/57/106 қарарын қолдады, ол бойынша еріктілік кедейлікті азайту, тұрақты даму, халық денсаулығы, әлеуметтік интеграция және әлеуметтік кемсітушілікті болдырмау бойынша кез-келген стратегияның маңызды құрамдас бөлігі ретінде анықталды. Халықаралық Еңбек Ұйымы еріктілердің еңбегін макродеңгейде **«әлемдегі әлеуметтік және экологиялық мәселелерді шешудің негізгі қайнар көзі»**, «өмір сүру сапасын арттырудың» ресурсы ретінде танитынын атап өткен жөн.

Қазақстандағы волонтерлік қызмет жергілікті бастама деңгейінде басталып, оның қарқыны, әсіресе елімізде өткізілген келесі халықаралық іс-шараларға қатысу есебінен біртіндеп өсе бастады: 2011 жылғы Қысқы Азия Ойындары, «Қысқы Универсиада 2017» студенттер мен жастардың қысқы әлемдік спорт жарыстары, «Болашақ энергиясы» ЭКСПО-2017 мамандандырылған көрмесі. Түрлі мәліметтерге сәйкес 6000-нан астам волонтерлер тартылды.

2016 жылғы 30 желтоқсанда азаматтық қоғам өкілдерімен бірлесіп, Қазақстандағы волонтерлік қозғалысты дамыту және қолдау үшін негіз болған «Волонтерлік қызмет туралы» ҚР Заңы қабылданды.

Осы тұста төмендегілерді атап өткен жөн:

- волонтерлік қызмет фрагменттік сипатқа ие;
- жүйелік тәсіл жоқ;
- волонтерлік қызметті дамыту үшін реттеу және ынталандыру тетіктері қарастырылмаған.

Сонымен қатар қоғамда волонтердің қызметін радикализм және экстремизмге дейін теріс пайдалану қаупі бар. Осыған байланысты және басқа да себептер салдарынан қазіргі таңда тұрақты ұлттық волонтерлік жүйені қалыптастыру үшін Қазақстандағы волонтерлік қызметке толық баға беру талап етіледі.


1.1. Волонтерлік қызметтің қазақстандық тәжірибесі

Әлемдік қауымдастықта волонтерліктің нақты формалары бар: формалды (волонтерліктің құрылымдалған жүйелері); басқарушылық (мемлекеттік емес және мемлекеттік құрылымдардың басқару органдарына мүшелік ету); формалды емес (жергілікті мәселелерді шешу мақсатында жергілікті қауымдастық арқылы ұйымдастырылады); әлеуметтік (азаматтық белсенділік, әлеуметтік мәселелерді лоббилендіру); жобалық (ірі іс-шараларды немесе міндеттерді жүзеге асыруды қолдау мақсатында жоспарланатын қысқа мерзімдік іс-қимыл).

Халықаралық салыстырмалы зерттеулерге сәйкес Қазақстан пост-кеңестік кеңістіктің едәуір бөлігі ретінде азаматтық белсенділігі, атап айтқанда волонтерлік қызмет деңгейі төмен елдер қатарына жатады.

Зерттеу нәтижелері¹ бұл кең таралған пікірді ішінара растайды. Шындығында, респонденттердің жартысынан көбінің (63,3%) ешқандай волонтерлік қызмет тәжірибесі жоқ. Екінші кең таралған жауап нұсқасы – «тұрмысы төмендерге» көмек беруді – сұралғандардың тек 24%-ы таңдаған (ең көп жауап берілген нұсқадан үш есе аз). Қалған жауап нұсқаларына едәуір аз назар аударылған (1-диаграмманы қараңыз).

1-диаграмма. Волонтерлік қызметтің түрлі салалардағы тәжірибесі, (адам)



* респонденттердің 5%-дан көп таңдаған жауап нұсқалары ғана берілді.

Сонымен қатар зерттеуде² тұрмысы төмендерге көмек беру бойынша волонтерлік қызмет тәжірибесі бар, респонденттің әлеуметтік портреті берілді, оларды келесілер жүзеге асырған:

- ауылдық жерде тұрмайтын қала тұрғындары;
- ер адамдарға қарағанда, әйел адамдар;
- неғұрлым білімді;
- жұмыс істейтіндер.


Аталған қызмет түрлерінің Қазақстан өңірлері бойынша бірқалыпты таралмауы (1-суретті қараңыз) олардың өзара айырмашылығын көрсе-

¹ «Қазақстан Республикасы жағдайындағы қайырымдылық және донорлық жүйесі» әлеуметтік зерттеуі. «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы. 2019.

² «Қазақстан Республикасы жағдайындағы қайырымдылық және донорлық жүйесі» әлеуметтік зерттеуі. «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы. 2019.


теді. Дегенмен, аталған ерекшеліктердің бірі **солтүстік аймақтарда волонтерлік белсенділік деңгейінің төмендігі болып табылады.**

1-сурет. Волонтерлік қызметке қатысу деңгейі бойынша өңірлер картасы.



Волонтерлік қызметтің әртүрлі бағыттары туралы жалпы сұрақтармен қатар, соңғы жыл көлемінде донор ретінде қан тапсыру туралы да сұрақ қарастырылды. Сұрақ қызметтің бұл түрінің Қазақстандағы волонтерлік қатарына жатқызылатындағына байланысты қойылды. Қан донорлығымен айналысатындардың үлесі көп емес және сұралғандардың жалпы санының 14,25%-ын құрайды (2-диаграмманы қараңыз).

2-диаграмма. «Сіз соңғы 12 ай ішінде донорлық аясында қан тапсырдыңыз ба?», (адам.) *



* сұралғандардың 19-ы бұл сұраққа жауап бермеді.

Нақты бөліністе сіз мынаны көре аласыз.

Біріншіден, қала мен ауыл арасында айқын айырмашылықтар бар; қала тұрғындары донорлыққа жиірек қатысады.

Бұл айырмашылықтардың себебі қарапайым болуы мүмкін: қалада тиісті инфрақұрылым бар (ол ауылдық жерлерде болмауы мүмкін).

Екіншіден, ел өңірлері арасындағы айырмашылықтар. Мәселен, Алматы және Нұр-Сұлтан қалалары, сондай-ақ Ақмола, Маңғыстау және Батыс Қазақстан облыстары күтілген жауаптардан анағұрлым жоғары көрсеткіштерді беріп отыр (кездейсоқ үйлестіру бойынша³).

Шымкенттің көрсеткіштері күтілгеннен сәл жоғары. Басқа аймақтардағы көрсеткіштер күтілгеннен төмен.

- Қазіргі қайырымдылық жүйесі ел дамуының қажеттіліктеріне толықтай сәйкес келмейді, дегенмен бірқатар жағымды жақтарды көрсетеді. Бұған қоса, дамудың ең әлсіз жақтарын қамтитын жағымсыз тұстары да бар:
- теңгерімсіздік және қайырылымдылық туралы дербестендірілген түсініктің үстемдігі;
- қайырымдылықтың салыстырмалы түрде төмен деңгейі (медианалық көрсеткіш - дәлірек айтқанда - 3000 теңгені құрады);
- волонтерлік белсенділіктің салыстырмалы түрде төмен деңгейі және т.б.

Егер ақшалай қайырымдылықты өлшеу шарасы деп қарастырап болсақ, ол нәтижелер⁴, Қазақстандағы донорлық белсенділіктің жоғары деңгейін көрсетеді. Қайырымдылыққа барған адамдардың саны бойынша да, қайырымдылықтың орташа көлемі бойынша да жоғары көрсеткіштерді атап өтуге болады.

Сонымен, респонденттердің 43,1%-ы соңғы бір жыл көлемінде, ал 35,25%-ы соңғы бір ай ішінде ақшалай қайырымдылық жасаған. Жасалған қайырымдылықтың орташа көлемі айтарлықтай көп: бір жылдағы сома 15 930 теңгені құраса, соңғы бір айдағы сома 30 515 теңгеден асады.

Осыған қарамастан, орташа тенденцияның балама өлшемі - медианасы - басқа нәтижені көрсетті: үш мың теңгеге дейін. Елеулі айырмашылық жүз мың немесе одан да жоғары көлемдегі қайырымдылық жасағаны туралы мәлімдеген адамдардың көп тобы есебінен пайда болды.

³ Анықтама: үйлестіру сипаттамалары туралы ақпаратқа ие бола отырып, кездейсоқ үйлестіру деп аталатын шаманы келтіруге болады. Талдау барысында кездейсоқтықтан ауытқу дәрежесін дәл анықтау керек. Бұл тұста абсолютті мәндер маңызды емес: ең ірі елді мекенде біз қан беру донорларын, соның ішінде күтілетін үйлестіруден ауытқу деңгейін көбірек күтуге құқылы екеніміз анық. «Қазақстан Республикасы жағдайындағы қайырымдылық және донорлық жүйесі» әлеуметтік зерттеуі. «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы. 2019.

⁴ «Қазақстан Республикасы жағдайындағы қайырымдылық және донорлық жүйесі» әлеуметтік зерттеуі. «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы. 2019.

Бұлар, соңғы ай немесе жыл көлемінде қайырымдылық көрсеткендердің арасында сәйкесінше 99 және 45 екені анықталды.

Нәтижелердің ерешелігі⁵ жүз мың немесе одан да жоғары көлемдегі қайырымдылық жасаушылардың географиялық орналасуында - олардың басым бөлігін Алматы облысының тұрғындары құрайды.

Осыған байланысты, қайырымдылық туралы дербестендірілген түсініктің институционалдық түсініктен айқын үстемдігін байқауға болады. Яғни қазақстандықтар мұқтаж адамдарға ақшалай, азық-түлікпен, нақты заттармен көмектесуге дайын екенін білдіреді, бірақ тұрмысы төмендермен күресуге бағытталған әлеуметтік бағдарламаларға (мысалы, білім беру немесе денсаулық сақтау саласында) қатысуға қатты ынта білдірмейді.

Тұжырым: әзірге дербестендірілген және институционалды қайырымдылық арасында мінсіз тепе-теңдік жоқ, алдыңғысының пайдасына айқын үстемдік байқалады.

Сонымен қатар, сауалнаманың нәтижелері⁶ тұрғындардың қайырымдылыққа байланысты мүмкіндігінше еркіндікті қалайтындықтарын көрсетті. Жауаптардағы негізгі ой – әркім (мейлі ол адам немесе ұйым болсын) өз қаражатын қайырымдылыққа жұмсай ма, жоқ па, жұмсаса, қанша жұмсауы қажет, қайырымдылық саласындағы қызметі туралы жария ете ме, жоқ па – оны өзі шешуі тиіс.

Әлеуметтік жауапкершілікті қарастыру барысында сауалнама нәтижелері әлеуметтік жауапкершіліктің жеке, дербес практикаларының корпоративтік практикадан айқын басым екендігін көрсетті. Осылайша, алынған нәтижелер қайырымдылық пен донорлықтың дербестендірілген түсінігіне сәйкес келеді. Корпоративтік практикалардың ішінде кеңестік мұраның бір бөлігі саналатын практикалар (мысалы, сенбілік) танымалдылықпен қолданылады.

Волонтерліктің толық көрінісін алу үшін Қазақстанның Ұлттық волонтерлер желісінің United Nations Volunteer-мен бірлесіп жүргізген зерттеуі де қарастырылды⁷, оның шеңберінде Қазақстанның 14 облысы мен 3 республикалық маңызы бар қалаларындағы волонтерлік қозғалыстың ерекшеліктері, трендтері мен тенденцияларына талдау жасалды.

Сауалнама, алдыңғы зерттеу көрсеткендей, адамдардың волонтерлікті көбінесе бір реттік үлгілік акцияларды: сенбіліктер, флеш-мобтар, спорттық іс-шаралар және басқа да мәдени шараларды жүзеге асыру деп түсінетіндіктері анықтады. Волонтерлер қатарына балалар үйіне, жалғызбасты ардагерлерге, қарттар үйіне, медициналық мекемелерге, өмірлік қиын жағдайға тап болған отбасыларға, соның ішінде табиғи

⁵ «Қазақстан Республикасы жағдайындағы қайырымдылық және донорлық жүйесі» әлеуметтік зерттеуі. «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы. 2019.

⁶ «Қазақстан Республикасы жағдайындағы қайырымдылық және донорлық жүйесі» әлеуметтік зерттеуі. «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы. 2019.

⁷ Қазақстан Ұлттық волонтерлер желісінің United Nations Volunteer-мен бірлескен әлеуметтік зерттеуі.

және техногендік сипаттағы апаттардан зардап шеккендерге де ара-арасында көмек көрсететіндерді жатқызады. Бұған қоса, үйсіз жануарларға қамқорлық жасауды, сонымен қатар этношараларға, мысалы ұлттық мерекелерге қатысуды да жатқызады.

Қазақстандағы волонтерлік қызмет туралы ашық деректерді қарастыру барысында төмендегілер анықталды.

Қазақстандық 25 волонтерлік қозғалыс жұмысының нәтижесіне сәйкес 2020 жылдың басында елімізде 50 мыңнан астам адамды біріктіретін 200-ден астам волонтерлік ұйымның (кейбір мәліметтер бойынша 250) бары анықталды.

1.2. Волонтерлік қызметтің кемшіліктері

Жүргізілген зерттеулер Қазақстанда орын алған мынадай **кемшіліктерді** анықтады:

1. бастамашыл топтар мен мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелер арасындағы жүйелік тәсілді ұйымдастыру бөлігінде ынтымақтастық қиындаған, волонтерлік құбылысының түсініксіздігі мен оны түсінбеу;
2. тәжірибенің жоқтығы және тиімді волонтерлік жүйелі болуын және мәселені тереңнен зерделеуді талап ететінін түсінбеу;
3. «жоғарыдан» ұйымдастырылған волонтерлік жобалар көзбояушылық үшін немесе «жастарды тәрбиелеу мақсатында», не әкімдіктер мен жоғары оқу орындары арқылы ұйымдастырылған қоғамдық іс-шараларды өткізу барысында «олқылықты толтыру» үшін жасалады;
4. жоғарыдан бұйрық етілген және дайын үлгі бойынша жүзеге асырылатын волонтерлік қайырымдылық көмек алушылар үшін төмен әлеуметтік нәтиже береді;
5. волонтер ретінде тартылғандар үшін білім алудың немесе қатысушылардың өзіндерін қалыптастыру мүмкіндіктерінің жоқтығы бір реттік жобаларға және тұрақты қатысушы- волонтерлер санының төмендеуіне әкеледі;
6. волонтерлік мемлекеттік мекемелердің көмегінсіз нақты әлеуметтік мәселелерді шешуші элемент ретінде қарастырылмайды;
7. волонтерлік «жас ұрпақты мейірімділік пен қайырымдылыққа тәрбиелеудің» қоғамдағы элементі ретінде қабылданады және сәйкесінше адамдар өздерін волонтермін деп есептемейді;
8. «жоғарыдан» ұйымдастырылған волонтерлік жобалар қоғам тарапынан да, мемлекеттік мекемелер немесе серіктес бола алатын бизнес тарапынан да қолдау таппайды;
9. Әлеуметтік-әлжуаз тұлғаларға ақысыз ұсынылатын тұрақты бизнес-қызметтер кең таралмаған;
10. әкімдік, әкімдіктерге қарасты жастар ұйымдары немесе басқа да мемлекеттік мекемелер арқылы жүзеге асырылған волонтерлердің қызметі көп жағдайда ерікті-мәжбүрлі сипатқа ие;

11. волонтерлер қалалық немесе облыстық маңызы бар іс-шаралардың «толықтырушы» ролін атқарады;
12. волонтерлік ұйымдардың жобаларды құруда сапалы білім, яғни серіктестік немесе өзара тиімді қатынастарды орнату, қызметке қаражат тарту сияқты түсінік жетіспейді;
13. «игі істер дүрбелеңсіз жасалуы керек» қағидаты волонтер болғысы келетіндердің жобаларға сенімсіздікпен және түсінбеушілікпен қарауына ықпал етеді;
14. волонтерлік қызметті қолдау ресурстарының жетіспеуі немесе тапшылығы. Мемлекет тарапынан қолдау барысында қаржылай көмекпен қатар, әкімшілік ресурстармен қамтамасыз етуді де қарастыру керек;
15. қоғамды әлеуметтік маңызды волонтерлерлік жобаларға немесе қызметтерге қатыстыру кезіндегі ресурстардың жетіспеушілігі;
16. волонтерлікпен тек қолы бостар немесе жеңіл олжа тапқысы немесе пиар жасағысы келетін адамдар айналысады деген жағымсыз ойлар немесе пікірлерге байланысты қоғамның және мемлекеттік мекемелердің волонтерлікті теріс қабылдауы немесе оған жағымсыз қарауы;
17. жасалатын волонтерлік қызмет туралы ақпараттың жоқтығы немесе ашық еместігі;
18. дамуды қолдау орталықтарымен қатар, волонтерліктің түрлі формаларының қызығушылықтарына сәйкес келетін кез-келген адам үшін қолжетімді оқыту бағдарламалары мен әдістемелерінің жоқтығы;
19. «волонтерлік» термині түсінігінің қоғамның әртүрлі топтары арасында көмескі түсінігі;
20. волонтерлік шаралардың басым бөлігіне студенттер мен мектеп оқушылары қатарынан шыққан жастардың қатысуы 25 жастан кіші адамдар ғана волонтер бола алады немесе болғысы келеді дейтін стереотипті қалыптастырады және қолдайды;
21. қазақстандық қоғам үшін қоғамдық бастамалар мен қатысу, жергілікті және мемлекеттік деңгейдегі мәселелерді шешуге атсалысу деңгейінің төмендігі тән;
22. «волонтерлік» және «волонтерлік қызмет» тақырыптары қоғамда эпизодтық сипатқа ие және ерекше сипаттағы оқиғалар барысында (ірі спорттық іс-шаралар, төтенше жағдайлар және т.б.) ғана пайда болады.

1.3. Волонтерлік қызметтің артықшылықтары

Волонтерлік көмектің пайдалы практикасы бар және оған келесілер дәлел⁸:

1) Арыстағы қайғылы оқиға барысында қираған қалаға аулаларда қамалып қалған үй жануарларын тамақтандыру үшін алғашқы болып волонтерлер келді. Ал бірнеше күннен кейін, жергілікті тұрғындарға қол ұшын беру үшін Қазақстанның барлық жерінен 35 мыңға жуық волонтер жиналды.

Волонтерлердің көпшілігі гуманитарлық көмекті сұрыптау және үйлестірумен айналысты, алайды олардың ішінде эвакуацияланған тұрғындарға психологиялық және құқықтық көмек көрсеткендер де болды.

2) Түркістанда «Ask me – i am local» («Менен сұра – мен осы жерде тұрамын») жобасы жүзеге асырылуда, ол бойынша волонтерлер келушілер мен туристтерге гид-нұсқаушылар қызметін көрсетеді;

Студенттер ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің «Әлеуметтік студенттік несиесі» жобасы шеңберінде туристтерге көмек көрсетіп, 20 сағат жұмыс ішінде 20 мың теңге несиесін жабу жабу мүмкіндігін алады.

3) Түркістан облысының Төле би және Созақ облыстарында шетелдік волонтерлер де жұмыс істейді.

АҚШ-тан келген еріктілер екі ай көлемінде Тасарық және Таукент ауылдарындағы балаларға ағылшын тілінен сабақ берді.

4) 2020 жылғы қаңтардың соңында елордада қарды тазалау бойынша әлеуметтік желілерде «Біз біргеміз» науқанын ұсынған жас белсенділер жергілікті тұрғындарды күректерін алып, қар басқан аулаларды тазалауға шақырды. Науқанға қала тұрғындарымен қатар, елдің көптеген басқа өңірлері де қолдау көрсетті: Қостанайда Жастар ресурстық орталығының волонтерлері жеке үйлерде тұратын қарттардың аулаларын жөндеуден өткізді, Петропавлдағы жедел реакция отрядының жауынгерлері жалғызбасты зейнеткерлерге көмек көрсетті, Қарағандыда Мемлекеттік индустриалды университет студенттері жаяу жүргіншілер үшін жолдарды қардан тазалады, ақмолалық полицейлер есту және сөйлеу қабілеті бұзылған балаларға арналған мектеп-интернаттың аумағын тазалады;

5) «Ізгілік елшісі» волонтерлік қозғалысы – Талдықорған, Ақтөбе, Қостанай, Көкшетау, Павлодар өңірлері мен басқа қалалардағы жаңа жылдық мерекелерге қолдау көрсетті және адамдар жаңа жылдық корпоративті кештердің орнына аз қамтылған отбасылардан шыққан ба-

⁸ Волонтерлік ұйымдардың жұмысы туралы ақпаратты жариялау кезіндегі көпшілікке қолжетімді болған мысалдар ғана келтірілген.

лаларға ертеңгіліктер өткізді, арасында ауруханаларға кітаптар алып келді;

6) 2020 жылы ұлттық жеті жобаның аясында волонтерлік қозғалыстарды қолдау орталықтары құрылды.

Ауыл мектептерінің жоғары сынып оқушыларына ҰБТ-ға дайындық, ағылшын тілі мен компьютерлік сауаттылық бойынша волонтерлік көмек; «Cabaqtastyq» жобасының аясында студенттер балалар үйінің тәрбиеленушілеріне қамқорлық жасайды; «Saýlyq» жобасы денсаулыққа қатысты салаларды қозғайды; «Taza álem» қоршаған ортаны қорғауға бағытталған болса, «Asyl tura» материалдық, рухани, мәдени, тарихи мұраны сақтауда волонтерлерді жұмылдыруға бағытталған; «Qatqor» жобасы бойынша қарттар үйінде жұмыс істеу көзделген; «Ýmit» із-түссіз жоғалған адамдарды іздеуде волонтерлерді тартуға бағытталған.

7) коронавирус инфекциясының алдын-алу шаралары бойынша дайындықтан өткен, оқытылған волонтерлер Алматы қаласының емханаларында жұмыс істейді⁹;

Олар емханалардағы қызметкерлерге көмектеседі. Дәрі-дәрмектерді емханалар арқылы қазір шыға алмайтын адамдарға жеткізеп отырады.

8) Қазақстанда волонтерлер мен ұйымдар тіркеле алатын волонтердің «QAZVOLUNTEER.KZ» бірыңғай ақпараттық алаңы жұмыс істейді.

Алаң волонтерлік жобаларды дамытуға және волонтерлерді тартуға үлес қосады.

9) елордадағы ЭКСПО-орталығының базасында бүкіл ел бойынша волонтерлік жобаларды үйлестіру мен бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін волонтерлерлердің «Birgemiz» республикалық алдыңғы кеңесі ашылды;

Туындаған мәселелер бойынша кез-келген тегін ақпарат алуға болатын бірыңғай номерлі call-орталықтың жұмысы ұйымдастырылды.

10) волонтерлерді қолдау бойынша 17 өңірлік орталықтардың және 85 өңірлік үйлестірушілердің жұмысы ұйымдатырылды;

Аталған желінің қызметінде бір орталықтан ортақ тәсіл мен бір орталықтан өңдеу қамтамасыз етіледі, басқарудың бірыңғай торы мен орталық және жергілікті атқарушы органдармен өзара іс-қимыл моделі қабылданды.

⁹ Волонтеры Красного Полумесяца доставляют медикаменты пенсионерам. <https://www.ktk.kz/ru/news/video/2020/04/02/143906/>

11) елдегі волонтерліктің дамуы 7 негізгі бағыт бойынша өтеді: 1) «Bilim» - білім беру бағыты; 2) «Qamqor» - қиын жағдайға тап болған адамдарға қол ұшын беру, қария адамдарға, әлеуметтік күтім беру мекемелеріндегі адамдарға, ерекше қажеттіліктері бар адамдарға көмек беру бойынша бағыт; 3) «Sabaqtastyq» - абақтастық; 4) «Saýlyq» - медициналық бағыт; 5) «Таза Алем» - экологиялық бағыт; 6) «Asyl mura» - рухани-мәдени және тарихи құндылықтарды сақтау бойынша бағыт; 7) «Úmit» - техногенді апаттарды жою бойынша бағыт, ТЖ;

12) 2019 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігімен бірлескен күндізгі оқу формасында оқитын волонтер студенттерді қолдауға бағытталған «Әлеуметтік студенттік несиесі» жобасы басталды.

Жоба аяында студент- волонтерлерге несиелер беріледі.

13) Қазақстанда волонтерлік мына ролдерді атқарады: жас ұрпақты тәрбиелеу құралы; жастар үшін әлеуметтік лифт; әлеуметтік мәселелерді шешудегі азаматтық жауапкершіліктің актісі, өзін-өзі жасаудың және қоғам өмірінің алуан түрлілігінің жолы;

14) Алматыда әлеуметтік, спорттық, экологиялық, құқықтық, корпоративтік волонтерлік бойынша білім беруді жүзеге асыратын мектептерді ашу жоспарланып отыр.

Бірінші тарау бойынша тұжырымдар. Респонденттер қатарына корпоративтік сектор өкілдері енген жоқ, бірақ жауаптардың нәтижесі олардың аталған сектор шеңберінде қайырымдылық туралы аз білетіндіктерін көрсетті.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігіне келесілерді ұсыну:

Ұйымдастырушылық ұсынымдар:

1) өткізіліп жатқан қайырымдылық акциялары туралы ақпараттандыру мақсатында халықпен ақпараттық - түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

2) Халықаралық волонтерлер күнін, қазақстандық кәсіби мереке - Қазақстан Республикасының волонтерлер күні ретінде 5 желтоқсанда атап өту;

3) волонтер болғысы келетін азаматтар үшін электронды нұсқаулық әзірлеу;

4) оқу орнына түсу кезінде қажетті деңгейді ұсына отырып, волонтерлердің жұмыс уақытын есептеуді (волонтерлердің жеке кітабы) енгізу.

Волонтердің жұмыс тәжірибесі, марапаттары мен ынталандыру сыйлықтары жазылатын РФ-ғы волонтердің төл құжаты тәрізді немесе сол жазбаларды еңбек кітапшаларына енгізу.

5) АҚШ пен Батыстағы діни ұйымдардың үлгісіне сүйене отырып, зайырлы волонтерлердің күшін жоймайтын, кез-келген көмек түрлерін

көрсету бойынша түрлі қызметті жүзеге асыратын құрылымдардан тұратын діни волонтерліктің форматтарын қарастыру. Мысалы, ислам мемлекеттеріндегі мешіттердің тәжірибесіндегідей, Қазақстан мешіттерінде де қайғырып келгендерге тамақтану немесе түнеу мүмкіндіктерін енгізу;

6) волонтер-заңгерлер заңды тетіктерді пайдалана отырып, қаладағы тәртіпті қалпына келтіруге көмектесе алатын тәжірибені енгізуді қарастыру;

Қазан қаласының тәжірибесі бойынша волонтерлер қалалық коммуналдық қызметтерді қарды уақытылы тазалауға, жолдарды асфальттауға мәжбүрлеп, қалалық ортаны жетілдіруге, кәсіби дағдыларды практикада қолдануға ықпал етті.

7) ынтымақтастықты қарастырған кезде екіжақты келісілген ынтымақтастықтың сақталуына мән беру, яғни қажет болған жағдайда арнайы киіммен және басқа да жабдықтармен қамтамасыз ету, қабылдаушы тараптың тамақ пен көлік мәселелерін шешу, аталғандарды волонтерлердің ақысыз көмегі «топтамасында» қарасылмау;

Мәселен, Қытайдың шағын аудан деңгейіндегі қалаларында сол аумақтағы шағын бизнестің (дүкендер, тігін шеберханалары, шеберханалар, шаштараздар, кафелер) ресурстары арқылы қаржыландырылатын жергілікті байланыс орталықтары іске қосылған.

8) Қазақстанда қазіргі уақытта көмекке және қоғамға бейімделуге мұқтаж адамдармен жұмыс жасау бойынша практикалық тәжірибе зерттеуін жүргізу және оның түрлері мен элементтерін бүкіл ел ішінде тарату мақсатында волонтерлік ұйымдармен байланыстыру.

Технологялық (немесе әдістемелік) ұсынымдар:

1) қайырымдылықты институционалды түсінуге ықпал ететін шараларды қабылдау;

Бұндай шаралардың кешенді және «таза» филантропия шеңберінен тыс екендігіне назар аудару керек. Мысалы, жоғары білім беру саласындағы қайырымдылық жоғары әлеуметтік мобильділіктің негізгі лифті ретінде қоғам санасына енбейінше, ол (білім) таралған құбылыс болып саналмайды.

2) Қазақстанда волонтерлік дәстүрлерді дамыту;

3) корпоративті қайырымдылық саласында әлеуметтік зерттеулермен қатар, компаниялардың қайырымдылық туралы ашық мәліметтерді талдауға негізделген «кабинеттік зерттеулерін» де қамтитын зерттеулер жүргізу (басқа міндеттер қойылғандықтан осы зерттеу аясында жүргізу мүмкін емес).

Донорлық пен меценанттыққа қатысты нұсқауларды да, осы саладағы дағдының стратегиясын да дәл осы анықтауы қажет.

4) волонтерлік белсенділіктің деңгейі республика бойынша біркелкі еместігін атап өткен жөн. Ол Солтүстік облыстарда оңтүстік пен батысқа қарағанда айтарлықтай төмен. Бұл ерекшелік неғұрлым егжей-тегжейлі зерттеуді қажет етеді (әрине, тепе-теңсіздік себептерін анықтау қажет болса);

5) волонтерлер қозғалысы туралы түсінікті БАҚ-та және басқа да ақпарат көздерінде әлеуметтік жауапкершіліктің элементі және дамыған азаматтық қоғамның көрінісі ретінде тарату қажет;

6) донорлық, қайырымдылық және «про-әлеуметтік» мінез-құлық саласындағы қазақстандық қоғамның фрагменттелуін зерттеу;

7) «қайырымдылық салығы» қабылданбаған жағдайда (қайырымдылықтың заңмен белгіленген міндетті мөлшері) қайырымдылық акцияларын БАҚ-та (немесе әлеуметтік желілерде) жарияланудың міндетті саясатының болуы шарт емес; адамдар қайырымдылыққа қатысты барлық мәліметтерді жетік бейімделе бермейді;

8) волонтерлік жастар саясатында қалыптаспауы керек, ол «Рухани жаңғыру» жобасы арқылы бүкіл қоғамды қамтитын кеңейтілген форматқа ие болуы керек;

Мейірімді жүрек пен қайырымды істер - кез-келген қоғам үшін үйреншікті нәрсе болуы керек және Қазақстан тарихында дәл осы қасиеттердің тек қазақтарды ғана емес, түрлі жылдары әртүрлі жағдайларға байланысты Далада қалғандарды да құтқарғанын көрсететін көптеген мысалдар кездеседі.

9) әлеуметтік желілер мен месенджерлерде тараған түрлі жорамалдардың салдарынан қоғамдық сенім деңгейін төмендетпей, керісінше көтеру үшін қоғамды волонтерлік жобаларға жұмсалатын қаржыландыру көлемі және олардың қалай жүзеге асатындығы туралы ақпаратқа қолжетімділікпен қамтамасыз ету;

10) волонтерлердің тек өз уақыттары мен күштерін жұмсап, оның орнына ештеңе алмайтындары туралы түсінікті кеңейту. Шын мәнінде, волонтерлер жаңа дағдылар мен икемділік, тәжірибе, өзін-өзі дамытуға жетелейтін нақты оқиғалар, қарым-қатынас тәжірибесін, көкжиегін кеңейтуге, сонымен қатар ішкі жан дүниесін қанағаттандыруға мүмкіндік алады;

11) волонтерлікті қоғамды әлеуметтендіру арқылы қарастыру;

Адамдардың көпшілігі өздері ерікті түрде, риясыз және тегін жасайтын ортақ істерді жүзеге асыру арқылы қоғамға бейімделеді.

Бұл тұста балалар үйлері мен қаттар үйлері және т.б. серіктестік форматтарын (осыған ұқсас практикалар кездесетін Шығыс Қазақстан облысындағы тәжірибе бойынша) қарастыруға болады.

Құқықтық ұсынымдар (волонтерлік қозғалысты дамытуға бағытталған ҚР заңнамасына өзгертулер енгізу бойынша осы аналитикалық есептің 77-107 беттері ұсынылды):

Волонтерлікті дамыту мүмкіндіктерін келесі бағыттарда қарастыру – әлеуметтік волонтерлік, спорттық волонтерлік, мәдени волонтерлік, экологиялық волонтерлік, донорлық, шаралық волонтерлік/ивент-волонтерлік, корпоративті волонтерлік, әлеуметтік қауіпсіздік волонтерлері, медиа-волонтерлік, медициналық волонтерлік.

Аталған түсінік беруде әр бағыттың ерекшелігін ескеру ұсынылады:

- 1) әлеуметтік волонтерлік – жалғызбасты ардагерлерге көмек, балаларға көмек, әлеуметтік қорғалмаған категорияға жататын адамдар санатымен жұмыс;*
- 2) спорттық волонтерлік – түрлі спорттық, әлемдік деңгейдегі іс-шараларды өткізуге көмектесу;*
- 3) мәдени волонтерлік - музейлерге, кітапханаларға, парктерге көмек;*
- 4) экологиялық волонтерлік – ағартушылық жұмыс, акциялар, табиғат пен табиғи әртүрлілікті сақтау бойынша жобалар;*
- 5) донорлық – қан тапсырғысы келетіндерді, тек адам ретінде ғана емес, сонымен қатар донорлық бойынша ағартушылықпен айналысатын сауатты адамдар ретінде пайдалану;*
- 6) шаралық волонтерлік/ивент-волонтерлік – ірі шараларға – фестивальдарға, форумдарға, қандай да бір қалалық жобаларға, мысалы Қала күні және т.б. қатысу.*
- 7) корпоративті волонтерлік - жұмыстан тыс уақытта өз қызметкерлерін тарту арқылы волонтерлік қызметке қатысуға дайын компаниялармен байланысты;*
- 8) қоғамдық қауіпсіздік волонтерлері - табиғи апаттардан кейінгі апаттық жағдайларды жоюды қамтамасыз етушілер;*
- 9) медиа-волонтерлік – тікелей қамқорлыққа алынбағандарға емес, волонтерлік қызметті ұйымдатырушыларға - волонтерлік орталықтарға, қайырымдылық қорларға, ерікті волонтерлік қозғалыстарға көмектесетін фотографтар, журналисттер, әлеуметтік желілердегі танымал адамдар, дизайнерлер.*
- 10) медициналық волонтерлік – ауруханада/үйде ем алушы ауыр науқас адамдарға көмек көрсету.*

2 ТАРАУ. ВОЛОНТЕРЛІК ҚЫЗМЕТ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕНІ ТАЛДАУ

2.1. Волонтерлік қызметтің нормативтік-құқықтық негіздері

Шетелде волонтерлік қызмет заңмен реттеледі. Алғашқы құқықтық аспектілер, алдымен, жекелеген мемлекеттерде, кейіннен халықаралық деңгейде пайда болды. Біз солардың ішінде ең маңыздыларын қарастырайық.

1. 1948 жылы қабылданған «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы» адамның құқығы мен оның қоғам алдындағы жауапкершілігін, сонымен қатар, «кез-келген адамның бейбіт жиындарға еркін қосыла алу құқығын» бекітті.

2. 1990 жылы Халықаралық еріктілер күші ассоциациясының XII дүниежүзілік конференциясында «Волонтерлер декларациясы» қабылданды.

3. 2001 жылы Халықаралық еріктілер күші ассоциациясының XVI дүниежүзілік конференциясында «Жалпыға ортақ Еріктілер Декларациясы» қабылданды.

4. БҰҰ Бас ассамблеясының 55/57 қарары (2002 ж.).

5. БҰҰ Бас Ассамблеясының 56/38 қарары, мемлекеттерге: волонтерлік бойынша бюджеттік заңнамалық және басқа да шектерді жасау; азаматтарды волонтерлікке ынталандыратын немесе жігерлендіретін тиісті заң жобаларын енгізу; ұйымдарға салықтық жеңілдіктер мен субсидиялар ұсыну; сәйкес қоғамның ішкі жағдайын ескере отырып сақтандыруды қамтамасыз ету және тәуекелдерден қорғауды ұсынды¹⁰.

Басқа халықаралық актілер елдерді¹¹:

өз заңдары мен практикаларындағы адамдардың волонтерлік қызметке қатысуына тікелей және жанама ықпал ететін кел-келген кедергілерді табуға және жоюға;

адамдарды волонтерлік қызметі үшін жазалайтын **салық салу қысымын азайтуға;**

жұмысшы-еріктілердің **құқықтық мәртебесін және тиісті әлеуметтік қорғалуын** қамтамасыз етуге;

олардың тәуелсіздігін құрметтеуге және волонтерліктің қаржылық кедергілерін жоюға шақырды (2-суретті қараңыз).

¹⁰ Кэтрин Шей. Законодательство касательно волонтеров и волонтерства в Восточной Европе и Евразии // <http://uz.denemetr.com/docs/694/index-15264-1.html>

¹¹ Raymond Stephens. "Latvian Volunteerism: In Search of a Favorable Environment" SEAL, 2001.

2-сурет. Волонтерлік туралы негізгі халықаралық бағдарламалар мен үдерістердің ортақ белгілері. Дереккөз: БҰҰ есебі, 2018.



Волонтерлік құқық алаңын жетілдіруге бағытталған бірқатар бастамалар мемлекеттердің келесі мақсаттар шеңберінде заңдар қабылдау үрдістерін көрсетеді:

- «волонтердің» кім екенін құқықтық анықтау;
- волонтерлік қозғалыстың құқықтық мәртебесін жақсарту;
- волонтерлерді тарту және жұмылдыру кезіндегі кедергілерді жою (мәселен, волонтерлердің қызмет көрсету процесі барысында жұмсаған тиісті шығындары үшін өтемақыларға салық салу ¹²;
- волонтерлердің құқықтары мен міндеттерін заңнамалық рәсімдеу;
- волонтерлердің ерекше ролін мойындау және т.б. ¹³

Аталған үрдістер ішінде волонтерлер қызметін қолдауға мүмкіндік беретін әлемдік және аймақтық трендтер бар. Волонтерлік бойынша алдыңғы қатарлы халықаралық практикалар (АҚШ, Батыс Еуропа елдері) мыналарды көрсетеді:

- **волонтерлік қалыптасқан тарихи маңызды дәстүр болып табылады (алғашқы волонтерлік қозғалыстар XVIII-XIX ғғ. бастау алады);**
- көптеген елдерде волонтерлікті заңнамалық реттеу жүзеге асырылған (мәселен, Германияда волонтерлік қызметке қатысты негізгі ережелер азаматтық кодекста, аймақтық заңдарда **көрсетілген, бірақ жеке заң жоқ**).

Тұжырымдар: халықаралық құжаттар келесі тармақтардан тұрады:

- волонтерлердің құқықтарын шектемейтін заңнамалық базаны құру;
- волонтерлерді жігерлендіретін және ынталандыратын жағдайлар жасау;
- волонтерге құқықтық мәртебе беру және оларды қорғау;
- волонтерлерді қабылдаушы ұйымдар үшін салықтық жеңілдіктер мен субсидиялар қарастыру.

¹² Кетрин Шей. Законодательство касательно волонтеров и волонтерства в Восточной Европе и Евразии // <http://uz.denemetr.com/docs/694/index-15264-1.html>

¹³ Рекомендация Совета Европы No. R (94) Комитету Министров стран-участниц о поддержке добровольного предоставления услуг. 1994.


Шығыс Еуропа мен Еуразия елдерінде, оның ішінде Қазақстанда соңғы 20 жылда волонтерліктің дамуына ықпал ететін ерекше құқықтық алаң құрылды. БҰҰ сарапшылары жекелеген елдердегі волонтерлік туралы заңнаманың төмендегілерді қамту керектігін алға тартады:

- волонтерлік қызметті жеңілдету, бірақ оны регламенттемеу;
- қатал реттеулерді жүзеге асырмау, себебі бұл тосын инициативаларды жойып, **волонтерліктің рухын түсіруі мүмкін;**
- волонтерліктің кейбір түрлерін реттеуді оның басқа да түрлеріне, мысалы, формалды емес волонтерлік бастамаларына зиян тигізбей жүзеге асыру¹⁴.

Қазіргі таңда әр елде олардың әлеуметтік, мәдени және экономикалық жағдайларына байланысты волонтерлердің қызметін реттеудің түрлі моделдері енгізілген.

2018 жылдың ресми деректерінде әлемнің, кем дегенде, 72 мемлекеті волонтерлікке қатысы бар заңдар мен басқа да шараларды қабылдағаны мәлім болды (**3-суретті қараңыз**).

3-сурет. Волонтерлік туралы заңдардың жаһандық таралуы. Дереккөз: БҰҰЕ есебі, 2018



Волонтерлік Батыс Еуропаның бірқатар елдерінде волонтерлік туралы тікелей заңдармен емес, заңнамалар қатарымен (салық, еңбек кодекстері) реттеледі, ал Шығыс Еуропа мен Еуразия, ТМД елдерінде «Волонтерлік туралы» жеке заңдар қабылданған.

¹⁴ Певная М. *Волонтерство как социальный феномен: управленческий подход. // Дисс. на соиск. уч. степени д.с.н. – Екатеринбург. 2016.*

Аталған ұстаным тұрғысынан сарапшылармен бірқатар терең сұхбаттар жүргізіліп, олардың нәтижелері волонтерлікті батыс елдерінің моделіне сәйкес тікелей емес заңдар арқылы реттеу тиімдірек екені анықталды.

Осы пайымдаудың анықталған артықшылықтарын қарастырайық.

1. АҚШ-та волонтерлер **әлеуметтік және медициналық сақтандырудың толық топтамасымен, көлікпен, тұратын жермен** қамтамасыз етіліп, сонымен қатар оларға **азық-түлік шығындарын жабатын шәкіртақылар, балаға арналған жәрдемақы** төленеді.

2. **Жеңілдіктер**, бірінші кезекте, **мемлекеттен қолдау табатын ұйымдар** арқылы ұсынылады.

3. Батыс елдерінде **волонтердің жәрдемақысына салық салынбайды**. Соған қарамастан, шешімін таппаған қосарланған салық салу мәселесі де бар: волонтер де, коммерциялық емес тарап та (жалданушы қызметкер және жұмыс беруші ретінде) салық төлеуге міндетті, коммерциялық емес тарап волонтерлердің шығындарын көтереді және қос шығынға ұшырайды¹⁵.

4. Волонтерлік туралы заңнама келесі қатысы бар заңдармен үйлестірілуі керек: 1) салық жүйесі; 2) корпоративті-әлеуметтік жауапкершілік; 3) бейбіт жиын; 4) еңбек кодексі және т.б.¹⁶

2.2. АҚШ тәжірибесі

АҚШ-та волонтерлік әлеуметтік және саяси дамудың құралы ретінде қарастырылып, «америкалық қызмет» деп аталады. АҚШ-тағы волонтерліктің қалыптасуы мен дамуын үш сатыға бөлуге болады.

Бірінші сатыда азаматтық қоғамдық ұйымдар өздігінен қалыптаса бастайды.

АҚШ-та волонтерлік алғаш рет XIX ғасырда құлдыққа қарсы әлеуметтік қозғалысты жандандыру феномені ретінде пайда болды:

– 1887 жылы Денвер қаласында мұқтаж азаматтарға қызмет көрсетуді үйлестіретін «United Way of America» қайырымдылық ұйымы құрылды.

XX ғасырдың басында азаматтардың бастамасымен инициативалық топтарға ұқсас дәстүрлі азаматтық-волонтерлік ұйымдар – «The Lions Club», «Rotary Club», «Kiwanis» құрыла бастады.

Осылайша, азаматтардың бір-біріне ерікті көмек көрсетуі үшін өздігінен ұйымдасуы АҚШ азаматтық қоғамының алғашқы формаларын қалыптастырды.

¹⁵ Айнура Абсеметовамен сұқбат. Сарапшы. Ұлттық волонтерлік желісі. ҚР. Алматы.

¹⁶ Гүлмира Кужужеевамен сұқбат. Қазақстан бойынша бағдарлама жетекшісі және аймақтық құқықтық консультант. Халықаралық Коммерциялық емес Құқық Орталығы. ICNL. Ұйымның web-сайты: www.icnl.org. ҚР. Алматы.

Екінші кезеңді (XX ғ. бірінші жартысы) шартты түрде америкалық волонтерліктің ұлттық қалыптасу кезеңі ретінде белгілеуге болады.

XX ғасырдың 30 жылдарында Президент Рузвельт алғашқы мына жобаларды жасады:

1) «Қоршаған ортаны қорғаудың азаматтық корпусы» волонтерлік ұйымы (Civilian Conservation Corps, CCC, 1933 жылдан 1942 жылға дейін):

- бағдарлама жұмыссыздық деңгейін азайту үшін жасалды;
- бағдарламаны халықтың 90% -ы қолдап, 3 млн-ға жуық адам мүше болды;
- АҚШ-тағы «қызмет етудің» (волонтерлік) алғашқы әскери емес ұлттық бағдарламасы саналады.

2) «Қоршаған ортаны қорғау бойынша төтенше жұмыс туралы заң» (Emergency Conservation Work Act, 1933 ж.):

- заң қалалық жерлердегі жұмыссыз жастарды елдің ормандарында, саябақтарында және жазық далада «қызмет етуге» тартты.

Үшінші кезеңде (XX ғ. екінші жартысынан қазіргі уақытқа дейін) азаматтық қоғамдық ұйымдар мемлекеттің қолдауына ие бола отырып және әлеуметтік салада волонтерлер практикасын пайдалана отырып белсенді түрде дамыды.

XX ғасырдың 60 жылдарында Президент Дж. Кеннеди АҚШ-тағы елден тыс адамдарға ерікті түрде көмек көрсететін алғашқы бағдарлама - «Бейбітшілік корпусын» (Peace Corps) құрды:

- қазіргі таңда әртүрлі жас пен кәсіптегі 210 000 мыңнан астам азамат әлемнің 139 елінде волонтерлік қызмет атқарады;
- корпорацияның жылдық бюджеті орташа есеппен 377 295 млн. долларды құрайды.

1965 жылы Президент Л. Джонсон «Америка қызметіндегі волонтерлер» (VISTA) бағдарламасын құрды:

- студенттерден бастап зейнеткерлерге дейін әртүрлі әлеуметтік топтарға бағытталған VISTA бағдарламасының жүздеген жобалары іске қосылды.

1990 жылы Президент Джордж В. Буш «Ұлттық қоғамдық қызмет комиссиясын» (The Commission on National and Community Service) құрып, ол 3 бағытты:

- мектеп жасындағы балалар мен студенттерге арналған волонтерлік білім беру бағдарламаларын;

- «Жастар корпусын»;

- волонтерлік қызметтің ұлттық модельдерін басқарды.

Жоғарыда баяндалғандарға сүйене отырып, **АҚШ-та волонтерлік қызметтің табысты болуына ықпал ететін мемлекеттік деңгейдегі белгілі бір тетіктердің бар екенін атап өткен жөн:**

- «қоғамдық қызмет» идеологиясы;
- мектеп жасынан зейнеткерлік жасқа дейінгі волонтерлерді даярлау жүйесін құрудың практикалық механизмдері.

1933 жылы Б.Клинтон «**Ұлттық және қоғамдық қызмет корпорациясын**» (CNCS) құрды, ол:

- барлық ұлттық волонтерлер бағдарламаларының кешенін бір ғана орталықтандырылған ұйым - CNCS¹⁷ аясында біріктірді;
- HEY-ға гранттар беру, техникалық қолдау көрсету және қызметкерлерге арналған оқыту бағдарламаларын ұсыну арқылы дамуға мүмкіндік берді;
- аталмыш мемлекеттік корпорацияның делдалдығы арқылы HEY-ға волонтерлерді тартуға жағдай жасады: бұл процеске жыл сайын бүкіл ел бойынша **70 мың ұйымның** қызметіне тартылған **4 млн. астам азамат** қатысады;
- ұйымдарға қолдау көрсету және нақты нәтижелерге қол жеткізу үшін федералды және жеке қорларды біріктірді;

2012 жылдың мәліметтері бойынша волонтерлікке 1 млрд. астам доллар тартылды;

- ел халқының бүгінгі қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында волонтерлер еңбегін пайдаланудың тиімді тәсілдерін әзірлеуге және дамытуға қызмет етеді;
- «**Америка Корпусы**» (**AmeriCorps**) жаңа ұлттық бағдарламасын құруға ықпал етті;
- түрлі бағдарламаларды реттейтін нормативтік-құқықтық базаның барлығын шоғырландырды.

Олардың ішінде: «Foster Grandparents» бағдарламасын біріктіретін «Аға буын корпусы» (Senior Corps), «Retired and Senior Volunteer Program», «Senior Companion programs»; VISTA-ны біріктіретін «Америка Корпусы», «National Civilian Community Corps programs»; және «Америкада оқу және қызмет көрсету» (Serve America).

Президент Джордж В. Буш 2001 жылғы 11 қыркүйекке жауап ретінде волонтерлердің ұлттық күш-жігерін үйлестіру үшін «АҚШ-тың Бостандық корпусын» құрды, ол:

¹⁷ Web-caim AmeriCorps // <https://www.nationalservice.gov/programs/ameri-corps>

1) азаматтарды қорғауға және бақылауға бағытталған волонтерлердің жаңа бағдарламаларын құруды ынталандырды;

2) қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету ұлттық бағдарламаларына бүкіл ел бойынша азаматтарды біріктіріп, оларға келесі бастамалар енді: полиция қызметінің ерікті көмекшілерін, террористер туралы және террористтік қауіптердің алдын алу үшін ақпарат жинау бойынша волонтерлер жасақтау;

3) АҚШ-тың еңбек статистикасы бюросының мәліметтері бойынша 2004 жылы 64,5 млн. астам америкалық азамат волонтерлер ретінде жұмыс істеді;

4) осы бағдарламаны жүзеге асыру үшін мемлекеттен 560 млн. доллардан астам қаражат сұралды.

Осылайша, қазіргі америкалық ұлттық бағдарламалардың қызметін шартты түрде екі бағытқа бөлуге болады:

1) барлық жастағы және кәсіптегі америкалықтарды мемлекеттік қызметке тарту;

2) барлық ұлттық бағдарламаларды орталықтандырылған «AmeriCorps» ұйымының астына біріктіру.

Америка Корпусы (AmeriCorps) Америкадағы формалды волонтерлік қызмет жүзеге асырылатын үш ірі ұлттық бағдарламалар желісі болып табылады (1-кестені қараңыз):

Азаматтық Қоғамның Ұлттық Бағдарламалары (National Civilian Community Corps programs, NCCC);

AmeriCorps State & National;

AmeriCorps VISTA.

«AmeriCorps» пайаланатын заңдар мен ережелер:

1) «Волонтерлердің қызметі туралы» 1973 жылғы Заң (2009 ж. өзгертулерімен);

2) «Ұлттық және қоғамдық қызметтер туралы» 1990 жылғы Заң (2009 ж. өзгертулерімен).

Бұл заңдар шектеуші немесе нұсқаулық болып табылмайды.

1-кесте. Америка Корпусының ұлттық бағдарламалары (AmeriCorps)

Бағдарламаның аты	Бағдарламаның ерекшелігі	Артықшылықтар мен жеңілдіктер
<p>1. AmeriCorps NCCC</p>	<p>NCCC бағдарламасы 18 бен 24 жас аралығындағы жасөспірімдерді АҚШ-тағы ұлттық және қоғамдық жұмыстарға қатысуға тартады.</p> <p>10 ай көлемінде қызмет барысында бағдарлама еріктілері шамамен 4 түрлі жобаны аяқтайды.</p> <p>Бағдарламаның міндеті – топтық жалпыұлттық және қоғамдық «қызмет көрсету» арқылы көшбасшыларды дамыту.</p>	<p>Волонтерлік барысындағы жеңілдіктер (сондай-ақ State & National және VISTA үшін):</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) волонтер NCCC жеңілдіктері арқылы тегін оқытылады; 2) волонтер тегін тұрғын жаймен (қоғамдық орталықтар, шіркеулер, кемпингтер, қонақ үй бөлмелері) қамтамасыз етіледі; 3) шағын автобуста жол жүру шығындары төленеді; 4) медициналық көмектің базалық пакеті ұсынылады; 5) волонтерлердің жүріс-тұрысына арналған жәрдемақы – салықтарды қоспағанда әр екі апта сайын 180 доллар (10 айға шамамен 4000 доллар); 6) топ жетекшілеріне жәрдемақы, салықтарды қоспағанда, әр екі апта сайын 500 доллар (11 айға шамамен 12000 доллар).
<p>2. AmeriCorps State & National</p>	<p>«State» және «National» жергілікті және ұлттық ұйымдарға, агенттіктерге гранттар ұсынатын «AmeriCorps» бағдарламаларының ішіндегі ең ірісі болып табылады, солардың ішінде:</p> <p>діни және қоғамдық ұйымдар;</p> <p>университеттер және мемлекеттік мекемелер.</p> <p>Аталмыш ұйымдар өз кезегінде:</p> <p>жергілікті және ұлттық мәселелерді шешуге қатысады;</p> <p>бағдарлама мүшелеріне тәжірибе (азаматтық белсенділік) береді.</p>	<p>Волонтерлік қызметтен кейінгі артықшылықтар (сондай-ақ NCCC және VISTA үшін):</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) студенттік несиені кешіктіруге мүмкіндік; 2) жаңа дағдылар және тегін оқыту; 3) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға арналған жеңілдіктер; 4) студенттердің несиелерін өтеу жеңілдіктері; 5) жұмысқа орналасудың жоғары мүмкіндігі; 6) жеке, қоғамдық және коммерциялық емес сектордағы мансаптық өсу мүмкіндіктері; 7) 7 жыл көлемінде білім беру бағдарламаларының шығындарын өтеуге мүмкіндік беретін «Segal AmeriCorps Education Award» білім беру марапатына қолжетімділік: <ul style="list-style-type: none"> - сыйлық колледжді, колледжден кейінгі оқуды (магистратура, Ph.D) төлеуге немесе білікті студенттік қарыздарды өтеуге көмектеседі; - 55 жастан асқан қатысушылар өздерінің білім марапаттарын балаларына, немерелеріне және асырап алған балаларына бере алады..

<p>3. AmeriCorps VISTA</p>	<p>VISTA келесілерді қамтитын федералдық бағдарлама болып табылады¹⁸:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) 1965 жылы құрылған; 2) АҚШ-тың барлық аймағында (50 штат пен Колумбия округі) жұмыс істейді; 3) 1993 жылдан бастап «AmeriCorps» ұлттық бағдарламалары желісінің мүшесі болып табылады; 4) бір жыл ішінде өзінің демеуші ұйымдарына 87 миллион доллардан астам қаржылай көмек алуға көмектеді; 5) жыл сайын 14,5 миллион сағаттан астам тегін жұмыспен қамтамасыз ететін 1 миллионнан астам волонтерлерді бағдарламаға тартады. <p>Сондай-ақ бағдарлама АҚШ үкіметіне:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) АҚШ-тағы кедейлікпен күрес бойынша (VISTA-ның 220 000 астам мүшесі қатысты); 2) табысы аз тұрғындарға көмектесу бойынша қолдау көрсетеді; 3) қоғамның түрлі саласындағы волонтерлер (18 жастан жоғары) жұмыс істей алатын 1200 түрлі жобаны жүзеге асырады; 2) кедейлікпен күрес бойынша жобаларды қолдау мақсатында қажетті ресурстарды (бағдарлама бюджеті орта есеппен \$ 37,425 млн.), ұйымдарға еріктілер қызметін ұсынады. <p>VISTA жобасы мен демеушілігіне:</p> <ul style="list-style-type: none"> - кез келген КЕҰ; - мемлекеттік органдар; - жоба тұжырымдамасын ұсынған жеке тұлғалар қатыса алады. 	<p>Волонтерлер қызметінің орнына VISTA төмендегілерді ұсынады:</p> <ul style="list-style-type: none"> өмір сүру үшін жәрдемақы; медициналық қызмет; волонтерлердің негізгі дағдылары бойынша тегін білім; іссапар шығындары; волонтердің қызмет етуі барысында олардың студенттік несиелерін өтеу мерзімін шегеру мүмкіндігі; волонтердің бала күтімі бойынша жәрдемақы (әрдайым емес) және т.б.
-----------------------------------	---	--

¹⁸ Is AmeriCorps VISTA Right for Your Organization? // https://www.nationalservice.gov/sites/default/files/documents/Is_VISTA_Right_for_Your_Organization.pdf

Америкалық волонтермен жүргізілген терең интервью¹⁹ жекелеген тетіктердің негізгі сипаттарын меңгермейінше, Америка Құрама Штаттарындағы волонтерлерді қолдаудың институционалды жүйесін (оларды біріктіретін ұлттық бағдарламалар мен корпустар түрінде) түсіну мүмкін еместігін көрсетеді.

Респондент Америкадағы келесі негізгі волонтерлік мектептерді жіктеп көрсетті.

1. Отбасы. Волонтерлік ортақ құндылық ретінде үйден бастау алады және балаларды басқаларға материалдық сыйақы талап етпей көмектесуді үйрететін америкалық философияға сүйенеді.

Уақыт өте келе балалар волонтерліктің зияткерлік және эмоционалды пайдасының материалдық заттарға қарағанда әлдеқайда құнды екенін біле бастайды. Бұл тұста волонтерліктің егде жастағы адамдарға не көршілерге көмектесу сияқты пайдасы болуы мүмкін.

2. Діни ілім де маңызды рөл атқарады, себебі ол волонтерліктің алғысы мен жеке пайдасын атап көрсетеді. Кейбір институттардың ерекше атаулары бар: мысалы, иудаизмде оны «цедака» десе, ал мұсылмандықта ол «садақа» деп аталады.

Америкада бірқатар діни ұйымдар волонтерлік мүмкіндіктерді жексенбілік мектеп, бір жолдық немесе тұрақты қаражат жинау, білім беру бағдарламаларын қолдау, хор және музыка топтары түрінде ұсынады.

3. Мектептер білім алушыларға немесе ересек волонтерлерге көптеген мүмкіндіктер ұсынады, олардың ішінде оқытушыларға арналған ақшалай жәрдемақылар немесе балаларға арналған тегін нұсқаушылар мен репетиторлар бар.

Көптеген мектеп жүйелерінде оқушылар орта мектеп дипломын алу үшін қоғамдық волонтер ретінде белгілі сағаттар көлемін жұмыспен өтейді.

4. Ірі және кіші кәсіпорындардың жұмыс берушілері өз қызметкерлерін ерікті ретінде қоғамға қызмет еткізу үшін оларды қаржылай ынталандырады. Олар қызметкерлерінің, көп жағдайда өздері жүзеге асырып, демеушілік ететін волонтерлік бағдарламаларға қатысуы үшін тұрақты түрде демалуына мүмкіндік беріп отырады.

Компаниялар волонтерлік бағдарламаларға қатысуға түрткі болатын демеушілік көмек арқылы волонтерлікке шақырады.

¹⁹ Көпжылдық тәжірибесі бар волонтер Д. Миллермен сұхбат, Вашингтон, АҚШ. Табысты кәсіпкер және бірнеше жылдық еріктілік тәжірибесі бар волонтерлік бағдарламалардың демеушісі. Ол 2004 жылы қайтыс болған қызының құрметіне құрылған Линдсей Джоэл Миллер мемориалдық қорын басқарады (LJMMF). Бүгінгі күнге дейін оның Қоры мұқтаж балаларға көмектесетін ұйымдарға 400 000 доллардан астам сомада гранттар мен сыйлықтар таратты. LJMMF арқылы Дэвид өзінің волонтерлік қызметін қолдау үшін едәуір уақыт, қаржы бөлді.

Мысалы, «Habitat for Humanity». Бағдарлама әлеуметтік жағдайы төмен аудандардағы тұрмысы төмендер мен панасыздарға арналған үйлерді салуға және жөндеуге, жергілікті ауруханаға қанализін тапсыруға көмектеседі.

Заңгерлер қауымдастығы құқықтық көмек беру орталықтарында ерікті және ақысыз консультациялар береді.

Көптеген ірі қалалардағы іскерлік журналдар өз қызметкерлеріне волонтер болуға жағдай жасайтын 25 үздік компаниялардың жыл сайынғы корпоративтік тізімін жариялайды.

5. Үкімет волонтерлікті қолдау және ынталандыру үшін волонтерлердің өзіне және волонтерлерді қабылдайтын коммерциялық емес ұйымдарға едәуір салық жеңілдіктерін ұсынады.

Мұндай алгоритм ұйымдар мен қауымдастықтардың өздерін коммерциялық емес ұйымдар ретінде жайғастыруға және салықтан босатылуға мүмкіндік береді.

Ақшалай, киім-кешекпен, басқа заттармен қайырымдылық көрсеткен адамдарға салықтық жеңілдіктер жасалады.

6. **«Арнайы салықтық жеңілдіктер табысы жоғары, қоғамға пайдасы тиетін мұраны қалдыруды қалайтын адамдарға беріледі».** АҚШ үкіметі дәулетті адамдар байлығының едәуір бөлігін қайырымдылыққа тартуға шақыратын, сол арқылы оларды 50% деңгейіне дейін мүлік салығын төлеуден босататын саясат жүргізеді.

*«Дәл осы саясат Билл Гейтс пен Уоррен Баффетті әлемдегі ең бай адамдардың, кем дегенде, **өз капиталының жартысын өмір бойы немесе қайтыс болғаннан кейін қайырымдылыққа беруге** міндеттейтін миллиардерлер міндеттемелерін құруға жігерлендірді.*

Бұндай уәдені қабылдаған басқа да танымал миллиардерлер қатарында Марк Бениоф, Марк Цукерберг, Присцилла Чан, Маккензи Безос және басқалар бар. Бұл міндеттемелер 600 миллиард доллардан асады».

7. Әртүрлі арналар бойынша таратылатын үкіметтің қолдауы (мысалы, «1990 жылғы ұлттық және қоғамдық қызметтер туралы заң» секілді саясат пен нормативтік принциптердің жариялануы). Волонтерліктің жетістігі үшін маңызды болып табылатын корпорациялар мен жеке тұлғаларға салықтық жеңілдіктер жасалады.

АҚШ үкіметі волонтерлікті қолдау үшін барлық мүдделі тараптарға едәуір қаржылық жәрдем болып табылатын осы тәрізді бірқатар салықтық жеңілдіктерді ұсынады:

- егер жеке тұлға волонтерлік жобаларға 5000 доллар жұмсаса, бұл сомаға сол жылы салық салынбайды;
- бұл жыл сайын адам мен оның тұратын штатының салық мөлшеріне байланысты 1,200-2600 доллар аралығында үнемдеуге мүмкіндік береді.

8. «Пайдалы идеяларды дамыту саясаты» мемлекет пен қоғам мүдделеріне жауап береді. Мәселен, көптеген ірі қалалар мен аймақтарда сүт безінің қатерлі ісігі туралы хабардар болуға, ауруды зерттеу мен емдеуге қаржы жинау үшін жыл сайын ұлттық «серуен» ұйымдастыратын ұлттық коммерциялық емес ұйым бар. Артықшылықтары:

- қысқа мерзімді перспективада мұндай қызмет волонтерлерді корпорацияларға ұсынуға және жеке тұлғаларға да, ұйымдарға да салықтық жеңілдіктер мен шегерімдердің пайдасын көруге мүмкіндік береді.

Салық жеңілдіктері мен басқа да артықшылықтардың орнына мемлекет қаржылай тиімділікке қол жеткізеді: жиналған қаражат адамдарды сүт безі ісігінің алдын алу үшін оқытуға жұмсалады.

- ұзақ мерзімді перспективада бұл болашақта жаңа қатерлі ісік ауруларының санын азайтады, ол өз кезегінде «Medicaid» және «Medicare» сияқты денсаулық сақтау бағдарламаларына жұмсалатын шығынды айтарлықтай азайтады.

Осылайша, үкіметтен бастап адамдарға дейін – барлығы волонтерліктен пайда алады.

9. Волонтерлік **қоғам мен үкіметтік бюрократия арасындағы бос орынды толтырады**. Мысалы, Вашингтон, Колумбия округінде, АҚШ-тың басқа да ірі қалаларындағыдай, үйсіз адамдар тұрады (homeless). Оларға волонтерлердің көмегі арқылы үйсіздерді тамақпен қамтамасыз ететін «Марта үстелі» (Martha's Table) қоғамдық ұйымы көмектеседі. Ұйымды еріктілікті қолдаудың институционалды жүйесі демеп отырады.

Волонтерлер, қоғамдық қызметтерді атқара отырып, мысалы, орта мектепті бітіру үшін қажетті жеңілдіктерге ие болады. Компаниялар арқылы үлестірілетін тамақ өнімі үшін салық жүктемесі азайтылады.

Үйсіздерді тамақпен қамтамасыз ету олардың денсаулығын жақсартады және оларды емдеудің шығындарынан сақтайды. Осындай қарапайым мысалмен волонтерлік нәтижелерінің қоғамдағы адамдардан бастап ірі бизнеске дейінгі барлық аспектілерге пайда әкелетін экожүйесін түсінуге болады (сұхбаттың ағылшын тіліндегі толық мәтінін 1-қосымшадан қараңыз).

Осылайша, волонтерліктің тәжірибесін қарастыру, бағдарламаларды жүзеге асырудың келтірілген мысалдары мен сұхбаттар келесі **тұжырымдарды** жасауға мүмкіндік береді:

1) АҚШ-тағы волонтер – ақы төленбейтін қызметпен айналысатын, коммерциялық ұйымдардың мүддесі үшін жұмыс істемейтін, осы қызметті жүзеге асыру үшін волонтерлер ұйымының сайтында тіркелген адам;

2) үкіметтің волонтерлерді тартатын әлеуметтік ұйым қызметіне қатысуы шектеулі: америкалықтар, әдетте, мемлекеттік құрылымдарға тәуелді болғысы келмейді, еріктілер ұйымы мен коммерциялық корпоративті бизнес арасындағы шекара көп жағдайда айқын емес; жауапкершілігі мемлекетке жүктелген қоғамдық өмірдің бірқатар мәселелері дербес түрде ұйымдастырылады;

3) Америкадағы волонтерлер жобаларының басым бөлігі мемлекеттің қаржылай қолдауымен жүзеге асырылады;

4) волонтерлік бағдарламалардың студенттік несие, жұмысқа орналасу және білім алу кезіндегі жеңілдіктер т.с.с. кері бенефит арқылы ынталандыруға бағытталған жеңілдіктері еріктілерді волонтерлік қызметке жігерлендіреді;

5) жұмыс берушілер жүзеге асыратын корпоративті бағдарламалар қызметкерлерге **еңбекақыны сақтай отырып демалыс алу немесе ақылы демалысты қамтамасыз ету түрінде демеушілік көмек ұсыну** арқылы жағдай жасап, қызметкерлерді волонтерлерлікке жігерлендіреді;

6) корпоративтік бағдарламалардың болуы волонтерлерді ресурс ретінде пайдалана алатын мемлекет үшін ғана емес, сондай-ақ ішкі және сыртқы саясатты құру тұрғысынан корпорациялардың өздері үшін де тиімді: мысалы, ірі қалалардың іскерлік журналдары жыл сайын өз қызметкерлеріне волонтерлік бойынша жағдай жасаған үздік компаниялардың корпоративтік тізімін жариялайды;

7) корпоративті бағдарламалары үшін жұмыс берушілер де мемлекет тарапынан салықтың азаюы түріндегі жеңілдіктерге ие болады;

8) волонтерлерді жұмылдыру бағдарламалары мен ұйымдары оларды волонтерлік дағдыларға үйретудің, медициналық сақтандырудың негізгі пакетімен, тегін тұрғын жаймен, жүріп-тұру жәрдемақысымен және жолақысымен қамтамасыз ету жауапкершілігін өз мойындарына алады.

Волонтерлерді **медициналық сақтандырудың** бірнеше түрін бөліп көрсеткен жөн²⁰:

1) «Бейбітшілік корпусы», «Америкорп», «Лютеран волонтерлер корпусы» сияқты ірі және жоғары қаржыландырылған волонтерлік ұйымдар **толық жұмыс істейтін еріктілерге міндетті медициналық сақтандыруды ұсынады;**

²⁰ Health Insurance Options for Volunteers // <https://www.verywellhealth.com/health-insurance-options-for-volunteers-1738441>

2) шағын ұйымдар «Қолжетімді медициналық қамтамасыз ету туралы» заңға сәйкес минималды қажетті сақтандыру мүмкіндігін ұсынады;

Оған волонтерлерге негізгі тегін медициналық сақтандыруды ұсынатын «Бейбітшілік корпусының» қысқамерзімді медициналық қызмет жоспары кіреді.

3) табысы аз адамдарға медициналық көмек көрсетудің федералды жүйесі «Медикейд» («Medicaid»): бағдарлама **міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде АҚШ-тың кейбір табысы аз тұрғындарын медициналық көмекпен қамтамасыз етеді.**

Медикейд қызметтері әр штат квотасына сәйкес өзгеріп отырады. Егер волонтердің кірісі федералдық кедейлік деңгейінің 138% немесе одан төмен болса, онда ол Медикейд квотасына үміткер бола алады (2020 ж. бойынша).

4) **қысқа мерзімді** (ұзақтығын үш жылға дейін ұзарту мүмкіндігімен 364 күн) медициналық сақтандыру: волонтер оны медициналық сақтандыру компаниясынан немесе брокер арқылы сатып ала алады;

5) «сапарды сақтандыру» волонтердің қызмет орнына жетуі үшін жүріп өтетін едәуір қашықтығы үшін беріледі.

Алайда, бұл экстремалды спорт түрлерімен байланысты жарақаттар тәрізді медициналық мәселелердің белгілі бір түрлерін қамтымайды және оның максималды төлемін шектейді.

2009 жылы Б. Обама «**Америкада қызмет ету турады**» (**Serve America Act**)²¹ жаңа заңды күшіне енгізді. Бұл заң 1993 жылдан бастап CNCS жүргізіп келген ұлттық волонтерлік бағдарламалардың функцияларын растап, оларды кеңейтті.

«Обама заңының» волонтерлердің қалыптасқан ортасын реттеудегі артықшылықтары:

1) заң жыл сайын 4 млн. жуық азаматқа түрлі жұмыстарды орындауға мүмкіндік береді, оның ішінде «Америка корпусы» мүшелері; зейнеткерлер корпусы; «Америкада оқы және оған қызмет ет» бағдарламасымен оқитындар; сонымен қатар әртүрлі бағдарламалар арқылы жұмылдырылған 2,2 миллион волонтер бар;

2) құжат азаматтардың волонтерлік және қоғамдық қызмет саласындағы мүмкіндіктерін кеңейтеді;

3) заңның жекелеген баптары әрбір штатқа ұлттық волонтерлік ресурстарын басқару бойынша артықшылықтарды береді:

– әр штатта «Мемлекеттік қызмет көрсету комиссиялары» (State Service Commissions) құрылады;

– жыл сайын комиссиялар волонтерлік жобаларды жүзеге асыру үшін федералды ұлттық қызмет қорының қаражатынан 250 млн. доллардан астам қаражат бөледі;

²¹ *Serve America Act* // <https://www.congress.gov/111/plaws/publ13/PLAW-111publ13.pdf>

- комиссиялар волонтерлерді жұмылдыру мақсатында жетекші агенттіктер ретінде жұмыс істейді;
- комиссиялар волонтерлікті қоғамдық қызмет ретінде насихаттау бойынша ақпараттық науқандарды жүзеге асырады.

Жалпы алғанда, заң нұсқаулық немесе қатаң реттеуші сипатқа ие емес және көбінесе нақты шарттарды, жеңілдіктерді, қаржыландыру көлемін т.б. тетіктерді атай отырып, волонтерлік қызметтің траекториясын түсіндіреді. Бұған қоса, заңға жасалған талдау АҚШ-ғы волонтерліктің табысты дамуын әлеуметтік, қаржылық және құқықтық мемлекеттік қолдау табатын азаматтық белсенділік нәтижесіне жатқызуға мүмкіндік береді.

Волонтерліктің америкалық моделі іс жүзінде саналы мемлекеттік саясат болып табылады және оны келесі бағыттар бойынша бөлу маңызды:

- 1) әлеуметтік саясат пен азаматтық белсенділікті іске асыру құралы;
- 2) экономикалық дамудың әлеуеті;
- 3) мемлекеттік басқарудың тиімді тетігі.

АҚШ-та волонтерлікті құқықтық реттеудің екі түрі бар:

- қатаң реттеуші және шектеуші сипаттан тыс заңдар түрінде;
- ынталандырушы сипатқа ие мемлекеттік және ұлттық бағдарламалар түрінде.

АҚШ-тың ұлттық волонтерлік бағдарламалары келесі заңдармен реттеледі:

- 1) 1973 жылғы волонтерлер қызметі туралы заң (2009 жылғы өзгертулерімен)²²;
- 2) 1990 жылғы ұлттық және қоғамдық қызметтер туралы заң (2009 жылғы өзгертулерімен)²³;
- 3) 2009 жылғы Америкаға қызмет ету туралы заң (Обама заңы)²⁴.

Сонымен қатар АҚШ заңнамасы «волонтерді» коммерциялық емес ұйымға немесе мемлекеттік органға қызмет көрсететін, өтемақы (іс жүзіндегі шығындарды қайтару үшін берілген бір жолғы төлемді немесе жәрдемақыны есептемегенде) немесе өтемақының орнына бағасы жылына 500 доллардан асатын басқа да құнды заттарды алмайтын тұлға ретінде сипаттайды²⁵.

«Волонтер» ұғымын анықтаудың бұл тәсілі заңнамалық деңгейде волонтер мәртебесінің, волонтерлік қызмет шарттарының, құқықтарының, оларды әлеуметтік қолдау және қорғау жағдайының; және жігерлендірудің нақты тетіктерінің жазылғандығын көрсетеді.

²² https://www.nationalservice.gov/sites/default/files/documents/1973_domesticvolunteer_service_act_amendedthroughpl111_13.pdf

²³ https://www.nationalservice.gov/sites/default/files/page/Service_Act_09_11_13.pdf

²⁴ <https://www.congress.gov/111/plaws/publ13/PLAW-111publ13.pdf>

²⁵ Певная М. Управление волонтерством: международный опыт и локальные практики 2-е изд. 2019.

Заңнамадағы түзетулерден кейін жұмылдырылған волонтерлер санының өзгергенін білу үшін Американың Еңбек статистикасы бюросының мәліметтеріне көз жүгіртейік: 2004 жылы 64,5 млн. астам америкалық волонтерлікке қатысты, 2011 жылы ол елдегі ересек тұрғындардың 26,8%-ын құрады.

2011 жылғы мәліметтерге сәйкес волонтерлер ұйымдасқан түрде 7,9 млрд. сағат жұмыс істеп, елге 171 млрд. доллар табыс әкелді.

2018 жыл деректері бойынша²⁶ әрбір үшінші ересек америкалық (30,3%) ерікті түрді волонтер қызметін істеді.

Волонтерлердің қызметі, олардың дербес сектордағы жұмыс уақытының орташа мәнін бағалау бойынша (2017 жылы ол 24,14 долларды құрады) шамамен 167 млрд. долларды құрайды.

Мәліметтерге сәйкес X²⁷ ұрпағы волонтерліктің жас топтары арасындағы ең жоғары деңгейін көрсетті - 36,4%, ал бэби-бумерлер²⁸ сағат саны бойынша озық көрсеткіш берді - 2,2 млрд. астам.

24 жасқа дейінгі волонтерлер екітілердің жалпы санының 22,6% құраса, ал 25-44 жас аралығындағылар 26,7%-ды, 45-64 жас аралығындағылар 27,4%-ды, 65 жастан жоғарылар еріктілердің жалпы санының 23,6%-ын құрайды.

Сондай-ақ, волонтерлердің әлеуметтік қызметтер саны бойынша статистикасына көз жүгіртейік.

CNCS деректері бойынша²⁹, волонтерлер жұмысының 32%-ы діни ұйымдар арқылы діни қызметкерлеріне көмектесуге бағытталған.

Волонтерлердің 70%-ы діни ұйымдар арқылы қызмет етеді, олардың 47,2%-ы 65 жастан асқан волонтерлер, 31%-ы 16-25 жас аралығындағы волонтерлер. Бұл статистика діни бірлестіктердің волонтерлерді жұмылдыру бойынша алдыңғы қатарда екендігін дәлелдейді.

Сонымен бірге волонтерлердің қалған 30% әр түрлі ұйымдарға қызмет көрсетеді, соның ішінде: 25,7% - спорт пен өнер саласында; 19,21% - білім саласында; 6% - денсаулық сақтау саласында; 6% - қоғамдық қауіпсіздік саласында; 6,24% - азаматтық белсенділік саласында; 5% қоршаған ортаны немесе жануарларды қорғау саласында.

Аталған статистика АҚШ-тағы волонтерлік қауымдастығының тұрақтылығы мен алуандығын көрсетеді (4-суретті қараңыз).


²⁶ 2018 *Volunteering in America Report finds increase in volunteering and civically-related activities. Corporation for National Community Service – CNCS (Корпорация по делам национальных общин) // <https://www.nationalservice.gov/serve/via/research>*

²⁷ Анықтама: 1965-1979 жылдар аралығында туылғандар.

²⁸ Анықтама: (ағыл. baby boomers) 1940 жылдан 1959 жылға (кейде 1946-1964 жж.) дейінгі аралықта туылғандарға қолданылатын термин.

²⁹ Corporation for National Community Service – CNCS (Корпорация по делам национальных общин). 2018. // <https://clck.ru/MfZsd>

4-сурет. «Волонтерлердің әлеуметтік қызметтері көрсеткіштерін талдау». Дереккөз: CNCS сайты.



Источник: сайт CNCS.

Статистикалық деректер Америкадағы волонтердің саналы түрде және ұдайы **қаржылай және физикалық ресурстарын** қайырымдылыққа жұмсайтын адам екендігін дәлелдейді. Олардың басым бөлігі ұйымдар арқылы қызмет істеп, волонтерлердің формалды түріне жатады.

2.3. Еуропа тәжірибесі

Еуропадағы волонтерлік тиісті елдің мәдени, тарихи және құқықтық ерекшеліктеріне қарай қарастырылады.

БҰҰ мәліметтері бойынша 100 миллион еуропалық, тіркелмеген немесе формалды емес волонтерлерді қоса есептегенде, еріктілердің бір немесе басқа формасының қатарын толықтырады³⁰.

Еуропада волонтерліктің қалыптасуы мен дамуын үш кезеңге бөлуге болады:

Бірінші. XIX ғ. басынан бастап 1920 жж. дейін жекелеген еуропалық елдерде әлеуметтік қызмет түрлерінің тікелей дамуына байланысты волонтерліктің (діни сипаттағы) нақты қызмет түрі ретінде бастау алуы;

Екінші. Зайырлы халықаралық волонтерліктің қалыптасуы - XX ғасырдың бірінші жартысындағы экологиялық, саяси және мәдени волонтерліктің күшеюі - дүниежүзілік соғыстармен байланыс және Еуропаны қалпына келтіруде маңызды рөл атқарған әртүрлі еуропалық елдерде волонтерлердің алғашқы халықаралық бірлестіктерінің пайда болуы.

³⁰ «Volunteering Infrastructure in Europe» by European Volunteer Centre // <https://clck.ru/Mbbgt>

Үшінші. Еуропалық Одақ (бұдан әрі – ЕО) волонтерлігін институцияландыру: волонтерлерді басқарудың бірыңғай нормативтік-құқықтық базасын құру; 1990 жж. басынан бүгінге дейін волонтерлерді дамытуға бағытталған бүкіл Еуропаға ортақ әлеуметтік бағдарламаларды біріктіруді іске қосу.

Еуропалық волонтерліктің дамуының қазіргі кезеңі мыналармен сипатталады:

- барлық ЕО елдері арқылы қабылдаған (Ұлыбританияны қоса алғанда) волонтерлік қауымдастық мүшелерінің өзара ішкі әрекеттесуінің ресми ережелері;
- жекелеген елдердің шеңберінде олардың ұлттық ерекшеліктерін көрсететін волонтерліктің формалды емес нормалары мен дәстүрлері;
- волонтерлік қызметтің жекелеген бағыттарының жүзеге асу провайдері ретіндегі үшінші сектордың **дамуына ықпал ететін жалпы еуропалық инфрақұрылым.**

Түрлі деректерге сәйкес еуропалық құрлық елдерінің тұрғындары арасында орта есеппен әрбір еуропалықтардың шамамен 32%-ы волонтерлік қызмет көрсеткен, тұрғындардың 17%-ы апта сайын немесе ай сайын волонтерлік шараларға қатысады.

Тұрақты жұмыс істейтін волонтерлердің ең жоғары көрсеткіштері:

Австрия (сәйкесінше 35% және 53%), Швеция (31% және 49%) және Ирландия (31% және 49%);

Еуропа бойынша волонтерлердің орташадан көп бөлігі Финляндияда (48%), Голландияда (45%) және Германияда (45%);

Волонтерлер санының ең аз бөлігі Шығыс Еуропада, соның ішінде Болгарияда (13%), Венгрияда (17%), Польшада (19%), Румынияда (20%), Латвияда (21%) және Литвада (22%) тіркелді.

Волонтерлерді дамытудың ел бойынша және олардың сандық көрсеткіштері бойынша бұндай жіктелуі волонтерлікті дамытудың халықтың өмір деңгейіне тәуелділігімен түсіндірілуі мүмкін. Аталған тізімдегі бірқатар елдердің тәжірибесін қарастырайық.

2.3.1. Ирландия

Волонтерлік қызмет пен қайырымдылық жұмыстары ирланд дәстүрінің терең тамыры мен ежелгі тарихынан бастау алады. Осылайша, XIX ғасырда Ирландияда көптеген ауруханалар мен католиктік, протестанттық және діни емес топтардың ерікті күш-жігеріне тәуелді ұйымдар құрылды (бұл мекемелер мен ұйымдардың көпшілігі, мысалы, Сент-Винсент-де-Пол, Гаэль лигасы, Гаэль атлетикалық қауымдастығы күні

бүгінге дейін бар). ХХ ғасырдағы әлеуметтік қамсыздандыруды отбасының және кірістің мәселесі деп мойындаған католик шіркеуінің ықпалы мен күшін ескере отырып, мемлекет ХХ ғасырдың 60 жж. ортасына дейін әлеуметтік қызмет көрсетуді зауықсыз жүзеге асырды.

1970 жылдарға қарай алғашқы өзгерістер орын алды, сәйкесінше, әлеуметтік қызметтер мен еріктілік секторындағы білім беру мемлекет тарапынан үлкен қолдауға ие бола бастады.

Ирландияның «Волонтерлік қызметі туралы Ақ кітабы» (The White Paper Supporting Voluntary Activity, 2000)³¹ (бұдан әрі – «Ақ кітап») Ирландия волонтерлерінің мәртебесі мен құқықтарын анықтайтын алғашқы құжат болып табылады.

«Ақ кітап» мемлекет пен қоғамдық сектордың өзара байланысын түсіндіреді, ерікті сектордың қызмет ету процесін сипаттайды, негізгі қағидаттар мен озық тәжірибелер насихатталады, сондай-ақ волонтерлердің қызметін қолдау бойынша ұсыныстар жасалады. «Ақ кітапқа» дейін мемлекет пен қоғамдық сектор арасындағы консультациялар үдерісіне бастау болған «Волонтерлік қызметті қолдау туралы Жасыл кітап» (1997 ж.) болды.

«Ақ кітап», директивті сипатқа ие емес құжат ретінде, ирландиялық волонтерліктің келесі ерекшеліктерін және оның мемлекетпен өзара ықпалдастығын білдіреді:

1) үкімет волонтерліктің кез-келген түрінің құндылығын мойындайды және мемлекет волонтерліктің әрбір әрекетін реттеуге немесе оған қатысуға тырысуы керек деп санамайды;

2) волонтерлік қоғамдық қызметтің барлық спектрін қамтиды және демократияның маңызды элементі болып табылады; сонымен бірге, адамдар мемлекетті барлық мәселелердің шешушісі ретінде емес, ойыншылардың бірі ретінде қарастырады; басқалары – жеке сектор, кәсіподақтар, діни ұйымдар, үкіметтік емес ұйымдар, спорттық ұйымдар, жергілікті қауымдастықтар және тұрғындардың қауымдастығы – негізгі рөлді атқарады;

3) волонтерлік Ирландиядағы әлеуметтік қажеттіліктерді қанағаттандырудың ежелгі және құнды дәстүріне ие: волонтерлік рөлінің маңызы қаржыландырудың ауқымдылығынан, Ирландия мемлекеті мен ЕО көздерінен алынған **1 млрд. фунт (1,267 млрд. евро)** көлеміндегі қомақты қаржыдан көрініс табады;

4) Ирландиядағы волонтерлік мемлекеттің басым секторы болып табылады: бастауыш және орта мектептер деңгейіндегі шіркеудің білім беру жүйесі, ерікті қызмет көрсетуші ауруханалар мемлекеттің құрылуына негіз болды;

³¹ White Paper Supporting Voluntary Activity – 2000 // <https://assets.gov.ie/5588/150119115748-be0d73b998894701b4bf3b9872021bfe.pdf>

5) волонтерлік қызметті қолдау ұлттық саясат болып табылады: 1950 жылдары мемлекет волонтерлерді қаржыландыруда үлкен рөл атқара бастады;

6) «волонтерліктің» алғаш рет ресми анықтамасы ұсынылды.

Бұған қоса, «Ақ қағазда» волонтерлік топтарға әлеуметтік және техникалық қолдау көрсету бойынша кең ауқымды практикалық шаралар берілген, олардың ішінде:

- серпінді демократия мен азаматтық қоғам құрудағы волонтердің рөлін ресми мойындау;
- қоғамдық және волонтерлық топтармен консультациялар жүргізу бойынша мемлекеттік қызметтің барлық тиісті бағыттарына тетіктер енгізу;
- мемлекеттік мекемелерде волонтерлермен қарым-қатынасты қолдау үшін волонтерлік қызмет бойынша департаменттерді құру;
- «Ақ кітаптағы» шешімдердің орындалуын бақылау және туындаған басқа да мәселелерді шешу үшін мемлекеттік мекемелерде волонтерлік бойынша консультациялық топтарды құру.

Ирландиядағы «**волонтерлік**»³² «жергілікті қауымдастықтар мен отбасы мүшелері болып табылмайтын адамдардың мүдделері үшін уақыт пен күшті арнау» ретінде анықталады және «адамның өз еркімен, ақысыз жүзеге асырылатын іс-әрекет» (жеке шығындардың орнын толтыруды қоспағанда) болып табылады.

Ирландиялық волонтерліктің тарихи эволюциясы келесі ұйымдарды қамтиды:

1) «Ирландия волонтері» волонтерларды дамытудың ұлттық агенттігі (Volunteer Ireland);

2) жергілікті волонтерлер орталықтарының желісі (20-дан астам);

3) «Boardmatch Ireland», қызметкерлерді бейкоммерциялық жалдау бойынша мамандандырылған жалғыз ирландиялық қайырымдылық ұйымы:

- ұйым 2005 жылы азаматтардың қоғамдық және ерікті іс-шараларға қатыспау мәселесін шешу үшін құрылды;

- волонтерлікке мүдделі адамдарды ұйымдармен біріктіреді.

4) үшінші деңгейлі білім беру ұйымдарындағы студенттердің волонтерлікке қатысуына ықпал ететін түрлі бастамалар;

5) «VSO Ирландия»^{33 34} Ирландиядағы кедейлікпен күресетін және үшінші әлем елдеріне көмектесетін бірден-бір халықаралық волонтерлер ұйымы (2-қосымшаны қараңыз).

Ирландияда тек **волонтерлерге қатысты нақты заңдар жоқ**, бірақ волонтерліктің дамуын қолдайтын саясат бар, оларда төмендегілер қарастырылады:

³² White Paper Supporting Voluntary Activity – 2000 // <https://assets.gov.ie/5588/150119115748-be0d73b998894701b4bf3b9872021bfe.pdf>

³³ VSO Ireland // <https://www.vso.ie/volunteering>

³⁴ Анықтама: британдық «Voluntary Service Overseas» (VSO) волонтерлік ұйымы, «Шетелдегі волонтерлік қызмет» деп аударылады.

1. Волонтерлерді сақтандыру: волонтерді сақтандыру бойынша нақты құқықтық ережелер жоқ. Алайда, «Ирландия волонтері» волонтерлермен айналысатын ұйымдарға волонтерлерді ауырудан, жазатайым оқиғалардан және үшінші тұлғалар алдындағы жауапкершіліктен қалай сақтандыру керектігін нақты көрсететін еріктілердің жазбаша саясатын жасауды ұсынады.

2. Волонтерлерді әлеуметтік қорғау:

1) Ирландиялық волонтер жұмыссыздық бойынша тиісті кеңсеге өзің волонтер болғысы келетіні туралы хабарлаған болса, жәрдемақы түріндегі әлеуметтік қолдауға ие болады;

2) өзгеріс енгізілген «1997 жылы әлеуметтік қамсыздандыру туралы заңға» («Ақ кітапқа» дейін күшінде болған «Жасыл кітап») сәйкес адам шетелге өз еркімен кеткен кезде жұмыссыздық бойынша жәрдемақы тоқтатыла тұрады; дегенмен жеке тұлға Ирландияға оралғаннан кейін жәрдемақы алу үшін қайта өтініш бере алады;

3) «Ақ кітапта» волонтерліктің: 1) жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін құрудағы; 2) халықтың әлеуметтік қорғалмаған топтарының волонтерлікке қатысуына мүмкіндік беру құралы ретіндегі маңыздылығы көрсетілген.

Осылайша, Ирландия азаматтары әлеуметтік жәрдемақы алу құқығынан айырылудан қауіптенбей, волонтерлік жобаларға ұзақ мердімде және ұдайы қатыса алады.

3. Мүгедектерге қолдау көрсету:

1) мүгедектер мүгедектік бойынша қандай да бір әлеуметтік жәрдемақы алу құқығын жоғалтпастан, еріктілік жұмысының белгілі бір нысандарымен айналысады;

2) мүгедектер волонтерлік жобасына қатысу үшін әлеуметтік мәселелер жөніндегі органның рұқсатын, оларға волонтерлік қызметтің сауықтырушы және пайдалы екендігін дәлелдейтін медициналық анықтамасын көрсете отырып алады.

4. Волонтерлердің денсаулығы және оларды медициналық сақтандыру:

1) Ирландиядағы медициналық көмек пен қызмет көрсету құқығы волонтердің тұрғылықты жері мен экономикалық құралы қағидатына негізделген;

2) алайда, Еуропалық Одақ азаматтарына қатысты белгілі ережелер бар: бір жылдан қызмет ететін және «келушілер» ретінде қарастырылатын қысқа мерзімді волонтерлер жедел медициналық көмек алуға құқылы;

3) Біріккен Корольдіктен келген волонтерлердің еміне ақы төленбейді;

4) Ирландияға келген шетелдік волонтерлер денсаулық сақтаудың немесе медициналық көмектің кез-келген түрі үшін толық ақы төлейді;

5) Ирландияда кемінде бір жыл тұрған волонтерлер «қарапайым тұрғындар» саналады, олар ұлтына қарамастан, құқықтық мәртебеге ие және медициналық қызмет алуға толық құқығы бар.

5. Жұмыссыздық бойынша жәрдемақы:

1) Ирландиядағы жұмыссыздар, жұмыссыздық бойынша жәрдемақы ала отырып, қарияларға, науқастарға немесе мүгедектерге көмек көрсету сияқты белгілі бір салаларға өз еріктерімен қатысуға құқылы;

2) ұйым, жұмыссыз адамды волонтерлік қызметке қабылдар алдында, жергілікті жұмыссыздық басқармасынан ресми рұқсат қағаз алуы шарт.

Отбасылық жәрдемақы: балалары толыққанды волонтерлікпен айналысатын отбасылар, өздерінің жәрдемақы немесе өтемақы алуға құқылы екендіктерін (волонтер қызмет ететін ұйымнан хат немесе анықтама алғызу арқылы) дәлелдей алмаса, отбасылық жәрдемақыға немесе салықтық шегерімдерге құқығы сақтамайды.

6. **Шығындарды өтеу:** Ирландияда волонтердің шығындарын өтеуге қатысты нақты ережелер жоқ; және іс жүзінде волонтерлердің шығындарын өтеуге қауқарсыз коммерциялық емес ұйымдар бар; алайда волонтердің жалпы кірісі ең аз жалақыдан төмен болған жағдайда, еріктіге (толық қызметтегі) төленетін қалта шығындары үшін салық салынбайды.

7. Ирландиядағы иммиграциялық саясат және шетелдік волонтерлер:

1) волонтерліктің жалпы ережесіне сәйкес ЕО және ЕЭА³⁵ азаматтары Ирландияда үш ай немесе одан аз уақыт көлемінде тұруға ықтиярхатты қажет етпейді, осылайша, осы мерзім ішінде кез-келген батыс-еуропалық елдің азаматы Ирландияда волонтер ретінде жұмыс істеуге құқылы;

2) осы мерзім аяқталғаннан кейін шетелдік волонтерден тұру ықтиярхатын алу және тіркелу міндеті талап етіледі;

3) ЕЭА-тан тыс елдердің азаматтары үш айдан астам мерзімге виза және жұмыс істеуге рұқсат қағаз алуы шарт.

«VSO Ирландия» бағдарламаларының бірқатары ұзақ мерзімді - ресми түрде алты айдан кем дегенде 2 жылға дейін. Ұйым мына салалардың кәсіпқойларын волонтерлікке жұмылдырады:

медицина және денсаулық сақтау (адамдар мен жануарларды емдеу); **оқыту және тәрбиелеу** (волонтерлер кедей елдерден шыққан балаларға ағылшын тілін үйретеді, ағартушылық қызметімен айналысады); **бизнес және менеджмент; инженерлік-технологиялық; әлеуметтік жұмыс; ауыл шаруашылығы және т.с.с.**

³⁵ Анықтама: ЕЭА – «Еуропалық экономикалық аймақтың» қысқарған түрі.

Волонтерлік барысында «VSO Ирландия» бағдарламасының қолдауы мен қорғауы	Волонтерліктің одан оралғаннан кейінгі артықшылықтары
<p>1. Ұйым волонтерлерге әлеуметтік жеңілдіктер ұсынады, мысалы:</p> <ul style="list-style-type: none"> - тегін тұрғын үй; - тамақтану; жергілікті өмір сүру бойынша жәрдемақы; - көлік шығындары; - жылына 4 рет демалыс; - жедел байланыс және тәулік бойы шұғыл медициналық көмек; - кешенді медициналық сақтандыру; егу. <p>2. Бағдарлама, сонымен қатар:</p> <ul style="list-style-type: none"> - халықаралық рейстердің; - волонтерлік дағдыларды жан-жақты оқытудың; - тілдік және мәдени дайындықтың шығындарын өтейді 	<p>1. Бағдарлама елге оралғаннан кейін жұмысқа орналасуға қолдау көрсетеді;</p> <p>2. Күнделікті өмірге бейімделуге көмектеседі.</p>

2000 жылғы желтоқсанда Ирландияда «Ақ кітап» жобасының аясында **Волонтерлік бойынша ұлттық комитет құрылды**. Аталмыш комитеттің баяндамасында Ирландиядағы тарихи және заманауи ландшафт, тенденциялар мен модельдер, волонтердің ұйымдық мәртебесі, волонтерлікті аккредиттеу мәселелері, инфрақұрылым, халықаралық контекст және т.с.с. қарастырылады.

Осылайша, комитет ұзақ мерзімді перспективада волонтерлікті дамытуды талап ететін стратегиялар мен шараларды әзірледі; волонтерлік қызмет саласындағы санақ жүргізу және үй шаруашылығын тоқсан сайынғы тексеру негізінде жүзеге асырылуы ықтимал ғылыми-зерттеу бағдарламасының қажеттілігін атап өтті.

2005 жылы Ирландия Парламенті – Эряхтас (ирл. Oireachtas) «Ақ қағаз» жарияланғаннан бері бұл салада ілгерілеушіліктің жоқтығын мойындай келе, волонтерліктің нақты стратегиясының қажеттілігін алға тартқан есебін жариялады.

Есеп 2005 жылы жарияланғаннан бері еріктілікке қатысты мемлекеттік саясаттың негізіне айналды.

Азаматтық белсенділік бойынша мақсатты жұмыс тобы бірқатар зерттеулер жүргізді.

Бұл топ 2006 жылғы сәуірде өзгеруші Ирландиядағы азаматтық қоғамды қолдау, ынталандыру және ілгерілету үшін қабылдануы мүмкін саяси шаралар бойынша үкіметке кеңес беру мақсатында құрылды.

Ол 20 мүшеден тұрады және мүшелік ету бүкіл Ирландия бойынша жастар, қариялар, өнер, ирланд тілі, білім беру, сондай-ақ мемлекеттік және жеке секторларды қоса алғандағы, мүдделер мен ұйымдардың кең спектрін ұсынады.

Жоғары лауазымды мемлекеттік шенеуніктер де мүшелікке енеді.

Жұмыс тобы Ирландиядағы азаматтық белсенділіктің кейбір аспектілеріне қатысты бірқатар жұмыстарды жариялады.

*«Ирландиядағы азаматтық белсенділік туралы статистика»,
«Діни бірлестіктердегі азаматтық белсенділік» және азамат-
тық белсенділіктің тұжырымдамасы.*

Аталған жұмыстарда «азаматтық белсенділік жағдайын ұлттық ба-
сымдыққа» айналдыру ұсынылды.

Ирландия үкіметі әлеуметтік серіктестік туралы келіссөздерге ара-
ласа отырып, «әлеуметтік әділеттілікті берік ұстануға кеңінен қатысқан
қоғам мен экономиканы» ынталандырмақ ниетін көрсетті.

Ирландиялық волонтерлік ұйым және жергілікті волонтерлер орта-
лықтарының ұлттық желісі еріктіліктің ұлттық саясаты мен стратегия-
ларын жүзеге асыруды құптады. Сөйтіп, 2011 жылы ақпанда билікке
келген үкімет парламентте «Ирландия волонтерінің» тиісті мемлекеттік
органмен ынтымақтастықта жұмыс істеуін күтетінін мәлімдеді.

*Соған байланысты, құрамына коммерциялық емес және қоғам-
дық сектор ұйымдары кіретін басқару комитеті ұлттық саясат-
тың негізін жасады. «Ирландия волонтері» аталмыш жұмысқа
сүйенетін болды.*

2015 жылы Ирландияның Орталық статистикалық басқармасы (The
Central Statistics Office, CSO) 2013 жылы тұрғындар арасында жүргізіл-
ген сауалнаманың нәтижелерін жариялады, оны «Волонтерлік және әл-
ауқат» деп атады. Деректердің халық санағын жасау кезіндегі қамтудан
аз болғанына қарамастан, Ирландиядағы волонтерліктің дамуы бойын-
ша ең соңғы және қол жетімді деректерді ұсынып, бірқатар статистика-
лық мәліметтердің берді.

Енді Ирландия халқының волонтерлікке қалай қатысқанын
қарастырайық.

1990 жылдардағы зерттеулер халықтың 33%-дан 39%-ына дейін во-
лонтерлік қызметпен айналысқанын көрсетті.

*Алайда, волонтерлік белсенділік 1990 жылдардың басында
өзінің шарықтау шегіне жетіп, 39% құрады, ал 1997-1998 жж.
33% -ға дейін төмендеді.*

Жүргізілген соңғы зерттеулер кейінгі онжылдықта еріктілік деңгейінің
төмендегенін көрсетті, бұған зерттеулерде әртүрлі сауалнама құралда-
рының пайдаланылғандығы себеп болуы мүмкін. Осылайша, 1990 жыл-
дар мен 2000-2006 жылдар көлеміндегі волонтерліктің аталған үрдіс-
тері салыстыруға келмейді.

Мысалы, Ұлттық экономикалық әлеуметтік форум (NESF, 2003)
әлеуметтік капиталды өлшеуге арналған сауалнаманы пайдаланды.
Ересектердің 17%-ы өздерінің ақысыз еріктілік іс-шараларымен айна-
лысатындықтарын, ал 22%-ы белгілі бір еріктілер немесе қауымдастық
тобына белсенді қатысатындықтарын жеткізді.

Салыстырудың ұқсас құралдары қолданылып жүргізілген 2006 жылғы зерттеуде еріктілік қызметінің өскендігі хабарланады, сұралғандардың 23%-ы төленбейтін тұрақты еріктілік қызмет туралы хабарлап, 29%-ы ерікті және қоғамдық топтарға тартылғаны белгілі болды.

Аталған екі сауалнама да ұлттық репрезентативтілікке үміткер болды. Сауалнаманың деректері, сонымен қатар, неғұрлым төмен көрсеткіштерді берді: Ирландияда 15 жастан асқан халықтың небары 16,4%-ы еріктілік жұмыстарына араласады.

Әр зерттеуде әртүрлі құралдардың пайдаланылуына байланысты нәтижелердің барлығын салыстыру қиын болғанмен, маңызды факторға волонтерлік қызметтің қандай да бір түріне араласпайтын адамдардың көп болуы жатады (2006 жылғы санаққа сәйкес 2,8 млн. адам). 2006 жылы зерттеу жүргізген CSO деректері бойынша бұл Ирландиядағы еріктілер санын 4%-ға ұлғайтты.

Зерттеу әдістерінің айырмашылығына байланысты деректерді салыстыру қиын болғанымен, зерттеу Ирландиядағы волонтерлердің көбеюінің айқын дәлелі болып табылады.

1990 жж. жүргізілген зерттеулерден көретініміздей, Ирландияда волонтерлікпен білімі жоғары және қалаларда тұратын әйелдер мен орта жастағы адамдар айналысқан. Осыған байланысты еріктілік ұйымдарына жастарды, білімі төмен және жұмыссыз адамдарды жұмылдыруға назар аудару ұсынылды.

2000 жылдан кейін жүргізілген зерттеулер 1990 жылдан бергі жағдайдың өзгермегенін көрсетті.

2013 жылғы CSO зерттеулері орта жастағы (35-тен 44 жасқа дейінгі) адамдардың еріктілікке бейімделгенін растайды.

2002 және 2006 жж. мәліметтері жоғары білімі бар адамдардың волонтерлікке немесе қоғамдық қызметке көп уақыт бөлетіндігін көрсетеді.

Бітіру туралы куәлікті немесе оның эквивалентін алғандар арасында волонтерліктің жоғары деңгейі байқалды.

Сонымен қатар, волонтерлердің ең көп үлесі - 34,7% - үшінші деңгейдегі білім иелері екендігін дәлелдейтін де мәлімет бар. Жұмыс істейтін және күндізгі білім алатын адамдар да көп жағдайда волонтерлікке қатысқан.

Алайда, бұл статистикаларды іріктеулердің өлшенбей берілгендігі салдарынан дербес күйінде пайдалануға келмейді, яғни ол ирланд халқы үшін репрезентативі болып табылмайды.

Ирландияда спортпен шұғылдану ерлердің үштен бір бөлігінен астамының (әйелдердің 3%-ына қарағанда) ерікті қызметінің кең таралған саласы саналады. Әйелдердің бестен бір бөлігі (21%) ер адамдардың сегізден бірімен салыстырғанда шіркеулік шараларға қатысады.

Ирландиялық әйелдер, ерлерге қарағанда, қайырымдылық ұйымдарымен жиі байланысады, ал ерлер әйелдерге қарағанда спорттық ұйымдармен араласуға көбірек бейім келеді.

Сонымен қатар, басқа да шаралар бойынша, мысалы «діни топқа немесе шіркеуге» (26%) және «саяси немесе мәдени ұйымға» (8%) қатысы бар волонтерлікке қатысу шаралары тіркелген. Адамдардың төрттен бір бөлігі олардың санақ түрінде көрсетілмеген волонтерлік қызметтің басқа түрлерімен айналысқандарын көрсеткен.

Ендігі кезекте еріктілерді қоғамдағы тегін жұмыс көзі ретінде көрсете отырып, волонтерліктің құндылығын экономикалық тұрғыда бағалайтын болсақ, 2002 жылғы сандарға негізделген соңғы бағалау Ирландия волонтерлерінің сол жылғы құндылығын 204,4 млн. еуроға тең келетін кіріспен теңестіреді.

Ирландияда волонтерлікті бекітетін нақты құқықтық база немесе заңнама жоқ. Волонтерлікке қатысты бірден-бір заң – «Жақсы самариялық» заңы болып табылады.

Ол төтенше жағдайда қол ұшын беруші адамдарды қорғауға арналған.

Бұған қоса, басқа құқықтық актілер волонтерлікке ықпал етеді және оны реттейді. Олардың қатарында денсаулық пен қауіпсіздікке, теңдікке және дискриминациямен күреске қатысты заңдар бар.

2011 жылғы Еуропалық еріктілер жылы аясында құрылған үкіметтік емес ұйымдар мен қоғамдық сектор ұйымдарының басқарушы комитеті волонтерлік туралы заңнаманы насихаттау қажеттілігін қарастыра келе, Ирландияның заңнаманы талап етпейтіні туралы, бірақ еріктіліктің ұлттық саясатының пайдасы бар екендігі туралы қорытындыға келді.

Ирландия волонтерлері мен жергілікті волонтерлер орталықтарын Қоршаған ортаны қорғау, қоғамдастық және жергілікті басқару департаменті тікелей қаржыландырады.

Департамент пен еріктіліктің ұлттық және жергілікті инфрақұрылымы арасындағы байланыс оңтайлы, әрі олар жергілікті және ұлттық волонтерлік инфрақұрылымның негізгі де-меушілері болып табылады.

Волонтерлікпен айналысатын КЕҰ құрылымы. Ирландияда волонтерлік инфрақұрылымға келесі ұйымдар кіреді:

- Волонтерлікті дамытудың ұлттық агенттігі, «Volunteer Ireland» және оның құрамына кіретін жергілікті волонтерлік орталықтар желісі (20-дан астам);
- Boardmatch, ықтимал волонтерлерді анықтайтын және оларды коммерциялық емес ұйымдардың директорлар кеңесіне орналастыратын ұлттық ұйым;

– студенттердің волонтерлігін арттыруға ықпал ететін үшінші деңгейдегі оқу орындарындағы бірқатар инициативалар.

«Волонтерлық Ирландия» (2011 жылдың ортасындағы еріктілердің екі ұлттық ұйымының бірігуінің нәтижесі: «Ирландияның волонтерлік орталықтары» және «Волонтерлік Ирландия») және жергілікті волонтерлік орталықтар соңғы 10 жыл немесе одан да көп уақыт бойы Ирландиядағы волонтерлікті жетілдірудің және дамытудың негізгі қатысушылары болды.

Ирландияда 20-дан астам жергілікті волонтерлер орталығы бар. «Volunteer Ireland» – волонтерлерді дамытудың ұлттық агенттігі, сонымен қатар Ирландиядағы барлық жергілікті волонтерлер орталықтарының өкілдік және қосымша органы.

Ирландиядағы еріктіліктің анықтамасы: үздік ирланд қоғамын құру үшін өз қауымдастықтарының өміріне араласатын адам.

Оның міндеті – өз үлесін қосу, волонтерлікке барлық деңгейде ықпал ете және оны шабыттандыра отырып, Ирландиядағы волонтерліктің әртүрлілігін, ауқымын және сапасын арттыру.

«Volunteer Ireland» келесілерді басқарады:

- Ирландиядағы волонтерліктің арнасы және волонтер болғысы келетін адамдар үшін, еріктілерді іздейтін ұйымдар үшін ақпарат пен ресурстардың қоймасы саналатын www.volunteer.ie сайты;
- www.volunteer сайтында ұйымдар, жеке тұлғалар және волонтерлік орталықтар арқылы толтырылған Ирландиядағы волонтерлік мүмкіндіктердің ұлттық деректер базасын;
- алдыңғы қатарлы тәжірибелермен және біліммен тұрақты түрде алмасу үшін ұйымдастырылатын кездесулерді;
- ұйымдардың, жеке тұлғалардың және мүмкіндіктердің ұлттық мәліметтер базасын.

«Ирландия волонтері» волонтерлердің жергілікті инфрақұрылымын бірлесе отырып: еріктілердің ұлттық аптасын, волонтерлер марапатының ұлттық бағдарламасын, және басқа кампанияларды біріктіреді. Сонымен қатар, білім беру, консультациялық және басқа да қызметтерді (Ирландиядағы Garda Vetting ұлттық қылмыстық сот төрелігі жүйесіне қолжетімділікті қоса алғанда) ұсына отырып, «Ирландия волонтері» коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдармен тікелей серіктеседі.

«Волонтерлер орталықтары» жергілікті волонтерлерді дамыту бойынша агенттіктер саналады және Ирландиядағы еріктілік инфрақұрылымының маңызды бөлігі болып табылады. Олар жеке тұлғалар үшін волонтерлік мүмкіндіктердің жалпыға қол жетімді тізімін ұсынады және адамдарға өздеріне лайықты волонтерлік рөлін табуға көмектеседі.

Бірінші кезекте, олар волонтерлерді келесі жолдар арқылы қолдайды:

- еріктіліктің инфрақұрылымымен және бағдарламаларымен тікелей айналысатын ұйымдарды қаржыландыру;
- жергілікті даму компаниялары арқылы тікелей қаржыландыру.

Еріктілерді мемлекеттік органдарға тартудың, әсіресе, экономикалық жағдайды ескерер болсақ, белгілі бір тосқауылдары кездеседі.

Көптеген компаниялар жұмыс берушілер тарапынан, олардың корпоративті әлеуметтік жауапкершілікке (**КӘЖ**) беріктігінің көрінісі ретінде, қолдау тапқан волонтерлік бағдарламаларын қолдайды.

Олар тікелей қоғамдық/ерікті ұйымдармен немесе «Ирландия волонтері», жергілікті волонтерлік орталықтар, қауымдастықтағы бизнес және т.б. арқылы өзара ықпалдасады.

Мектептердегі волонтерлік білім беру бағдарламаларының бөлігі ретінде қалыптасқан. Ол 12 мен 14 жас аралығындағы оқушылардың азаматтық пәндеріне енгізілген.

Пәннің аты «Азаматтық, әлеуметтік және саяси білім» деп аталады. Алайда, волонтерлік меңгерілетін немесе тәжірибеде қолданылатын деңгей, көбінесе, жекелеген мұғалімдердің осы тақырыпты қалай насихаттайтындығына байланысты.

Сонымен қатар, «өтпелі жыл» бар («кіші сертификат» деп аталатын мемлекеттік емтихандардың бірінші деңгейінен кейінгі жыл).

Өтпелі жыл барлық студенттерге ашық бола бермейді, өйткені кейбір мектептер бітіру сертификаттарының оқу жоспарынан қорытынды емтиханға көшуді жөн көреді. Сөйтіп, өтпелі жыл студенттерге білімге көбірек көңіл бөлуге мүмкіндік беріп, ал еріктілік және/немесе азаматтық белсенділік осының құрамдас бөлігіне айнала алады.

Сол сияқты волонтерлікке зейін қоюдың деңгейі де жеке оқытушыларға байланысты.

Волонтерлікті қаржылай қолдау. Ирландияда көптеген қоғамдық, ерікті немесе коммерциялық емес ұйымдар бар.

Тарихи себептерге байланысты мемлекет осы ұйымдарға көптеген қызметтерді «береді»: ауруханаларды, мектептерді, тұрғын үй бірлестіктерін, денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру ұйымдарын, мәдениетті, демалысты, әлеуметтік әділеттілікті, азаматтық құқықтарды және адам құқықтарын және т.б. қоспағанда.

Волонтерлікті қаржылай қолдаудың негізгі көзіне (волонтерлік Ирландия үшін де, жергілікті волонтерлер орталықтары үшін де) Қоршаған орта, қауымдастық және жергілікті басқару департаменті жатады.

Ерікті қолдауды жыл сайынғы қаржыландыру шамамен 3,5 млн. еуроны құрайды. Осы қаражат қорынан келетін тікелей гранттардың бірқатары ерікті инфрақұрылымдық ұйымдарға жөнелтіледі. Үкімет тарапынан келетін тікелей қаржыландыру - қарапайым. Жергілікті волонтерлік орталықтар да сол департаменттен жанама қаржыландыруға ие болып отырады.

Бұл жартылай мемлекеттік органдар (жергілікті қалалық немесе аудандық кеңестер) қаржыландыратын волонтерлік үшін арнайы қорғалған жергілікті даму компаниялары арқылы жүзеге асады.

Еріктілік секторын қаржыландырудың басқа да бірқатар көздері бар, бірақ мемлекет еріктілердің инфрақұрылымдық ұйымдарын қаржыландыратындықтан, мұндай ұйымдар көп жағдайда өтініш бере алмайды. Нақты бағдарламалар мен науқандар үшін үкіметтен тыс қаржыландыру көзіне коммерциялық корпорациялар мен Еуропалық Одақтың гранттары жатады.

2.3.2. Ұлыбритания

Ұлыбританияда волонтерлік қызмет танымал іс-шара болып табылады. **2009-2010 жж.** Қауымдастық пен жергілікті өзін-өзі басқару істері бойынша департамент «Азаматтыққа шолуды» («Citizenship Survey») жариялап, онда келесі мәліметтер берілді:

- 2009-10 жж. Англиядағы ресми волонтерлікке адамдардың 25%-ы (кемінде айына бір рет) қатысса, волонтерлердің 40%-ы (бұл жоғарыда аталған 25%-ды қосып алғандағы көрсеткіш) бұған жылына кемінде бір рет қатысқан;
- ресми емес волонтерлік бұрынғыдан да танымал бола бастады: аталған уақыт аралығында Англия тұрғындарының 29%-ы тұрақты түрде, ал 54%-ы кемінде жылына бір рет қатысқан;
- формальды волонтерлік деңгейі 2001-2009 жж. аралығында салыстырмалы түрде тұрақты болды, бірақ соңғы кездері формальды емес волонтерліктің деңгейі тұрақты, бірақ едәуір төмендей бастаған.

Англиядағы волонтерлік деңгейіне ықпал ететін бірқатар факторлардың ішінде әлеуметтік-экономикалық жіктеудің маңызы зор:

1) Англиядағы еріктілер үшін неғұрлым танымал салалар қатарына білім саласы (ресми волонтерлердің 31%-ы), дін (24%), спорт және дене шынықтыру саласы (22%), денсаулық пен мүгедектік (22%) жатады.

2) формальды волонтерлер көбінесе ақшаны жинауда және өңдеуде, сонымен қатар іс-шараларды ұйымдастыруда немесе көмектесуде (50%) қамқоршы немесе комитет мүшесі ретінде (28 %) қатысады.

Волонтерліктің деңгейі жоғары әлеуметтік-экономикалық санаттағы, әлеуметтік оқшаулану қаупі жоқ деп танылған, біліктілігі жоғары жұмыспен қамтылғандардаң арасында жоғары.

Жұмысшылармен немесе кеңсе қызметкерлермен салыстырғанда Ұлыбританиядағы волонтерлер ерекше құқықтық мәртебеге ие емес.

Волонтерлерге қатысты заңдар волонтерлік қызметке немесе еріктілік секторы үшін жеке кодификацияланған құқықтық базаны құрмайды. Алайда, волонтерлерге қатысты бірқатар парламент актілері бар.

«Полиция туралы заңның» (The Police Act, 1997) волонтерлер үшін екі негізгі салдары бар:

- **біріншіден**, заңда қылмыстық істер жөніндегі ұлттық бюро мен тексеру жүйесін құру қарастырылған: балалармен немесе әлсіз ересектермен жұмыс істегісі келетін волонтер адамның қылмыстық тарихын егжей-тегжейлі сипаттайтын Қылмыстық есепке алу бюросында (CRB) тексеріледі.

Бұл жүйені қолданатын волонтерлер бюрократияға байланысты алаңдаушылық CRB тексерулеріне қатысты ерікті сектордағы маңызды мәселе болды.

Осылайша, 2010 жылдың қазанында үкімет жүйенің қайта қаралғаны туралы және жүйенің қолдану аясын қысқартуға бағытталған ұсынылған заңнама туралы жариялады;

- **волонтерліктің екінші** мағынасы 2002 жылы полиция министрі баяндаған заңнамалық актіде «волонтердің» ресми анықтамасы көрсетілген неғұрлым толық ережесінде пайда болды.

Ережеге сәйкес «волонтер» - бұл «жақын туыс болып саналмайтын қандай да бір үшінші тараптың пайдасына бағытталған ақысыз істі (іссапар шығыстарын және басқа да бекітілген шығындардан басқа) істеу үшін уақытын арнаған адам.

«Ең төменгі жалақы туралы ұлттық заң» (National Minimum Wage Act, 1998) Ұлыбританияда тұңғыш рет барлық жұмысшыларға орталықтан белгіленген ең төменгі жалақы алуға жалпыға бірдей құқық берді.

Ең төменгі жалақы мөлшерін қоспағанда, Заң волонтердің жаңа санатын - «ерікті қызметкерлер» (voluntary worker) құрды, осылайша:

1) заң барлық қызметкерлерге ең төменгі жалақы алуға құқық береді, ал қызметкер келісімшарт бойынша жұмыс істейтін тұлға ретінде анықталады;

2) заң жобасын әзірлеу кезінде кейбір волонтерлердің іс-әрекетінің сипатын ескере отырып, іс жүзінде құрылымды толық күндізгі бағдарламалар бойынша жұмыс істейтіндігі және ең төменгі жалақы алуға құқығы бар екендігі туралы алаңдаушылық білдірілді;

3) проблемаларды болдырмас үшін адам келісімшарт бойынша өз еркімен жұмыс істей алатын нақты жағдайларды тану үшін «ерікті қызметкерлер» жаңа құқықтық мәртебесі құрылды;

4) жеке шығындардан басқа, волонтер-қызметкерлер өздерінің өмір сүру шығындарын өтеу үшін материалдық көмек ала алады және жұмыс уақытының барлық кезеңінде тегін тұрғын үй ала алады, бірақ өмір сүру шығындарын өтеу үшін қаржылық қолдау ала алмайды.

«Ерікті қызметкер» мәртебесінің жекелеген волонтер түрлері үшін минималды жалақыдан ақылға қонымды ерекшелікті ұсынатындығына қарамастан ерікті секторында, әдетте, «волонтер» анықтамасына байланысты шатасулар жалғасуда

«Осал топтардың қауіпсіздігі туралы» (Safeguarding Vulnerable Groups Act, 2006) заң 2006 жылғы екі баланың мектеп мұғалімінің қолынан қаза тапқан оқиғасынан кейін қабылданды. Бұл акт CRB тексеруінен өтті, содан кейін жаңа ұйым - Тәуелсіз Қорғау Органы құрылды, оған сәйкес:

- осал топтармен жұмыс істеуге жарамды деп саналатын адамдардың реестрі жүргізілді;
- волонтер ретінде немесе балалармен немесе осал ересектермен жұмыс істегісі келетіндер билік органдарында тіркеуден өтуі керек.

Алайда, бұл жүйе бұқаралық ақпарат құралдарында талқылауын тудырды, онда қатаң қорғаныс режимі еріктілік пен демотивацияны тоқтатады деген алаңдаушылықты баса айтты.

Осылайша, 2009 жылдың қыркүйегінде қайта қарау жүргізіліп, нәтижесінде құрылымның кейбір элементтері жеңілдеп, жалғасқан алаңдаушылықтан кейін жаңа коалициялық үкімет бағдарламаны тоқтатты.

«Өндірістегі еңбек қауіпсіздігі мен гигиенасы» заңы (Health and Safety at Work Act, 1974) мен «Деректерді қорғау туралы» заң (Data Protection Act, 1998) жалдамалы немесе волонтерлік қызметкер болу себебінен қорғалмаған волонтерлерге ғана емес, сондай-ақ кез-келген қоғам өкіліне қолданылатын құқықтық қорғауды қарастырады.

Осылайша, белгілі бір құқықтық базасы жоқ немесе волонтерлердің арнайы құқығы сақталмаған волонтерліктің ағылшындық практикасы волонтерлердің кейбір топтары арасында үлкен алаңдаушылық пен түсінбестік тудырды:

1) белгілі ұлттық қайырымдылық ұйымдарының волонтерлерге қатал қарым-қатынасы Англиядағы «волонтерлердің құқықтарын тергеуге» әкеп соқтырған бірнеше маңызды оқиғалар бар;

2) волонтерлер омбудсменін құру сияқты бірқатар мәселелерді зерттегеннен кейін тергеу нәтижесі Англияда волонтерлер тәжірибесін жетілдіруді ұсынды.

Сонымен, Англиядағы волонтерлік тәжірибесіндегі келесі кемшіліктер анықталды:

- волонтерлер құқығын қорғаудың жоқтығы;
 - құқықтық актілерде «волонтердің» дұрыс анықтамасының жоқтығы.
- 1997 жылға дейін мемлекеттік органдардың кең спектрі волонтерлердің қызметіне қаржылық қолдау көрсетті, бірақ 1997 жылдан бастап екі бөлімге ерікті сектордағы мемлекеттік саясатты үйлестіру және қолдау жүктелді:
- Ұлыбританияның ішкі істер (Home Office or The UK Interior Ministry);
 - кейіннен Белсенді қоғамдар дирекциясына айналған (Active Communities Directorate) «Еріктілік пен қауымдастық бөлімі» (Voluntary and Community Unit).
- 2006 жылы осы сектордың мемлекеттік саясаттағы өсіп келе жатқан маңыздылығын және әлеуметтік кәсіпкерліктің өсуін мойындай отырып, Үшінші сектор басқармасы құрылды.

Министрлер кабинетіндегі Бюро Ішкі істер министрлігінің ішкі секторының міндеттерін және сол кездегі Сауда және өнеркәсіп министрлігінің әлеуметтік кәсіпорындарының міндеттерін біріктірді.

2010 жылғы мамырдағы консервативті/либералды-демократиялық коалицияның үкіметі сайланғаннан кейін үшінші сектор үшін жауапкершілік министрлер кабинетінде сақталды.

Үшінші сектор басқармасы Азаматтық қоғам кеңсесі болып өзгертілді, бірақ оның міндеттерінде айтарлықтай өзгерістер болған жоқ.

Жаңадан сайланған Премьер-Министр «азаматтық сектор» терминін қолдап, «үшінші сектор» терминін қолданудан ашық түрде бас тартты.

Азаматтық қоғам басқармасының үйлестіру және көшбасшылық рөлі еріктіліктің барлық аспектілеріне ықпал етпейді.

Қауымдастық және жергілікті өзін-өзі басқару бөлімі азаматтық қоғамдастық мәселелерін және жергілікті өзін-өзі басқаруға қатысты Үлкен қоғамның күн тәртібінің элементтері мәселелерін басқарады.

2.3.3. Франция

Францияда «волонтерлік» деген ресми анықтама жоқ. Ең жиі қолданылатын анықтама 1993 жылы Францияның әлеуметтік-экономикалық Кеңесінің баяндамасында ұсынылған: «Волонтер - бұл жұмыс және отбасылық уақытынан тыс кезде өз еркімен басқалардың мүддесі үшін іс-шараларға ақы төленбестен қатысатын, заң бойынша қандай да бір міндеттемелері болмайтын адам».

Бұл анықтамаға француз қоғамының барлық секторлары қатысқан ұйымдағы көп пікірталастардан кейін қол жеткізілді.

Сондықтан волонтерлердің жұмысы ақылы жұмысқа қарама-қарсы анықталады. Анықтаманың негізгі элементтері:

- жалақы немесе сыйақының болмауы;
- заңды бағыныштылықтың болмауына әкелетін қызметтің ерікті сипаты.

Алайда еріктілер өздері жұмыс істейтін ұйымның жарғысын, сондай-ақ қауіпсіздік саласындағы стандарттар мен ережелерді құрметтеуі тиіс.

Францияда волонтерліктің екі негізгі тұжырымдамасы бар.

1. «Волонтариат» түсінігі бүгінге дейін бар волонтерлер қызметінің төрт түрлі формасына қатысты пайдаланылады:

- халықаралық волонтерлік қызмет;
- әскери волонтерлік қызмет;
- мемлекеттік қызмет;
- өрт сөндіру қызметі.

Еріктілер санының осы секторлардың жұмыс істеуі үшін маңызы бар.

Мысалы, ерікті өрт сөндірушілер шамамен 200 000 «волонтерді» құрайды, бұл ұлттық өртке қарсы қызмет персоналының 79%-ын құрайды.

Бұл қызметтер ерікті болып және альтруистік қатысуды талап етсе де, стипендиялар мен жәрдемақылары заттай төленеді.

Нақты заңдар мен ережелер волонтерліктің осы нысандарының негізін қамтамасыз етеді, сондай-ақ оларға ресми құқықтық мәртебе береді.

2. «Беневолат» ұғымы қандай да бір қаржылық өтемсіз немесе материалдық пайдасыз альтруистік қызметпен ерікті түрде айналысатын адамдарды білдіру үшін пайдаланылады.

Беневолықтардың ресми заңды мәртебесі жоқ, бірақ олардың қызметі бірқатар құқықтық нормалармен реттеледі.

Франциядағы беневолдар саны - 20 миллионға жуық (2019 жылғы деректер).

Тағы бір құжатта Франциядағы «bénévolat» және «volontariat» терминдері ерікті іс-әрекеттерді немесе волонтерлікті сипаттау үшін пайдаланылатындығы айтылған. Егер «bénévolat» жеке азаматтың отбасы, мектеп, кәсіптік немесе құқықтық қатынастар мен міндеттер шеңберінен тыс ақы төленбейтін мақсаттарға еркін қатысуы туралы болса; «volontariat» ерікті қызмет түсінігіне жақын. Бұл - азаматты неғұрлым формальды сипаттағы тарту (мысалы, коммерциялық емес ұйымның

құрылымы арқылы). Оның белгілі бір ұзақтығы бар және әдетте онда кәсіби дайындықтың кейбір түрі қолданылады.

Алайда Францияда «волонтариат» «қиындықтардың» ерекше жиынтығын тудырады. Оларға еріктілердің волонтерлік кезеңінде белгілі бір өтемақылар мен жәрдемақыларды алу құқығы (немесе жоқ), белгілі бір әлеуметтік қорғау, мысалы, зейнетақы құқығы және т.б.

Бұл мәнмәтінде волонтариаттың белгілі бір түрлері ғана танылады және француз волонтерлік туралы заңымен қамтылады³⁶.

Зерттеу барысында ағылшын тіліндегі «волонтер» термині француздық «беневольтік» тұжырымдамасының аудармасы ретінде қолданылады.

Тарихи тұрғыдан, Франциядағы еріктілік, негізінен, ерікті ұйымдар (қауымдастықтар) аясында жүзеге асырылды және концепция ретінде де, қозғалыс ретінде де оның өзіндік концепциясы болған жоқ.

Еріктілік/«беневольт» ұғымы алғаш рет 1970 жылдары қолданыла бастады, ол ұдайы «соғысушы беневольт» немесе «беневольті жауынгер» ретінде белгілі болды.

Әлеуметтік өзгерістер бірте-бірте «беневольт» түсінігін англосаксондық «волонтер» концепциясының мағынасына жақындатты, бірақ бұл Францияда басқа елдердегідей байқала бермеді.

Еріктілер орталықтары 70 жылдардың аяғында құрылды және олар күн санап өсіп келе жатқан қажеттілікті қанағаттандыратындықтан олардың уақыт өте келе маңыздылығы арта бастады.

Соған қарамастан, волонтерлік ұйымдар волонтерліктің «негізгі дауысы» болып қала береді және олар волонтерлікті олардың жұмысының маңызды элементі деп санайды.

Ұлттық статистика институты ұсынған волонтерлік туралы ресми мәліметтер 2002 жылдан басталады және Францияда 12 миллион беневольт бар екенін көрсетеді. Францияның Француз Français d'Opinion Publique (IFOP) институтының Беневольтымен 2019 жылдың наурызында жарияланған сауалнамасы 20 миллион француз беневольттарының еріктілік қызметпен айналысатындығын көрсетеді: еріктілік ұйымдарында 13 миллион ерікті, кәсіподақтар, саяси партиялар, діни ұйымдарда 2 миллион ерікті, ал қоғамда формалды емес еріктілік қызмет түрімен 5 миллион ерікті (өз отбасыларынан тыс) айналысады.

15 жас шамасындағы Франция халқының 38%-ы волонтерлік қызметтің алуан түрімен айналысады.

Осы IFOP сауалнамасы бойынша:

– 65 жастан асқан адамдар - волонтерлікпен ең көп айналысатын адамдар (31%);

³⁶ Study on Volunteering in the European Union. Country Report France // https://ec.europa.eu/citizenship/pdf/national_report_fr_en.pdf

- одан кейін 35 жастан 49 жасқа дейінгі топ (осы жас тобындағы халықтың 23%-ы волонтерлер);
- 15 пен 34 жас аралығындағы жастарды тарту деңгейі де жоғары (22%);
- **50-ден 64 жасқа дейінгілердің қатысу деңгейі ең төмен (5 адамның 1-і).**

Ер адамдарға қарағанда волонтер-әйелдер көбірек (52%).

Алайда әйелдердің қоғамдық ұйымдардағы директорлар кеңесінде және басшы лауазымдардағы өкілдігінің аздығын атап өткен жөн.

Әйелдердің отбасылық рөліне байланысты, олар көбінесе еріктілікке қысқа уақыт арнайды, соған орай олар ағымдағы басшылық рөлінен гөрі, еріктілердің қысқа мерзімді және кездейсоқ вакансияларына көп көңіл бөледі.

Зерттеулер:

- білім беру деңгейі мен волонтерлердің дайындығы арасындағы өзара байланысты;
- ерікті ұйымдарының француз қоғамында оң имиджге ие екендігін және олардың қоғам үшін өте қажет болып саналатындығын;
- азаматтардың, жануарларды қорғау мен кедейлікпен күрес сияқты салаларда, саясаткерлер мен мемлекеттік органдарға қарағанда волонтерлік ұйымдарға көбірек сенім артатындығын көрсетіп отыр.

Волонтерліктің заңды өкілдігі. Францияда «беневолат» волонтерлігі туралы нақты заң жоқ, десе де «волонтариатты» басқаратын кейбір заңдар бар.

Нақты заңдар волонтерлерге кейбір құқықтар мен міндеттерді, сондай-ақ «волонтариатты» жүзеге асыруға қойылатын талаптарды ұсынады.

Бұл «волонтариаттың» азаматтық және өрт сөндіру қызметтері сияқты белгілі бір құрылымдар аясында жүзеге асырылатындығына байланысты, онда волонтерлер келісімшарттың қатысушылары болып табылады және өздерінің жұмыстары үшін сыйақы алады.

Алайда «беневолат» заңды мәртебеге ие болмайды және осы қалыптағы волонтерлік тегін, жеке қызмет болып саналады. Құқықтық мәртебенің болмау себептерінің біріне еріктілер қызметінің (bénévolat) алуан формаларға ие болу мүмкіндігі, соған орай олардың барлығын нақты бір заңмен біріктіру мүмкіндігінің жоқтығы туралы пікірдің кең таралуы жатады.

«Беневолаттың» екі негізгі түрі бар:

- формальды (ресми құрылымда);

– формалды емес (достарына, туыстарына, көршілеріне көмек және т.б.).

Бірақ, қоғамдық ұйымдардың жұмысын реттейтін заңның осы күйінде сақталу керектігі туралы келісім бар, себебі еріктілерді жұмылдыратын ұйымдар үшін теңгерімді құқықтық негіз ұсынады.

Волонтерлікке қатысты көптеген құқықтық актілер, атап айтқанда, қызметкерлерге волонтерлік қызметке кету үшін демалыс алуға рұқсат беретін еңбек нормаларына қатысты бұйрықтар бар.

Салық және қаржы органдары волонтерлік қызметті «жасырын еңбек» санатына жатқызуға болады деп сенсе, олар арқылы VIO қатаң бақылауға алынады. Қатаң бақылаудың тағы бір саласы VIO-ның қаражат жинау тәрізді қоғамдық қызметіне, мысалы, көшеде себепсіз ақша жинау немесе қайырымдылық көмекке шақыру сияқты іс-шараларына байланысты.

Еріктілік секторы өзінің жеке сараптамалық тобын құрды, Le Comité de la Charte және VIO еріктілердің жұмысына әсер ететін аталған ережелердің барлығын сақтауға міндетті.

Қазіргі уақытта Ұлттық білім және жастар министрлігі (Ministère de L'Éducation nationale et de la Jeunesse) Францияның коммерциялық емес секторына жетекшілік ететін министрлік болып табылады.

KEY. Еріктілердің қатысуы тұрғысынан коммерциялық емес сектордың маңызды бөлігі еріктілер ұйымдары мен еріктілерді жұмылдыратын ұйымдарды (VIO) қамтиды. Қазіргі тағдағы VIO секторында үлкен өзгерістер орын алуда.

Қазіргі уақытта Франциядағы волонтерлар секторының негізгі қатысушыларына:

– «Venopova», 2013 жылы Иль-де-Франс аймағында құрылды.

Оның міндеті кездейсоқ волонтерлікке жәрдем көрсетумен сипатталады. Яғни, бұл қысқа, бірақ тиімді волонтерлік тәжірибе алуға мүмкіндік беретін, қысқа уақыт пен күшті қажет ететін волонтерлік мүмкіндіктерін жарнамалайды.

– Волонтерлердің Ақпараттық-ресурстық орталықтары (Centres de Ressources et d'Information des Volontaires - CRIV) – волонтерлерге олардың қызметі кезінде ақпарат, кеңес беріп және қолдау көрсететін жергілікті ұйымдар.

Бастапқыда спорттық VIO еріктілерін қолдау мақсатында мемлекеттік органдар арқылы құрылды, олардың құзыреті 2006 жылы Қауымдастық өмір бйынша конференциядан кейін ерікті қызметтің барлық түрлері кірді.

– «Conseil Economique, Social et Environnemental», CESE (Экономикалық, әлеуметтік және экологиялық кеңес). 1984 жылдан бастап VIO

Франция үкіметінің осы консультативтік жиналысына ұсынылды.

Сондықтан, VIO-лар CESE-де қаралған барлық мәселелер бойынша дауыс бере алады және талқылауға тақырып қоя алады.

CESE-нің жергілікті VIO өкілдері бекітілген аймақтық серіктестері (CESR) бар.

– «France Bénévolat» (France Volunteering) 2003 жылы «Planète Solidarite», «National du Volontariat» және «France Bénévolat» ауруханалар орталығының бірігуі нәтижесінде құрылған, бүгінде бүкіл ел бойынша 250 орталық немесе филиалды, оның ішінде 80 ведомстволық орталықты біріктіретін Франциядағы ең ірі ұлттық волонтерлер орталығы болып табылады. Франциялық «Bénévolat» үш негізгі функцияға ие:

- 1) волонтерлер мен оларға сұраныс арасындағы делдалдық;
- 2) волонтерлікті дамыту;
- 3) волонтерлерді тану.

«Haut Conseil a la Vie Associative», HCVA (Ассоциациялық өмірдің жоғарғы кеңесі), 2011 жылы құрылып, HCVA бұған дейін VIO-дан және француз премьер-министрінен тұратын консультативтік комитет «Conseil National de la Vie Associative»-ті алмастырды.

HCVA-ның қазіргі міндеті - Үкіметке VIO-ға қатысты мәселелер бойынша сараптамалық кеңестер беру.

– «Le Mouvement» Ассоциациясы (Ассоциациялық қозғалыс) 2014 жылы осы саланы әртараптандыру және Францияда азаматтық диалогты дамыту мақсатында 1992 жылы құрылған Тұрақты үйлестірушілер қауымдастығының орнына келді.

Қазіргі уақытта Mouvement қауымдастығы 700 федерация мен 600000 астам жергілікті ұйымдарды ұсынатын Францияның 12 аймағында жұмыс істейді.

Ұлттық «қолшатыр» ретінде Қозғалыс Ассоциациясы мемлекеттік органдар мен француз институттарына қатысты ортақ мүдделерін білдіретін және алға тартатын қоғамдық ұйымдардың күрделі мәселелерімен айналысады. «Passerelles et Compétences» (Gateway and Skills) VIO-ға білікті еріктілердің қажеттілігін мойындайтын, 2002 жылы құрылған VIO болып табылады.

Ұйымның мақсаты - қызметінде белгілі бір дағдыларды қажет ететін білікті волонтерлерді VIO-лармен біріктіру.

Қазіргі уақытта ұйымда 6500 волонтер мен 2500 VIO-ны үйлестіретін 21 аймақтық бөлімшелер жұмыс істейді.

«Tous Bénévoles» (барлық еріктілер) - ерікті делдалдық әдісіне маманданған Париждегі волонтерлер орталығының құрылымы болып табылады.

Сондай-ақ ол волонтерлікті жетілдіруге немесе тануға байланысты, мысалы, жастардың еріктілігі үшін марапаттар сияқты іс-шараларды өткізеді

Сауаттылық бағдарламаларына қатысатын волонтерлер үшін «Coeurs à lire» арнайы бағдарламасы ұйымдастырылды.

Францияның «Bénévolat» аймақтық орталықтары төмендегідей өзіндік дербес басқару органдары бар жеке және тәуелсіз ұйымдар болып табылады:

- олар жоғарыда «France Bénévolat»-ты сипаттау үшін қолданылған функцияларға ұқсас, тиімділіктің әртүрлі деңгейдегі функцияларын орындайды;
- Ұлттық құрылым қажет болған жағдайда аймақтық орталықтарға көмек пен басшылықты қамтамасыз етеді;
- бір аймақтағы жергілікті орталықтар арасындағы ресурстарды ынтымақтастыру мен біріктіру бар.

Әдетте жоғарыда аталған әртүрлі волонтерлерді қолдау құрылымдары арасында ынтымақтастық шағын форматта болады.

Еуропалық волонтерлік жылының (EYV) 2011 жылғы артықшылығының бірі Франция «Bénévolat» пен «Tous Bénévolat» тығыз ынтымақтастығы болды, себебі олар бірдей дайындық кездесулеріне қатысып, бірдей EYV-France Альянсының мүшелері атанды.

Қозғалыс Қауымдастығы VIO үшін қолшатырлық ұйым ретінде әрекет етіп, спорт, мәдениет, қоршаған орта және т.б. тәрізді әртүрлі, бірақ нақты анықталған қызмет салаларында жұмыс істейді.

Волонтерлік орталықтар бұл құрылымның мүшелері болмады, алайда «Еуропалық волонтер жылы кезеңінде «France Bénévolat» және «Tous Bénévolat» «Le Mouvement Associatif»-пен EYV-Франция», альянсы шеңберінде, тығыз байланыс жасады.

Бұл Альянстың идеясын Франция «Беневолаты» алға тартты, бірақ кейіннен оның хатшылығы бірлестікке ортақ сұрақтармен айналысатын Қозғалыстар бірлестіктеріне ауыстырылды.

Ірі VIO-лар спорт, денсаулық сақтау, алғашқы медициналық көмек және медициналық көмек сияқты салаларда қызмет етеді. Олардың ішіндегі ең танымал өкілдері - Француз Қызыл Кресті, «Secours Catholique» (French Caritas), «Secours Populaire» (Secours Catholique-тің зайырлы баламасы). Әрбір құрылымдағы волонтерлердің нақты санын білу қиын.

IFOP агенттігінен шыққан француздық «Беневолат» жүргізген зерттеуге сәйкес, VIO шеңберінде қызмет ететін 13 миллион француздық волонтердің 2 миллионы кәсіподақтар, саяси партиялар, діни ұйымдар тәрізді ұйымдарда, ал 5 миллионы волонтерлікпен қоғамда айналысады (өз отбасынан тыс).

VIO бір-бірімен спорт, жастар, мәдениет, әлеуметтік сектор және «Le Mouvement Associatif» құрылымдары тәрізді бір ғана сектор шеңберінде ынтымақтасып, сектораралық серіктестікке ықпал етеді.

Сонымен қатар, Франция үкіметі мезгіл сайын осы сектордың ерікті өкілдерінен тұратын түрлі жұмыс топтарын дайындайтын конференциялар ұйымдастырады.

Еріктілер орталықтары осындай конференцияларға қатысып қоймай, сондай-ақ салалық топтарға қатысуды жалғастыруда.

Француздық «Беневолатта» VIO-ң неғұрлым маңызды серіктестерін ақпарат пен ресурстарды біріктіру, сондай-ақ кейбір перспективті істерді жүргізу мақсатында ұжымдастыратын тұрақты комитет бар.

КЕҰ-ның басқа құрамдас бөліктерін, атап айтқанда, кооперативтер мен үлестік қорларды ішінара еріктілер басқарады және еріктілік қызметті қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік органдар негізінен волонтерлік қызметтің басқа түрін - мәртебесі бар волонтерлерді (волонтариат) олардың волонтерлік миссиялары - шетелдік гуманитарлық көмек миссиялары, дипломатиялық миссиялар, мемлекеттік қызмет, өрт сөндіру қызметі және т.б. кезінде алатын ақшалай өтемақының көп бөлігін қаржыландыру арқылы қолдаумен және жылжытумен айналысады.

Әйтсе де, үкімет еріктілік секторын («bénévolat») барған сайын мойындап және олармен белсенді жұмыс істей бастағанға ұқсайды.

- 2018 жылы «Le Mouvement Associatif»-ның премьер-министрге ұсынған 59 ұсынысқа жауап ретінде Ұлттық білім беру және жастар министрлігі еріктілік пен француздық қайырымдылық мәдениетін дамыту бойынша іс-шаралар жоспарын жасады;
- бұл шараларға, атап айтқанда, VIO-лар үшін қаржыландыру мен салықтық төлемдерді ұлғайту, сонымен қатар әкімшілік процестерді жеңілдету кіреді.

Көптеген жергілікті билік органдары жергілікті VIO жұмысын ақпарат, кеңселер мен жабдықтар, жиналыстар мен VIO әкімшілігіне арналған кеңселерді ұсыну арқылы жеңілдету мақсатында қауымдастықтар палатасы («Maison des Associations») деп аталатын құрылымдар құрып, оларды субсидиялады.

Франциядағы компаниялар өз қызметкерлері үшін волонтерлік бағдарламаларын құруды бастады:

- компаниялардың шамамен 42%-ы VIO-мен серіктестік құрды немесе оны құруға ниетті, осы арқылы жұмыскерлер жұмыс уақытында VIO-мен ерікті түрде жұмыс жасай алады;
- жұмысшылар әдеттегі жұмыс күніндегі тәрізді өз компаниясынан сыйақы алады.

Осы бағдарламаларды құру кезінде олар кейде France Bénévolat сияқты еріктілік орталықтарының көмегіне жүгінеді.

Кәсіпкерлер VIO-ға еріктілік қызметін жүзеге асыруға көмектесу үшін демеушілік жасап, оларға оларға қаржылық және материалдық көмек көрсетеді.

2011 жылғы Еуропалық волонтерлік жылының оң нәтижесін мектептердің волонтерлікті дамытудағы белсенділік танытуы дәлел болып отыр.

Білім министрлігі VIO-ға мұғалімдер мен студенттердің волонтерлік туралы хабардарлығын арттыруға бағытталған мектептерде «елшілер» деп аталатын операцияны бастауға рұқсат берді.

Содан бері Франция үкіметі 2017 жылы университеттерге студенттердің волонтерлік қызметтерін өздерінің академиялық бағдарламаларының бөлігі ретінде тануға және мойындауға міндеттейтін бағдарлама қабылдады.

Бұл олардың дипломдары аяқталғаннан кейін расталған несиелер түрінде болуы мүмкін, сонымен қатар студенттердің сабақ кестесін, яғни қашықтықтан оқытуды, балама бағалау әдістерін және т.б. өзгерту мүмкіндігі бар ерікті іс-әрекеттерді жеңілдетеді.

Қаржылық қолдау және мүмкіндіктер. Волонтерлерді қаржыландырудың басым бөлігін VIO мүшелерінің өздері қамтамасыз етеді. Бұл көбінесе мүшелікке тіркелу үшін төленуге тиісті мүшелік жарналар түрінде болады.

Қатысушыларға осы ұйымдарды қаржыландырудың басқа тәсілдері қаржылық және материалдық қайырымдылық түрінде жасалады.

Тікелей қаржылай қайырымдылықпен қатар, қатысушылар фирмаларды, жабдықтарды немесе бағдарламалық қамтамасыз етуді ақысыз пайдалана алады.

Сонымен қатар, Францияда волонтерлерді қаржыландыру үшін қаражат жинау мүмкіндігі бар. Бұл жеңіл бағамен сату саудасын, розыгрыштарды немесе спорттық шараларды ұйымдастыру сияқты қаржы жинаудың дәстүрлі шараларынан бөлек, GoFundMe.com және ulule.com сайттарын пайдалана отырып, краудфандинг әдісін қолдану сияқты іс-шараларға да қатысты. Жоғарыда атап көрсетілгендей, компаниялар мен VIO арасындағы серіктестік қатынастар жиілене түсуде.

Қаржылай гранттар түріндегі мемлекеттік қаржыландыру тіркелген VIO үшін қолжетімді, ол мемлекет, мемлекеттік әкімшіліктер, әлеуметтік қамтамасыз ету ұйымдары немесе жергілікті билік арқылы ұсынылады.

Осындай мысалдардың біріне Өмірді Дамыту Қорының Қауымдастығы (FDVA - Өмірді дамытудың қауымдастырылған қоры) жатады, ол VIO-ға волонтерлерді оқыту мен дамытуға арналған материалдық көмек көрсетеді. 2018 жылы үкімет осы қорға 25 миллион евро бөлді.

Әйтсе де, мемлекеттік қаржыландырудың 2011 жылғы 34%-дан 2017 жылғы небары 20%-ға дейін төмендеуі байқалады.

Қаражат жинау жөніндегі іс-шаралар VIO-ны қаржыландырудың үлкен бөлігін құрайды - 66% (2017).

Қайырымдылық VIO бюджеттерінің тек 5%-ын құрайды, ал мүшелік жарналар VO қорларының 9%-ын құрайды.

Ұдайы-жүйелі зерттеу. Францияда волонтерлік туралы сенімді зерттеулер бар, бірақ олар жүйелі түрде жүргізілмейді. Волонтерлік саласында зерттеу жүргізуге арналған, мысалы «Recherches et Solidarités» тәрізді ғылыми-зерттеу институттары бар. Университеттер де еріктілікті зерттеу саласында белсенділік танытады.

Көрнекті академиялық зерттеушілер қатарына Париж 1 Пантеон-Сорбонна университетінен Вивиан Черноног пен Эдит Арчамбоны және Нант университетінен Лионель Прутоны жатқызуға болады. Мұндай академиялық жұмыстарды VIO қолданады, дегенмен ұйымдар зерттеушілердің тақырыбын таңдауға ықпал етпейді.

Үкіметтің зерттеу тақырыптарын жүргізу үшін VIO өтім бере алатын, тақырыптары оларды қызықтыратын, бірақ қаржысы ауқымды емес арнайы қорлары бар.

Ерікті ұйымдарға өздерінің бюджеттерінде еріктілер жұмысының ақшалай құнын көрсеткіш ретінде нұсқау ұсынылады.

Неғұрлым жүйелі зерттеулер мен статистика мақсаттар мен нақты мәселелерді шешуге, сәйкесінше, нақты қажеттіліктерге жауап беретін дұрыс бағдарламаларды жасау үшін маңызды болмақ.

«La Fonda» деп аталатын VIO «VIO және бизнес», «VIO және демократия», «Әлеуметтік инновациялар» және т.б. сияқты еріктілік тақырыптары бойынша зерттеулердің мәліметтер базасы ретінде қызмет етеді. Ұйым академиялық зерттеушілердің, HCVA сияқты еріктілердің инфрақұрылымдарының, далалық сарапшылардың және мемлекеттік қызметкерлердің жұмысын жариялайды.

Волонтерлік этикасы мен стандарттары. Жалпы алғанда волонтерлікке арналған ресми этикалық кодекстер жоқ. Бірақ жеке VIO-ларда осы ұйымдарға қатысатын волонтерлердің құқықтары мен міндеттерін анықтайтын жарғылар тәрізді әртүрлі құжаттар бар.

Қайырымдылық жасауға қатысты этикалық нормаларды сақтағысы келетін VIO қатарына келесілер кіреді:

– 1988 жылы құрылған «La Charte du Don en Confiance»;

– 1999 жылы кәсіподақ ретінде құрылған «France Gïñïrositï», қазіргі уақытта құрамына қоғамдық қор жинау науқандарын жүргізетін 101 ұйым кіреді.

Волонтерлер мүмкіндіктерінің кепілдігі. Францияда еріктілер мен еріктілердің мүмкіндіктері туралы ұлттық деректер базасы жоқ.

Ұлттық деңгейдегі «France Bïñïvolat» және «Tous Bïñïvolat» сияқты ұйымдар, жергілікті деңгейдегі басқа волонтерлік орталықтар сияқты, волонтерларды волонтер болғысы келетін адамдармен салыстыру үшін алдыңғыларының мүмкіндіктерін тіркейді.

Тарауға арналған қорытындылар: қарастырылған Батыс пен АҚШ тәжірибелері қазақстандық волонтерлік саласында қолдануға болатын көптеген қызықты ерекшеліктерді анықтады.

№	АҚШ және Батыс тәжірибесінен ұсынылатын құралдар	Бұл Қазақстанда қалай жүзеге асырылады
АҚШ		
1	Үкімет адамдардың әрқайсысы үшін бәсекеге қабілетті және ынталандырушы орта құра отырып, адамдардан бастап жаһандық масштабтағы ірі корпорацияларға дейінгі барлық мүмкін механизмдерді пайдалана отырып, волонтерлерді жүйелі дамытуға баса назар аударады	ҚР Үкіметіне волонтерлерді дамыту саясатын аталмыш жүйеде пайдаланылатын механизмдерді егжей-тегжейлі зерделеуден бастап, қатысу нысандары мен әдістерін, соның ішінде, бәсекеге қабілетті және ынталандырушы орта құру арқылы ҚР территориясында жұмыс істейтін ірі компаниялармен серіктестікті қарастыра отырып, тең және жүйелі түрде жүзеге асыру.
2	Волонтерлердің ресурстарын дұрыс басқарудың негізгі құралдарына волонтерлердің жасына, жынысына немесе әлеуметтік жағдайына қарамастан, оларға қолайлы жағдай жасап отырған CNCS бағдарламалары жатады.	Волонтерлік бағдарламаларға тек жастарды тарту тәжірибесінен бас тарту керек, жасына, жынысына немесе әлеуметтік мәртебесіне қарамастан, адамдар санын көбірек тарту мүмкіндігін қарастыру керек.
3	Американдық волонтерлердің негізгі белгілері - ыңғайлылық, қорғаныс пен ынталандыру: әлеуметтік жеңілдіктер, «ақылы демалыс» түріндегі корпоративті ынталандыру бағдарламалары, қаржылық қолдау, міндетті медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмек.	Қазақстандағы қолданыстағы шараларды ыңғайлылық, қорғаныс пен ынталандыру, сонымен қатар әлеуметтік төлемдер, «ақылы демалыс» түріндегі корпоративті ынталандыру бағдарламалары, қаржылық қолдау, міндетті медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмек тұрғысынан қарастыру.
4	Жұмыс берушінің мемлекеттен салықтық жеңілдіктер алуына және сыртқы және ішкі корпоративті имиджін құруына мүмкіндік беретін, волонтерлікпен айналысатын қызметкерлері үшін дұрыс ойластырылған корпоративті бағдарламалар.	Мемлекеттен жұмыс берушінің салықтық жеңілдіктер, сыртқы және ішкі корпоративтік имиджді қалыптастыру түрінде ала алатын мүмкіндіктерімен қатар, табысты корпоративті бағдарламаларды волонтерлерге айналатын қызметкерлердің мүддесі тұрғысынан зерттеу.
5	Қоғамның әлеуметтік-экономикалық интеграция процестеріне волонтерлік тәжірибені іс жүзінде енгізу - АҚШ-ғы волонтерліктің әлеуметтік белсенділіктің, экономикалық дамудың және тиімді мемлекеттік басқарудың әлеуеті болып табылатындығының көрінісі.	Волонтерлікті қоғамның әлеуметтік-экономикалық салаларының интеграциясы процестерінде іске асыруды «Рухани жаңғыру» қоғамына қызмет ету призмасы арқылы және әлеуметтік белсенділіктің, экономикалық дамудың және тиімді мемлекеттік басқарудың болжамды потенциалы арқылы жүзеге асыру.

№	АҚШ және Батыс тәжірибесінен ұсынылатын құралдар	Бұл Қазақстанда қалай жүзеге асырылады
Ирландия		
1	Волонтерлікті қолдау ұлттық саясат болып табылады: 1950 жылдары мемлекет волонтерлік қызметті қаржыландыруда елеулі рөл атқара бастады.	Волонтерлік қызметті қолдауды Рухани жаңғыру призмасы және Бағдарламаларды (жоғарыдағы тарауда келтірілді) іске асыру, немесе гранттар беру арқылы ұлттық саясатқа айналдыру.
2	Волонтерлерді сақтандыру: волонтерлік қызметті сақтандыру бойынша нақты заң ережелері жоқ. Алайда, «Volunteer Ireland» еріктілер тартылған ұйымдарға волонтерді аурудан, жазатайым жағдайлардан және үшінші тұлғалар алдындағы жауапкершіліктен сақтанудың нақты жолдарын көрсететін еріктілердің жазбаша саясатын жасауды ұсынады.	Заңнамалық бөлімде волонтерлерді сырқаттану, жазатайым оқиғалар және т.б. қауіп-қатерлерден сақтандыру мүмкіндігін қарастыру (ұсыныс 3-тарауда келтірілді).
3	Ирландиялық волонтер егер жұмыссыздық туралы тиісті кеңсені өзінің волонтер болғысы келетіні жайлы хабардар еткен болса, жәрдемақы түрінде әлеуметтік қолдау алады.	Осы мүмкіндікті заңнамалық бөлімде қарастыру. (ұсыныс 3-тарауда айтылды).
4	Мүгедектер кез-келген әлеуметтік мүгедектік жәрдемақыларын алу құқығын жоғалтпастан, еріктілік жұмыстарының белгілі бір формаларымен айналысады (мүгедектер әлеуметтік мәселелер жөніндегі органнан, оларға ерікті қызметтің қалпына келтірілетінін және пайдалы екендігі туралы медициналық анықтаманы ұсына отырып, рұқсат алады)	Осы мүмкіндікті заңнамалық бөлімде қарастыру.
5	Бір жылдан аз уақыт мекендеген қысқа мерзімді волонтерлер «келушілер» ретінде қарастырылады, олар жедел медициналық көмек алуға құқылы.	Осы мүмкіндікті заңнамалық бөлімде қарастыру.
6	Ұзақ мерзімді волонтерлер, яғни Ирландияда кемінде бір жыл тұрған адамдар «қарапайым тұрғындар» болып саналады, олар ұлтына қарамастан құқықтық мәртебеге ие және медициналық қызмет алуға толық құқылы.	Осы мүмкіндікті заңнамалық бөлімде қарастыру
7	Ирландия жұмыссыздары жұмыссыздық бойынша жәрдемақы ала отырып, қарттарға, науқастарға немесе мүгедектерге көмек көрсету сияқты белгілі бір салаларға өз еркімен қатысуға құқылы.	Осы мүмкіндікті заңнамалық бөлімде қарастыру
8	Мектептерде волонтерлік оқу бағдарламасының бөлігі ретінде жұмыс істейді. Әдетте, 12 мен 14 жас аралығындағы орта мектеп оқушыларының бастауыш мектеп циклінде оқитын азаматтық пәндерге негізделген пәніне енгізілген.	Осы мүмкіндікті заңнамалық бөлімде қарастыру
Ұлыбритания		
1	«Полиция туралы заңның» (The Police Act, 1997) волонтерлер үшін екі негізгі салдары бар: - біріншіден, заң қылмыстық істер жөніндегі ұлттық Бюро мен тексеру жүйесін құруды қарастырады: балалармен немесе осал ересектермен жұмыс істегісі келетін волонтерлерді адамдардың қылмыстық тарихын егжей-тегжейлі сипаттайтын Қылмыстық есепке алу бюросы (CRB) тексереді; - волонтерліктің екінші мағынасы 2002 жылы полиция министрімен бекітілген нақты ережелерде пайда болып, онда «волонтер» ресми түрде заң актісінде анықталды.	Заң бөлімінде осындай мүмкіндікті қарастыру.

№	АҚШ және Батыс тәжірибесінен ұсынылатын құралдар	Бұл Қазақстанда қалай жүзеге асырылады
2	«Өндірістегі еңбек қауіпсіздігі мен гигиенасы туралы» заң (Health and Safety at Work Act, 1974.) мен «Деректерді қорғау туралы» заң (Data Protection Act, 1998) қоғамның кез-келген мүшесіне қолданылғаны сияқты, жалдамалы я ерікті жұмыскер болып табылатын волонтерлерге қолданылатын құқықтық қорғауды қарастырады.	Заң бөлімінде осындай мүмкіндікті қарастыру.
Франция		
1	Көптеген жергілікті билік органдары жергілікті VIO-лардың қызметін олардың жетекшілері мен отырыстарын ақпаратпен, кеңсе және жабдықтармен, жиналыс бөлмелерімен, VIO басшыларымен қамтамасыз ету арқылы жеңілдету мақсатында қауымдастықтар палаталары арқылы (Maison des Associations) құрылымдарды құрған және субсидиялаған.	Осындай мүмкіндікті қарастыру және АҚДМ-не ұсыну.
2	Жұмыскерлердің жұмыс уақытында VIO-мен ерікті түрде жұмыс жасай алуы үшін компаниялардың 42%-ына жуығы VIO-мен серіктестік орнатқан немесе орнатуды жоспарлап отыр.	Осындай мүмкіндікті заңнамалық бөлімде қарастыру.
3	Қызметкерлер әдетте волонтерлігі үшін өз компаниясынан сыйақы алады.	Осындай мүмкіндікті заңнамалық бөлімде қарастыру немесе оны волонтерлерге өз қызметін жүргізуге мүмкіндік беретін ұйымдардың жарғылық қызметінің бөлігі ретінде ұсыну.
4	Білім министрлігі VIO-ға мұғалімдер мен студенттердің волонтерлік туралы хабардарлығын арттыру мақсатында мектептерде «елшілер» деп аталатын операцияны бастауға рұқсат берді.	Осындай идеяны дамытуды ҚР Білім және Ғылым министрлігімен бірлесе қарастыру.
5	Қаржылық гранттар түріндегі мемлекеттік қаржыландырулар тіркелген VIO арқылы қолжетімді, олар мемлекет, мемлекеттік әкімшіліктер, әлеуметтік қамсыздандыру ұйымдары немесе жергілікті билік арқылы қамтамасыз етеді.	Осындай мүмкіндікті заңнамалық бөлімде қарастыру.
6	Еріктілік саласында зерттеулер жүргізетін «Recherches et Solidarités» тәрізді институттары бар. Университеттер де еріктілік саласындағы зерттеулермен белсенді айналысады.	Волонтерлік зерттеулерін жүргізуді тұрақты негізде қарастыру.

3 ТАРАУ. ҚР ЗАҢНАМАЛЫҚ АКТИЛЕРІНЕ ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ ҰСЫНЫСТАР ЖӘНЕ ВОЛОНТЕРЛІК ҚЫЗМЕТТІ ЖЕТІЛДІРУ БОЙЫНША РЕКОМЕНДАЦИЯЛАР

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасындағы волонтерлік қызметті дамытуға ықпал ететін заңнамалық шараларды қарастыру қажеттілігі туындап отыр.

Халықаралық заңнамада волонтерлік қызметті реттейтін бірнеше заңнамалық актілер қатары бар:

1948 жылы халықаралық деңгейде қабылданған Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы волонтерлік қызметті реттейді және адамның қоғам алдындағы өз жауапкершілігіне құқығын бекітеді;

1990 жылы Парижде қабылданған волонтерлердің жалпыға бірдей декларациясында қозғалыстың негізгі принциптері, оның мәні мен мақсаттары қарастырылады;

2001 жылы Амстердамда қабылданған Еріктілердің жалпыға бірдей декларациясы әлемдегі адамдардың барлығы өздерінің уақытын, таланты мен күшін басқа адамдарға немесе өз қоғамдастықтарына материалдық сыйақы күтпестен жеке немесе ұжымдық әрекеттер арқылы арнай алатындығын баяндайды.

Құқықтық тұрғыдан алғанда декларациялар ережелері қатаң орындалуы тиіс міндетті құжаттар қатарына жатпайды. Осыған орай, әрбір ел өз территориясында қолданысқа ие бола алатын жеке заңдарын қабылдайды.

Қазақстандағы волонтерлік қызметті «Волонтерлік қызмет туралы» ҚРЗ реттейді.

Бұған қоса, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 26 сәуірде № 15038 тіркелген, 2017 жылғы 22 ақпанда №15 тіркелген, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 2 мамырда № 15100 тіркелген «Волонтерлік бағдарламалардың (жобалардың) және волонтерлік акциялардың іске асырылуының мониторингін жүзеге асырудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Дін істері және азаматтық қоғам министрінің 2017 жылғы 24 наурыздағы № 42-1 бұйрықтары әрекет етеді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 26 тамыздағы № 135 «Волонтер жылын жариялау туралы» қаулысымен 2020 жыл – «Волонтер жылы деп жарияланды.

Осыған орай, «Волонтерлік қызмет туралы» ҚРЗ волонтерлер қызметін реттейтін негізгі құжат болып табылады. Заңда волонтерлерге (1-бап), волонтердің (12-бап) және волонтерлік қызметті ұйымдастырушылардың (15-бап) құқықтары мен міндеттеріне, және де билік органдарының волонтерлік ұйымдармен өзара ықпалдасу тәртібіне (7-11-баптар) қатысты ұғымдар берілген.

Еуропа Кеңесі Бас Ассамблеясының «адамдардың волонтерлік қызметке қатысуына тікелей немесе жанама түрде кедергі келтіретін барлық тосқауылдарды заң жүзінде табу және жою, адамдарды еріктілік қызметі үшін жазалайтын салық қысымын азайту», сондай-ақ «ерікті-жұмысшыларға құқықтық мәртебе беру, әрі олардың дербестігін құрметтеу және волонтерлік қаржылық кедергілерді жою» ұсынымдарының негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгерістер енгізу қажеттілігін қарастырамыз.

Қолданыстағы заңнаманы волонтерлік саласында туындайтын қоғамдық қатынастар жүйесін нығайту, әлеуметтік бағытталған коммерциялық емес ұйымдардың тиімділігін арттыру, инициативалық азаматтық белсенділіктің дамуына ықпал ету үшін әлеуметтік мәселелер тұрғысынан жетілдіру қажет.

Жалпы алғанда, өзгерістер волонтерлер мен волонтерлер ұйымдарының қызметін реттейтін мәселелерге, соның ішінде волонтерлік қызметке ықпал ететін немесе кедергі келтіретін факторларға қатысты болуы тиіс. Келесілерді қарау ұсынылады:

- 1) құқықтар және әлеуметтік топтама;
- 2) салық салу;
- 3) жауапкершілік және оқыту;
- 4) визалық және басқа да иммиграциялық ережелер.

Сондай-ақ, волонтерліктің реттелмейтін сипатын ескере отырып, өзін-өзі басқару ұйымдары деңгейінде волонтерлердің әлеуметтік ережелері мен мінез-құлық этикасын белгілеу ұсынылады.

Волонтерлік қызметтің қолданыстағы жүйесі волонтерлік қызметтің жұмыс істеуіндегі нақты механизмдерді, оларды мемлекеттік қолдау мен ынталандыру жүйесін және волонтердің айқын мәртебесін құрудағы тұтастықты қажет етеді.

«Волонтерлік қызмет туралы» ҚРЗ қабылданған сәттен бастап елдегі волонтерлік қозғалыстың осы қызметке үлкен қызығушылық танытқан топтарды жұмылдыра алмағанын, тек халықаралық спорттық және мәдени шараларды өткізумен, яки адамдардың басым бөлігін көмек және қайырымдылық көрсету бойынша жұмылдыратын табиғи немесе тех-

ногендік сипаттағы төтенше оқиғалармен байланысты эпизодтық сипатқа ие болғанын атап өткен жөн.

Қазақстан Республикасының заңнамасына волонтерлік қозғалысты дамытуға бағытталған түзетулерді енгізу бойынша ұсыныстар «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заң жобасының «Волонтерлік қызмет туралы» мәселесі бойынша салыстырмалы кестеде ұсынылды:

1. ҚР қолданыстағы заңдарын толықтыратын ұсыныстар сары түспен белгіленді;

2. Қолданыстағы «Волонтерлік қызмет туралы» ҚРЗ-нан алмастыру немесе алып тастау ұсынылған сөздер немесе ұғымдар қызыл түспен белгіленді.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заң жобасының «Волонтерлік қызмет туралы» мәселесі бойынша

САЛЫСТЫРМАЛЫ КЕСТЕ

№	Құрылымдық элемент	Қолданыстағы редакция	Өзгерту немесе толықтыру ұсынылатын редакция	Негіздеу
1	2	3	4	5
Қазақстан Республикасының «Волонтерлік қызмет туралы заңы» (2017.11.07. берілген өзгерістермен)				
	1-баптың 9) тармақшасы	1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР 1-бап 9) волонтерлік ұйым - Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құрылған және волонтерлік қызметті жүзеге асыратын коммерциялық емес ұйым (діни бірлестіктерді, тұтыну кооперативтерін, сондай-ақ саяси партиялар немесе кәсіптік одақтар нысанындағы қоғамдық бірлестіктерді қоспағанда).	1-баптың 9) тармақшасын келесі редакцияда толықтыру ұсынылады: 9) волонтерлік ұйым – Қазақстан Республикасының заңдары мен жарғылық мақсаттарына сәйкес құрылған және волонтерлік қызметті жүзеге асыратын (діни бірлестіктерді, тұтыну кооперативтерін, сондай-ақ саяси партиялар немесе кәсіподақтар түріндегі қоғамдық бірлестіктерді қоспағанда) коммерциялық емес ұйым.	«Волонтерлік ұйымның» қолданыстағы редакциядағы анықтамасы волонтерлік ұйымның практикада қолданылуына қиындық туғызатын кең анықтамасын береді. Егер ұйым волонтерлік қызметті жарғылық мақсатта көрсетер болса, бұл қандай үкіметтік емес ұйымдардың волонтерлік қызметпен айналысуға мақсатты екендігі туралы нақты түсінік қалыптастырып, соған сәйкес оларға волонтерлік қызметтің кез-келген түріне қатысуға мүмкіндік беретін еді.
	10-баптың 1-тармағы	2-тарау. ВОЛОНТЕРЛІК ҚЫЗМЕТ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ 1. Облыстардың, республикалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары өз құзыреті шегінде: 1) волонтерлік қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады; 2) волонтерлік қызмет саласында жеке, заңды тұлғалармен және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасайды; 3) волонтерлік қызметтің мониторингін жүзеге асырады; 4) волонтерлік қызмет практикасын талдауды, жиынтықтау мен жинақтап қорытуды жүзеге асырады; 5) жергілікті мемлекеттік басқару мүдделерінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.	10-баптың 1-тармағын 4-1) тармақшасымен келесі редакцияда толықтыру ұсынылады: волонтер ретінде жұмыс істейтін табысы аз адамдарды жәрдемақымен, шәкіртақымен және басқа да әлеуметтік қолдау шараларымен қамтамасыз ету.	АҚШ-та еріктілік қызметін атқаратын табысы төмен адамдарға жәрдемақы, шәкіртақы немесе қолдаудың басқа түрі жасалады. «Табысы төмен адам» түсінігі кірісі кедейлік шегінің 200 пайызынан аспайтын кез-келген адамды білдіреді. Ирландияда 1997 жылғы «Әлеуметтік қамсыздандыру туралы заңға» («Ақ кітапқа» дейін күшінде болған «Жасыл кітап») сәйкес, адам өз еркімен шетелге кеткен жағдайда оның жұмыссыздық бойынша жәрдемақысы тоқтатылады; десе де, жеке тұлға Ирландияға қайта оралысымен жәрдемақы алуға өтініш бере алады. Сонымен қатар, Ирландияның жұмыссыздары жұмыссыздық бойынша жәрдемақы ала отырып, қарияларға, науқастарға немесе мүгедектерге көмек сияқты белгілі бір секторларға ерікті түрде қатысуға құқығы бар; жұмыссыз адам ерікті түрде волонтерлік ететін ұйым жұмыссызды жұмысқа қабылдас бұрын жергілікті кеңседен оның жұмыссыздығын дәлелдейтін ресми құжат алуы тиіс.

№	Құрылымдық элемент	Қолданыстағы редакция	Өзгерту немесе толықтыру ұсынылатын редакция	Негіздеу
1	2	3	4	5
				<p>Ұлыбританияда волонтерлерге волонтерлік еткен уақыты үшін төленбейді, бірақ волонтер кеткен шығындарын жабу үшін ақша алады. Бұл әдетте волонтердің волонтерлік қызметі барысында сатып алатын тамақпен, сусындармен, саяхат немесе кез-келген жабдықтарымен шектеледі. Волонтер жеңілдіктер талап етуге, мысалы, іс-сапарлық жол шығындарын талап етуге құқылы, тек ол оларды волонтер ретінде алуы тиіс.</p>
	<p>12-баптың 3-тармағы</p>	<p>3-тарау. Волонтерлік қызметті ұйымдастыру және қолдау. Статья 12. 3. Волонтердің: 1) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде белгіленген талаптарды ескере отырып, волонтерлік қызметті жүзеге асыруға өзінің қатысуын еркін таңдауға; 2) егер волонтер мен волонтерлік ұйым арасында жасалған азаматтық-құқықтық шартта өзгеше көзделмесе және бұл жеке тұлғалардың өмірі мен денсаулығына тікелей зиян келтіруге, мүлкілік нұқсанның туындауына алып келмесе, волонтерлік қызметті кез келген уақытта еркін тоқтатуға; 3) волонтерлік қызметтің мақсаттары, міндеттері және мазмұны туралы, волонтерлік қызметті ұйымдастырушы туралы, волонтерлік ұйым, оның басшылығы, қызметінің қағидаттары туралы және ұйымдық құрылысы туралы анық ақпарат алуға; 4) волонтерлік бағдарламаларды (жобаларды) орындауға және волонтерлік акциялар мен волонтерлік қызметті жүзеге асыру үшін ұйымдастырылатын, бастама жасалатын немесе ұсынылатын өзге де іс-шараларды өткізуге;</p>	<p>12-баптың 3-тармағын 10) тармақшамен келесі редакцияда толықтыру ұсынылады: зейнетақымен қамтамасыз ету.</p> <p>12-баптың 3-тармағын 11) тармақшамен келесі редакцияда толықтыру ұсынылады: міндетті медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмекті алуға. Волонтерлік туралы заңның 12-бабының волонтердің құқығы туралы 11-т. «волонтерлік қызметті жүзеге асыру барысында олардың өмірі мен денсаулығының зақымдануынан туындаған шығыстарды өтеу» құқығымен толықтыру ұсынылады. Волонтерлік қызметті жүзеге асыру барысында олардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянның шығынын өтеу (волонтерлік қызмет туралы қолданыстағы заңнамада волонтер өмірін сақтандыру қарастырылмаған. ҚР Еңбек кодексінде еңбек қызметіне қатысты жазатайым оқиғаға ұшыраған жұмыскердің алдындағы жұмыс берушінің материалдық жауапкершілігі бекітілген. Бірақ волонтер мен волонтерлік ұйым арасындағы еңбек қатынастары бекітілмеген).</p>	<p>Франциядағы Беневолатар, есеп барысында атап өтілгендей, волонтердің кез-келген жаста (бірақ сирек жағдайда, 70 жастан басталады) қызмет ете алатын түріне жатады. Франциядағы зейнетақы жүйесі зейнетке мезгілінен бұрын шығуға мүмкіндік береді («préretaire») және егде жастағы адамдардың ерікті іс-шараларға қатысуына оң әсерін тигізеді, дәлірек айтсақ, оларды ынталандырады.</p> <p>АҚШ-та медициналық сақтандырудың 5 түрі бар: 1) ірі және жоғары қаржыландырылған волонтерлік ұйымдар толық жұмыс істейтін еріктілерге міндетті медициналық сақтандыруды ұсынады. Олардың ішінде «Бейбітшілік корпусы», «Америкорп», «Лютеран волонтерлер корпусы» және Католиктік еріктілер желісінің мүшелігіне енетін ұйымдар бар. Мәселен, «Бейбітшілік корпусы» волонтерлерге олардың қызметі кезінде тиісті және қажетті медициналық көмекті көрсетеді. Қызмет көрсетілгеннен кейін, «Бейбітшілік корпусы» өтпелі кезең мен сапар кезеңі үшін «қысқа мерзімді медициналық сақтандыру» негізінде бір айлық медициналық сақтандыруды төлейді. Қайтып оралған волонтерлер екі айға дейін қосымша қызмет түрін сатып ала алады. Волонтерлікке дейін «Медикэр» («Medicare») (АҚШ-тағы 65-тен жоғары жастағы адамдарға арналған ұлттық медициналық сақтандыру бағдарламасы).</p>

№	Құрылымдық элемент	Қолданыстағы редакция	Өзгерту немесе толықтыру ұсынылатын редакция	Негіздеу
1	2	3	4	5
		<p>5) волонтермен жазбаша нысанда жасалған азаматтық-құқықтық шартта көзделген жағдайда, арнаулы киім алуға және жол жүруге, тұруға, тамақтануға, қажетті жеке қорғаныш құралдарын, құрал-саймандарды сатып алуға арналған шығыстарды және қауіпті, зиянды және қолайсыз өндірістік факторлармен байланысты жұмыстарды орындау кезіндегі өзге де шығындарды өтетуге;</p> <p>6) волонтерлік қызметті ұйымдастырушыдан және волонтерлік ұйымнан ұсынған хаттарды алуға;</p> <p>7) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүргізілген жағдайда, ақпараттық ресурстарға өзі жүзеге асырған волонтерлік қызмет туралы, оның жүзеге асырылу орны мен сағат саны, көтермелеулер, өзі алған қосымша дайындық, қолдау және көтермелеу шараларын алу құқығы туралы мәліметтерді, өзге де мәліметтерді енгізуге;</p> <p>8) волонтерлік қызметті жүзеге асыру үшін білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, мәдениет, спорт ұйымдарына және табиғат қорғау мен орман мекемелерінің аумағына осы ұйымдардың басшылығымен келісу бойынша кіруге;</p> <p>9) халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесуге қатысуға құқығы бар.</p>		<p>65 жасқа дейінгі кейбір мүгедектер, бүйрек қызметі бұзылған адамдар бағдарламаға қатыса алады) қызметін алған адамдар бұл туралы «Медикэрге» хабарлайды, сәйкесінше, волонтердің төлемдерінен шығындар ұсталмайды, өйткені волонтер «Америка корпусының» тегін сақтандыру құқығына ие болады. Сөйтіп, волонтер «Медикэрдің» жартысын қайтарып, волонтерлік кезіндегі ай сайынғы сақтандыру шығындарын төлемейді, ерікті қызметі аяқталғаннан кейін бағдарламаға айыппұлсыз қайта тіркеледі.</p> <p>Бұнымен қоса, «Бейбітшілік корпусы» волонтердің волонтерлік қызметі кезеңіндегі кейбір медициналық шығындарының белгілі бір өтемақысын ұсынады: мысалы, стоматологиялық және рентгендік тексерулер үшін көп дегенде 60 доллар, физикалық тексерулер үшін 125-тен 290 долларға дейін (жасына және жынысына байланысты) және көз сынама-сы үшін ең көбі 12 доллар.</p> <p>2) шағын ұйымдар «Қолжетімді медициналық қамтамасыз ету туралы» заңға сәйкес, минималды қажетті болып табылмайтын сақтандыру мүмкіндігін ұсынады. Оған волонтерлерге негізгі тегін медициналық сақтандыруды ұсынатын қысқамерзімді «AmeriCorps» медициналық қызмет жоспары кіреді.</p> <p>3) табысы аз адамдарға медициналық көмек көрсетудің «Медикейд» («Medicaid») федералды жүйесі. Бұл АҚШ-тың кейбір табысы аз тұрғындарын медициналық көмекпен қамтамасыз ететін мемлекеттік міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру бағдарламасы. «Медикейд» қызметтері әр штат квотасына сәйкес өзгеріп отырады.</p> <p>Егер волонтердің кірісі федералдық кедейлік деңгейінің 138%-ын құрап немесе одан төмен болса, онда ол «Медикейд» квотасына үміткер бола алады (2020 ж. бойынша).</p>

№	Құрылымдық элемент	Қолданыстағы редакция	Өзгерту немесе толықтыру ұсынылатын редакция	Негіздеу
1	2	3	4	5
				<p>4) қысқа мерзімді (ұзақтығын үш жылға дейін ұзарту мүмкіндігімен 364 күн) медициналық сақтандыруды волонтер медициналық сақтандыру компаниясынан немесе брокер арқылы сатып ала алады.</p> <p>5) «сапарды сақтандыру» волонтердің қызмет орнына жетуі үшін жүріп өтетін едәуір қашықтығы үшін беріледі.</p> <p>Алайда, бұл экстремалды спорт түрлерімен байланысты жарақаттар тәрізді медициналық мәселелердің белгілі бір түрлерін қамтымайды және оның максималды төлемін шектейді.</p> <p>Ирландиядағы тәрізді, Еуропаның басқа да елдерінде волонтерлік қызметті сақтандыруға қатысты нақты құқықтық ережелер қабылданбаған. Алайда волонтерлерді қорғаудың белгілі бір саясаты бар. Мәселен, «Volunteer Ireland» еріктілер жұмылдырылған ұйымдарға волонтерлерді ауру қатерінен, жазатайым оқиғадан және үшінші тұлғалар алдындағы жауапкершіліктен сақтандырудың нақты нұсқаулары көрсетілген еріктілердің жазбаша саясатын құруды ұсынады.</p> <p>Осыған орай, Ирландия волонтерлері медициналық сақтандыру жөніндегі уәкілеттік берген белгілі бір компаниядан жеке медициналық сақтандыру иеленуі тиіс. Топтық сақтандыру тізіміне волонтерді оның демеушісі енгізеді.</p>
			<p>12-баптың 3-тармағын келесі редакциядағы 12) тармақшамен толықтыру ұсынылады:</p> <p>еңбекке жарамсыз деп танылған жағдайда әлеуметтік жәрдемақы алуға.</p>	<p>АҚШ тәжірибесі.</p> <p>«Жұмыскерлерге өтемақы төлеу туралы федералдық заңның» 12620 (б) «Ұлт пен қоғамдастық» бөліміне және «1990 жылғы қызмет туралы заңға» 2009 ж. енгізілген түзетулерге сәйкес, егер волонтер өзінің волонтерлік қызметі барысында еңбекке жарамсыз болып танылса, оған оның волонтерлік қызметі кезіндегідей әлеуметтік жәрдемақылар төленеді.</p> <p>АҚШ-тың Еңбек министрлігі осындай төлемдердің іске асуына толық жауапкершілік алады. Мысалы, егер «Жұмысшылардың өтемақы бағдарламаларының кеңсесі»¹</p>

№	Құрылымдық элемент	Қолданыстағы редакция	Өзгерту немесе толықтыру ұсынылатын редакция	Негіздеу
1	2	3	4	5
				<p>(Office of Workers' Compensation Programs, OWCP) волонтерлердің дерті волонтерлік қызметі кезінде туындағанын немесе күшейгенін анықтаса, FECA бағдарламасы волонтерге науқастығы немесе жарақаты үшін өтемақы төлеуді қарастырады.</p> <p>Дегенмен, егер жарақат немесе еңбекке жарамсыздық жеке мас болу, волонтердің өзіне немесе өзгелерге жарақат немесе қаза әкелу үшін жасалған қасақана әрекетінен туындаған болса, волонтерға FECA (AmeriCorps NCCC) жеңілдіктері берілмейді.</p> <p>Қызметтерге медициналық ұдайы көмекке ақы төлеу, жоғалған жалақы үшін өтемақы төлеу, волонтерлік қызметке байланысты денсаулықтың ұдайы нашарлауы жатады. FECA, сонымен қатар, волонтердің қаза болуы жағдайында денені тасымалдаудың, жерлеудің ережелері мен төлемдерінен, егер волонтердің қазасы волонтерлік қызметті атқару барысындағы жарақат немесе сырқат нәтижесінде пайда болса, отбасының асыраушысынан айырылу жәрдемақысынан тұрады.</p> <p>Ирландиядағы медициналық қызмет көрсету мен қызметтер салықтарды төлеу мен төлемдерге қатысты (PRSI) әлеуметтік сақтандыруға қарағанда, өмір сүру мен экономикалық құралдардың принципіне негізделген. Сәйкесінше, азаматтық өздігінен Ирландиядағы медициналық қызмет пен көмекке құқықтарды айқындамайды.</p> <p>Дегенмен, EO/ EЭА азаматтарына қолданылатын белгілі бір ережелер бар. Бұл жағдайда қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді еріктілер арасындағы мәртебені анықтап алу қажет. Ирландиядағы қысқа мерзімді еріктілерге бір жылдан көп тұрып жатқан еріктілер жатады.</p>

¹ «АҚШ жұмысшыларының өтемақы бойынша бағдарлама кеңесі» азаматтардың (немесе мүгедектердің) еңбекке жарамсыз (жарақат алу немесе басқа аурулар) деп танылған жағдайында ұсынылатын 4 негізгі өтемақы бағдарламасын басқарады, олардың ішінде медициналық емдеу, кәсіби сақтандыру және т.б. жеңілдіктер ұсынылады.

№	Құрылымдық элемент	Қолданыстағы редакция	Өзгерту немесе толықтыру ұсынылатын редакция	Негіздеу
1	2	3	4	5
				<p>Бұл жағдайда олар «келушілер» ретінде қарастырылады. Олар сәйкес органдарға Е111 формасын берген жағдайда медициналық көмекті алу құқығына ие болады.</p> <p>Ирландияда бір жылдан көп өмір сүріп жатқан ұзақ мерзімді волонтерлер «қарапайым тұрғындар» саналады. Бұндай құқықтық мәртебе ұлтына қарамай таңылады. Бұл Денсаулық сақтау кеңесі арқылы «Ирландияның қарапайым тұрғыны» деп танылған барлық адамдардың медициналық қызметті алуға толық немесе шектеулі құқығының (сондай-ақ, волонтер еңбекке қабілетін жоғалтқан жағдайда) болуымен байланысты.</p> <p>1993 жылы Францияда волонтерлерді сақтандыру мен қорғау туралы «Bénévoles» заңы қабылданды. Заң волонтерлерді жұмылдыратын ұйымдарға өздерінің беневолярды (волонтерлерін) волонтерлік қызмет нәтижесінде туындаған жазатайым жағдайлар мен сырқаттардан сақтандыруға мүмкіндік береді.</p> <p>Алайда бұл ұйымның ынтасына байланысты. Егер волонтер дене жарақатының құрбаны болса, сот қауымдастық пен волонтер арасындағы көмек туралы құпия келісім бойынша, қауымдастықты волонтерге өтемақы төлеуі тиіс деп санауға бейімділік танытады. Егер волонтер зақым келтірген болса, қауымдастық пен волонтер арасында еңбек шартының жоқтығына қарамастан, қауымдастықтың жауапкершілігін туғызатын қожайын мен қызметші қарым-қатынасы болады.</p> <p>Қауымдастық жүзеге асыратын қызметтің түріне байланысты, сақтандыруды рәсімдеу қауымдастық үшін міндетті болып табылады, жоқ дегенде, табанды ұсынылады. Бұл сақтандыру оны ұйымдастыруға және өткізілетін шараларға қатысатын барлық адамдарды есепке алып, ол адамдардың сыртқы ортамен</p>

№	Құрылымдық элемент	Қолданыстағы редакция	Өзгерту немесе толықтыру ұсынылатын редакция	Негіздеу
1	2	3	4	5
				және өзара байланысы бойынша қызметіне кепілдік беруі тиіс. Қоғамдық мүдделер бойынша қауымдастықтар волонтерлерді жазатайым жағдайлардан сақтандыруды рәсімдей алады. «France Bénévolat» сияқты волонтерлік орталықтар жылжытатын мінез-құлық кодексіне сәйкес, қауымдастық волонтерлерді сақтандыруға тиісті. Алайда, қауымдастық осы сақтандыру бойынша шығындарды өтеуге міндеттелетіндіктен, қаржының тапшылығынан іс жүзінде тек бірен-саран қауымдастықтар ғана осындай келісімдерге барады. Ұйым шеңберінен тыс қызмет ететін жекелеген волонтерлер сақтандырылмайды және жол апаты мен жарақат жағдайларында жауапкершілікті өздеріне жүктейді. Жекелеген волонтерлерді өте арзан бағамен сақтандырудың сызбасы бар, бірақ ондай сызбалар тек белгілі бір қалаларда ғана болады ² .
			12-баптың 3-тармағын 13) тармақшамен келесі редакцияда толықтыру ұсынылады: Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуда жеңілдіктер алуға.	АҚШ-та мұндай тәжірибе бар, «AmeriCorps» волонтерлеріне олардың волонтерлік қызметтердің орнына студенттік несиені төлеу мерзімін ұзартуға мүмкіндік беретін практика бар. Волонтер, сондай-ақ, колледжде немесе ЖОО-дағы оқу ақысын төлеу бойынша жеңілдіктерге ие болады. Волонтерға 7 жыл көлемінде «Segal AmeriCorps Education Award» білім беру марапатына қолжетімділік беріледі. <i>Марапат колледжде, колледжден кейінгі білім алуда (магистратура, PhD) ақы төлеуге немесе білікті студенттік қарыздарды төлеуге көмектеседі. 55 жастан асқан қатысушылар өздерінің білім марапаттарын балаларына, немерелеріне және асырап алған балаларына бере алады.</i> Бұндай жеңілдіктің болуы волонтердің уақытын тек еріктілік жұмыстарға ғана емес, сонымен бірге өз пайдасына да жұмсауға көмектеседі, бұл

² Study on Volunteering in the European Union Country. Report France // https://ec.europa.eu/citizenship/pdf/national_report_fr_en.pdf

№	Құрылымдық элемент	Қолданыстағы редакция	Өзгерту немесе толықтыру ұсынылатын редакция	Негіздеу
1	2	3	4	5
				<p>волонтерді өз біліміне үлес қосуына ынталандырады. Бұл практика ынталандырып қана қоймай, студенттер мен мектеп оқушылары арасында волонтерлер санының өсуіне ықпал етеді.</p> <p>Франциядағы мектептер волонтерліктің дамуына белсенді ықпал етеді. Білім министрлігі мектептерде «Елшілер» деген атаумен операциялар жүргізетін Волонтерлік ұйымдарды (VIO) ашты. Олар мұғалімдер мен студенттердің еріктілік туралы хабардар болуына бағытталған. Олар оқытушылар мен оқушылардың волонтерлік туралы білігін жетілдіруге бағытталған.</p> <p><i>2017 жылы Франция университеттерді академиялық бағдарламаның бөлігі ретінде студенттердің волонтерлік қызметін мойындауға және қолдауға міндеттейтін бағдарлама қабылдады.</i></p> <p><i>Бұндай тәжірибе дипломдардың соңында расталған несиелер түрінде болуы, сонымен қатар студенттердің кестесін өзгерту мүмкіндігі бар волонтерлік іс-әрекеттерді жеңілдетуі, яғни қашықтықтан оқыту, балама бағалау әдістері және т.б. түрінде болуы мүмкін.</i></p>
			<p>12-баптың 3-тармағын 14) тармақшамен келесі редакцияда толықтыру ұсынылады: демалыс</p>	<p>Жұмыс берушілер жүзеге асыратын корпоративті бағдарламалар қызметкерлерге жалақыны сақтай отырып, демалыс алу немесе ақылы демалысты қамтамасыз ету түрінде демеушілік көмек ұсыну арқылы жағдай жасап, қызметкерлерді волонтерлікке жігерлендіретін АҚШ тәжірибесі.</p>
			<p>12-баптың 3-тармағын 15) тармақшамен келесі редакцияда толықтыру ұсынылады: волонтерлік қызметті өз қызметі арқылы өзіне, үшінші тұлғаға және қоршаған ортаға зиянын тигізбей қауіпсіз орындау.</p>	<p>Ұлыбританияда «Өндірістегі еңбек қауіпсіздігі мен гигиенасы туралы» заң (Health and Safety at Work Act, 1974) мен «Деректерді қорғау туралы» заң (Data Protection Act, 1998) қоғамның кез-келген мүшесіне қолданылғаны сияқты, жалдамалы ерікті жұмыскер болып табылатын волонтерлерге қолданылатын құқықтық қорғауды қарастырады.</p> <p>АҚШ-та «AmeriCorps» волонтерлеріне волонтерлік ұйымға</p>

№	Құрылымдық элемент	Қолданыстағы редакция	Өзгерту немесе толықтыру ұсынылатын редакция	Негіздеу
1	2	3	4	5
				қосылғаннан кейін арнайы гайдлайндар (бізше, нұсқаулықтар) ³ ұсынылады, олардың ішінде волонтердің құқықтары, этикалық нормалары және басқа да міндеттері жазылады. Гайдлайндарда заңдарға сілтеме беріледі, яғни оның жекелеген бөлімдері де заңмен қорғалады.
			12-баптың 3-тармағын 16) тармақшамен келесі редакцияда толықтыру ұсынылады: волонтерлік қызмет процесінде қолы жеткен ақпаратты (ерекше қоғамдық маңыздылығы бар немесе тұлғаның құқықтары мен бостандығына қатысты ақпараттан басқа) құпия сақтауға.	Францияда волонтерліктің формалды этикалық жалпы кодекстері жоқ. Алайда кейбір жекелеген волонтерлік ұйымдарда (VIO) түрлі құжаттар, мысалы, осы ұйымдарға қатысатын еріктілердің құқықтары мен міндеттері жазылған жарғылар бар. Қайырымдылыққа қатысты этикалық кодекстердің сақтағысы келетіндердің қатарына 1988 жылы құрылған: «La Charte du Don en Confiance»; 1999 жылы кәсіптік ретінде құрылған «France Générosité» жатады. АҚШ волонтерлеріне волонтерлік ұйым қатарына қосылған соң, оның волонтерлік қызметі барысындағы құқықтары, этикалық нормалары және басқа да міндеттері жазылған гайдлайндар беріледі. АҚШ-та кез-келген осындай құжаттардың ресми мәртебеге ие екендігіне және егер заңдармен болмаса, елдің белгілі бір саясатымен (бұл тұста, волонтерлік) қорғалатындығына назар аудару керек. АҚШ-та, сонымен қатар «Құпиялылық туралы заң» бар (бұндай заң Қазақстанда да бар ⁴ , бірақ мақсаты басқа), оның мақсатына федералды органдардың жеке ақпаратты жинау, жүргізу, пайдалану және жария ету нәтижесінде туындайтын жеке өміріне негізсіз шабуылдардан қорғану құқығына ие жеке тұлғалар жөнінде ақпаратты сақтау туралы үкіметтің қажеттілігін теңестіру жатады. Мысалы, «AmeriCorps NCCC» гайдлайнында «Жеке ақпаратты ашу» туралы бөлім бар, ол жерде «Құпиялылық туралы

³ AmeriCorps NCCC // https://www.nationalservice.gov/sites/default/files/documents/2018_9_27_NCCCMemberHandbook_508.pdf

⁴ ҚР Дербес деректер және оларды қорғау туралы Заңы (2017.28.12. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31396173

№	Құрылымдық элемент	Қолданыстағы редакция	Өзгерту немесе толықтыру ұсынылатын редакция	Негіздеу
1	2	3	4	5
				заңның... жазбаша келісімсіз» жеке ақпаратты жариялауға «тыйым салатындығы» туралы айтылады ⁵ және заңға келесі тәртіппен «5 U.S.C. §552a» сілтеме беріледі. Сонымен қатар, гайдлайн-да құқықтық негізі бар заңға сілтеме жасау арқылы волонтердің «Кәсіби мінез-құлқының кодексі» де ұсынылған: «Мінез-құлық стандарттары моральдық көңіл-күй үшін де және қауіпсіздік үшін де міндетті. AmeriCorps NCCC мүшелері де, волонтерлер де өз әрекеттері үшін жауапкершілік алады».
			12-баптың 3-тармағын 17) тармақшамен келесі редакцияда толықтыру ұсынылады: волонтерлік қызметті жүзеге асыру бойынша өз міндеттерін орындауды волонтердің координаторының келісімсіз/хабардар қылмай басқа тұлғаларға бермеуге.	АҚШ тәжірибесі
			12-баптың 3-тармағын 18) тармақшамен келесі редакцияда толықтыру ұсынылады: мемлекеттік билік органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының лауазымды тұлғаларының заңды өкілеттіктерін жүзеге асыруға кедергі келтірмеуге.	Волонтердің ұйымның меншігі болып табылатын ақпаратты жариялауға құқығының жоқ екендігі туралы АҚШ тәжірибесі келтірілді, бірақ егер бұл ақпарат заңсыз болса, ол бұл туралы жергілікті немесе федералды органдарға хабарлауы тиіс. Мемлекеттік органдардың кейінгі әрекеттерінің траекториясында ешқандай кедергілер жоқ.
			12-баптың 3-тармағын 19) тармақшамен келесі редакцияда толықтыру ұсынылады: азаматтық-құқықтық келісімге отыруға.	Ұлыбританияда волонтер мен қабылдаушы тарап арасында азаматтық-құқықтық келісімшарт мәртебесіне тең келісім жасалады. Мысалы, Ұлыбританияның волонтерлік ұйымдардың құқықтық мәртебесі туралы ақпаратқа ие Волонтерлік ұйымдарының ұлттық кеңесі (NCVO) «волонтердің волонтер ретіндегі еңбек келісім-шартының болмайтынын, сондықтан олардың жұмыскер немесе жұмыс беруші сияқты құқықтарға ие еместігін» хабарлайды. Волонтер волонтерге тиесілі бақылаудың, қолдаудың және білімнің деңгейін, ұйым арқылы өтетін сақтандыру

⁵ AmeriCorps NCCC // https://www.nationalservice.gov/sites/default/files/documents/2018_9_27_NCCCMemberHandbook_508.pdf

№	Құрылымдық элемент	Қолданыстағы редакция	Өзгерту немесе толықтыру ұсынылатын редакция	Негіздеу
1	2	3	4	5
				<p>немесе кез-келген басқа шығындар туралы ақпаратты түсіндіретін келсімге қол қояды. Еріктілік туралы келісім міндетті болып саналмайды, бірақ ол волонтердің ұйымнан не күте алатындығын анықтайды, алайда келісім физикалық және құқықтық тұлғалар арасында келісім-шартты қалыптастырмайды.</p>
			<p>12-баптың 3-тармағын 20) тармақшамен келесі редакцияда толықтыру ұсынылады: волонтерлік ұйыммен келісім шеңберінде қосымша білім алуға.</p>	<p>АҚШ-та волонтер өзін тартқан ұйым арқылы базалық білім алудан өтеді. Алайда АҚШ-тың мектеп базасы деңгейінде кездесетін волонтерлік практикалар мектеп оқушыларының волонтерлік техника мен дағдыларға үйренетіндігі туралы меңзейді.</p> <p>Франциядағы волонтерлік білім берудің ұлттық жүйесі шеңберінде міндетті дағды ретінде танылған.</p> <p>Волонтерлік тәжірибенің құндылығы ресми және бейресми білім беруді бағалау тұрғысындағы алғашқы заңдармен мойындалды: 2000 жылы жастар және спорт істері бойынша министрлік ұйымдар мен физикалық және спорттық қызметті насихаттауға қатысты заңға жастар мен спорт саласындағы кәсіби білім беру мен оқытудың кәсіби немесе еріктілік тәжірибесімен расталатыны туралы өзгерістер енгізді.</p> <p>Осыдан кейін, волонтерлік тәжірибені тексеру қауымдастықты қызметтің барлық салаларына таралды. Францияның волонтерлері, осылайша, диплом немесе сертификациядан өтеді. Олар өздері кемінде 3 жыл көлемінде ие болған дағдылардың сұраныстағы квалификация талабына сәйкес екендігін көрсетулері керек. Аталмыш, барынша қиын процесс дипломы жоқ көптеген адамдар үшін олардың кәсіби тәжірибесін бағалаудың мүмкіндіктерін ашты. 2002 жылдың қаңтарындағы заң волонтерлердің кәсіби білім алуына маңызды ықпал етті.</p> <p>Франция волонтерлерінің білім алуының басқа да мүмкіндіктері бар.</p>

№	Құрылымдық элемент	Қолданыстағы редакция	Өзгерту немесе толықтыру ұсынылатын редакция	Негіздеу
1	2	3	4	5
				<p>Волонтер алатын білімнің типі волонтердің өзі қарайтын ассоциацияға және оның стратегиясына байланысты. Мемлекет пен аймақтар волонтерлерге берілетін білімді қолдайды.</p> <p>Франциядағы волонтерлердің білім алуы мемлекет тарапынан қосымша қолдауға ие. Мысалы, 1985 жылы «Коммерциялық емес секторды дамытудың ұлттық қоры» (FNDVA) білім беруге қатысты кейбір жобаларды қаржыландырды. Ол қор арқылы үш бағыт қаржыландырылды:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Волонтерлік дайындық; - Пилоттық жобалар; - Ұлттық мүддені зерттеу. <p>Осы инвестициялар көлемінің көрсеткіші ретінде: 2003 жылы FNDVA волонтерлердің бір ғана префектурадағы жеті ассоциация ұйымдастырған 19 тренингін қаржыландырды. Бұған қоса, 1988-1999 мерзім аралығында волонтерлерді оқытуға бағытталған FNDVA қаражаты 3,5 миллион еуроға дейін өсті. Франция үкіметі волонтерлерді ынталандырудың тәсілдерін жиі зерттейді⁶.</p>
			<p>12-баптың 3-тармағын 21) тармақшамен келесі редакцияда толықтыру ұсынылады: жол жүру, өмір сүру, тамақтану шығындарын өтеуге.</p>	<p>Ұлыбританияда волонтерлерге волонтер ретіндегі уақыты үшін төленбейді, бірақ волонтер шығындарды өтеу үшін қаражат алады.</p> <p>Бұл әдетте волонтердің волонтерлік қызметі үшін сатып алынуы тиіс тамақпен, суындармен, саяхатпен немесе кез-келген жабдықпен шектеледі. Волонтер, мысалы, жол жүру шығындары сияқты, жеңілдіктер талап етуге құқылы, бірақ оларды волонтер ретінде ғана алуы шарт. Кез-келген еуропалық ел мен АҚШ-тың тәжірибесі көрсеткендей, волонтердің күнделікті ақшалай, жол жүру шығындары (жәрдемақы) қайтарылады, волонтерге міндетті тегін тұрғын үй қарастырылған, шәкіртақы төленеді (АҚШ), егер волонтердің баласы болса (немесе волонтер жауапкершілік алған туысы болса) өтемақы төленеді, себебі волонтер өз баласына бөлетін уақытын волонтерлікке жұмсайды.</p>

⁶ National Report – France // https://ec.europa.eu/citizenship/pdf/national_report_fr_en.pdf

№	Құрылымдық элемент	Қолданыстағы редакция	Өзгерту немесе толықтыру ұсынылатын редакция	Негіздеу
1	2	3	4	5
1	12-баптың 4-тармағы	<p>3-тарау. ВОЛОНТЕРЛІК ҚЫЗМЕТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ҚОЛДАУ</p> <p>12-бап.</p> <p>4. Волонтер:</p> <p>1) волонтерлерді үйлестірушіден алған тапсырмаларды адал орындауға, ал аяқталған соң олардың орындалғаны туралы волонтерлерді үйлестірушіні хабардар етуге;</p> <p>2) азаматтардың және ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзбауға, волонтерлік қызметті ұйымдастырушының өз құзыретіне сәйкес берген өкімдерін орындауға;</p> <p>3) волонтерлік қызметті қауіпсіз орындау қағидаттарын сақтауға, өзінің қызметімен үшінші тұлғаларға және қоршаған ортаға зиян келтірмеуге;</p> <p>4) волонтерлік қызмет процесінде волонтер қол жеткізетін ақпараттың құпиялығын сақтауға;</p> <p>5) волонтерлік қызметті жүзеге асыру бойынша өз міндеттерін орындауды волонтерлерді үйлестірушінің келісімінсіз өзге адамдарға бермеуге;</p> <p>6) волонтерлік қызметті жүзеге асыру процесінде өзіне берілген материалдық ресурстар мен жабдыққа ұқыпты қарауға және жұмыс аяқталғаннан кейін оларды қайтаруға;</p> <p>7) мемлекеттік билік органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары лауазымды адамдарының өкілеттіктерінің іске асырылуына кедергі келтірмеуге міндетті.</p>	<p>12-баптың 4-тармағының 3) тармақшасына толықтыру енгізу ұсынылады:</p> <p>волонтерлік қызметті қауіпсіз орындаудың принциптерін өз қызметі арқылы өзіне, үшінші тұлғаға және қоршаған ортаға зиянын тигізбей орындауға.</p> <p>12-баптың 4-тармағының 4) тармақшасына толықтыру енгізу ұсынылады:</p> <p>волонтерлік қызмет процесінде волонтердің қолы жеткен ақпаратты (ерекше қоғамдық маңыздылығы бар немесе тұлғаның құқықтары мен бостандығына қатысты ақпараттан басқа) құпия сақтауға.</p>	<p>АҚШ тәжірибесі көрсеткендей, өз кезегінде, заңдармен реттелетін волонтерлерге арналған нұсқаулықтарда (дәлірек, нұсқаулықта қатаң сақталатын қолданыстағы қалалық, штаттық және федералды заңдарға сілтемелер беріледі), волонтердің мінез-құлқының кодекстері мен нормалары жазылған. Оларда волонтерлердің өз іс-әрекеттері үшін жауап беретіндігі және олардың мінез-құлқы әрдайым жұмылдырушы тарап мүдделеріне сай болуы керектігі туралы жазылған: «волонтерлер азаматтық мақтаныш сезімін қалыптастырады және өздерін осының өздеріне жағымдықпал етуіне сәйкес ұстайды; адамдардың барлығына құрметпен және сыпайылықпен қарайды, және дауларды зорлық-зомбылықсыз, әдепті түрде шешеді және ұйымның басқа мүшелеріне құрмет көрсетеді; басқаларға қасақана немесе абайсызда зиян келтірмеу үшін өзін-өзі ұстайды; құралдарды, өрт сөндіру жабдықтарын, қауіпсіздік құралдарын пайдаланады және көлік құралдарын қауіпсіз және қажетті түрде пайдалана алады» және т.б.</p> <p>АҚШ «Құпиялылық туралы заңы», әдетте, тұлғаның жазбаша келісімінсіз жеке тұлғаның және кез-келген адамның қолы жететін кез-келген ақпаратты ашуға тыйым салады (бұл жағдайда, құрамына волонтер кіретін ұйым). Алайда бұл тыйым үшін ерекше жағдайлар бар. Бұл ерекшеліктер мыналарды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді: Ұлттық және мемлекеттік қызмет істері жөніндегі корпорацияның қызметкерлеріне осындай ақпаратты керексінген кезде тарату; сондай-ақ кез-келген федералды немесе мемлекеттік органға азаматтық немесе қылмыстық құқық қолдану мақсаттары үшін белгіленген тәртіпке сәйкес ақпараттар беру (мысалы, Федералды тергеу бюросы). Бұндай тәртіптер волонтерлерге олар волонтерлік</p>

№	Құрылымдық элемент	Қолданыстағы редакция	Өзгерту немесе толықтыру ұсынылатын редакция	Негіздеу
1	2	3	4	5
				<p>ұйымға кірместен бұрын берілетін арнайы гайдлайндарда сипатталған. Гайдлайндар штаттық немесе федералды заңдарға сілтемелер бергендіктен заңды күшке ие болып саналады.</p> <p>«Америкорп» волонтерлерінің бір гайдлайнынан үзінді: «Қатысушылар әлеуметтік желілерді дұрыс мағынада пайдаланулары керек. Кәсіби мінез-құлық кодексі интернетте де, автономды режимінде де барлық әрекет түрлеріне қолданылады. AmeriCorps қатысушылардың сөз бостандығына қатысты құқықтарын құрметтейді, бірақ егер қатысушының желідегі пікірлері AmeriCorps-ның кез-келген саясатын бұзса, тәртіптік жаза қолдана алады. Волонтер өзін заңсыз кемсітушілікке ұшырадым деп санаса немесе қандай да бір заңсыздық туралы білсе, шағымдарды бейтарап қарауды ұсынатын Азаматтық құқықтар және инклюзия басқармасына хабарласуы шарт.</p>
			<p>12-баптың 4-тармағының 5) тармақшасына толықтыру енгізу ұсынылады:</p> <p>5) волонтер координаторларының келісімсіз хабардар болуынсыз волонтерлік қызметті жүзеге асыру бойынша өз міндеттерін басқа адамдарға бермеуге.</p>	<p>АҚШ тәжірибесі.</p>
	3-тарау	3-тарау. ВОЛОНТЕРЛІК ҚЫЗМЕТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ҚОЛДАУ	<p>3-тарауды 17-1 бабымен келесі редакцияда толықтыру ұсынылады:</p> <p>17-1-бабы.</p> <p>1. Волонтерлердің қоғамдық ұйымдары, қауымдастықтар (кеңестер):</p> <p>1) уәкілетті органға және басқа басқа да мемлекеттік органдарға Қазақстан Республикасының волонтерлік қызмет туралы заңнамасын жетілдіруге байланысты ұсыныстарды енгізуге;</p> <p>2) волонтерлік қызмет нәтижелерін меңгеруге және жалпылауға;</p> <p>3) волонтерлердің мүдделерін мемлекеттік органдарда, сондай-ақ</p>	<p>4) Франция үкіметі сектордың ерікті өкілдерінен тұратын түрлі жұмыс топтары арқылы әзірленетін мерзімдік конференциялар ұйымдастырып отырады.</p> <p>Француздық «Bénévolat»-тың ақпарат пен ресурстарды біріктіру, сондай-ақ перспективалық жұмыстарды жүргізу мақсатында волонтерлер ұйымдарының ішіндегі кейбір маңызды серіктестерін біріктіретін тұрақты комитеті бар. ҰЕҰ-ң басқа құрамдас бөліктері, атап айтқанда, кооперативтер мен өзара қорлары, ішінара еріктілер арқылы басқарылады және ерікті қызметті қамтамасыз етеді.</p>

№	Құрылымдық элемент	Қолданыстағы редакция	Өзгерту немесе толықтыру ұсынылатын редакция	Негіздеу
1	2	3	4	5
			<p>Қазақстан Республикасының заңдары арқылы анықталатын тәртіп бойынша басқа да қоғамдық ұйымдарда қорғауға;</p> <p>4) бұқаралық ақпарат құралдарында волонтерлердің мәселелері мен құқықтары бойынша ақпаратты зерттеуге және таратуға;</p> <p>5) әлеуметтік бағдарламаларды, жобаларды, сондай-ақ мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстар негізінде волонтерлік бағдарламаларды жүзеге асыру сұрақтары бойынша волонтерлерді тарту арқылы әлеуметтік міндеттерді шешуге бағытталған жекелеген шараларды іске асыруға;</p> <p>6) волонтерлердің қауіпсіздігі туралы міндетті талаптарды белгілейтін стандарттау құжаттары мен нормативті-техникалық құжаттарды дайындауға қатысуға;</p> <p>7) тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдарға волонтерлік қозғалысты дамыту бойынша шараларды қабылдау туралы ұсыныстар енгізуге;</p> <p>8) тиісті мемлекеттік органдармен бірге волонтерлік қозғалысты дамыту саласында ашық және жалпыға ортақ мемлекеттік ақпараттық ресурстарды қалыптастыруға қатысуға;</p> <p>9) волонтерлер мен волонтерлік ұйымдарға құқықтық және консультациялық көмек көрсетуге;</p>	<p>5) Волонтерлікті мойындау. Францияның тәжірибесі. «Bénévolat» қорымен ұйымдастырылған «Palme du Bénévolat» тәрізді инициативалар еріктілердің жетістіктерін мойындауға мүмкіндік береді. Олармен жыл сайын максимум 350 волонтер марапатталады. Қормен басқарылатын волонтерлерді сақтандыру науқандары еріктілік секторының қажеттіліктері туралы хабардар болуға көмектеседі. Бүгінгі таңда қор 40 000 волонтерді сақтандырумен қамтамасыз етеді. Волонтерліктің қазіргі кездегі ең серпінді аспектілерінің бірі не волонтерліктен алған білім мен дағдыларды тану жатады. Волонтерлердің волонтерлікке жұмсайтын уақытты мойындауы және бағалауы, әсіресе волонтерлік жұмыспен білім алу арасындағы көпір саналатын жас буын арасында, ынталандырудың маңызды факторы болып табылады. Мемлекеттік органдар, әсіресе мектеп жүйесінде және университет деңгейінде жастардың қатысуын кең тану және ілгерілету мәселелерін зерттейді және талқылайды. Леонардо жобасымен ойлап табылған «Еріктілік тәжірибесін бағалау» портфелі (AVE) қазіргі уақытта кейбір жергілікті билік арқылы орталықтандырылмаған жастар және спорттық қызметке қолданылады. Бұл құрал тәуелсіз қызметкер ретіндегі кәсіби тәжірибе болып танылған волонтерлердің тәжірибесін бағалауды (VAE) қолдау үшін пайдаланылады.</p>
			<p>10) Қазақстан Республикасының «Қоғамдық кеңестер туралы» заңымен бекітілген тәртіпте қоғамдық кеңестер жұмысына қатысуға құқылы.</p> <p>2. Волонтерлердің қоғамдық ұйымдары, қауымдастықтар (кеңестер) уәкілетті органның сұранысы бойынша:</p> <p>1) волонтерлік қызметтің нәтижелері;</p>	<p>Егер бұл тәжірибе Қазақстанда қолданылар болса, онда еріктілер қауымдастықтарға көбірек қатысқан болар еді. Волонтерлердің жұмысы жақсы танылып, ҰЕҰ-дан тыс жерлерде қолданылар еді (мысалы, еріктілерді оқыту бағдарламасында). Бұндай практиканы, мысалы, әрбір лауазымға қажетті негізгі құзыреттерді анықтау арқылы; немесе ұйымға қажетті құзыреттер мен ресурстарға шолу жасау арқылы;</p>

№	Құрылымдық элемент	Қолданыстағы редакция	Өзгерту немесе толықтыру ұсынылатын редакция	Негіздеу
1	2	3	4	5
			2) волонтерлер өткізген шаралар туралы ақпаратты береді.	құзіреттіліктер мен дағдыларды картаға түсіру арқылы жүзеге асыруға болады. Бұл адам ресурстарын үздік басқаруға ықпал етеді. 9) АҚШ-та заңгерлер қауымдастығы өз еріктерімен (ақысыз) заңгерлік көмек орталықтарында кеңес береді. «Pro bono» көбінесе қайырымдылық немесе волонтерліктің формасы ретінде түсіндіріледі. Мұндай орталықтар кәсіби қасиеттеріне қарамастан, кез-келген адамға көмек көрсетеді. «Pro bono» үшін тән белгі - кәсіби көмек, оның ішінде заңгерлік көмек болып табылады.
«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 маусымдағы № 105-V Заңы				
	4-баптың 2-тармағы	1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР⁷ 4-бап. Зейнетақымен қамсыздандыру жөніндегі мемлекеттік кепілдіктер 2. Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі: 1) жасына байланысты зейнетақы төлемдері 2018 жылғы 1 шілдеге дейін тағайындалған және еңбек сіңірген жылдары үшін төленетін зейнетақы төлемдері 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін тағайындалған; 2) міндетті зейнетақы жарналары жүзеге асырылған кезең; 3) жұмыс істемейтін ананың немесе жұмыс істемейтін әкенің (бағып-күтуді ол нақты жүзеге асырған кезде) жас балаларды бағып-күткен, бірақ әрбір бала 3 жасқа толғанға дейін жалпы жиынтығы 12 жыл шегінен аспайтын уақыт; 4) 16 жасқа дейінгі мүгедек баланы бағып-күткен уақыт; 5) әскери қызметтегі, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтегі кезеңдер; 6) Қазақстан Республикасының дипломатиялық	4-баптың 2-тармағын 11) тармақшамен келесі редакцияда толықтыру ұсынылады: волонтерлік қызметке жұмсалған уақыт мерзімі (волонтерлік ұйымдар берген растаушы құжатты көрсеткен жағдайда).	Мәселен, АҚШ-тың 2018 жылғы мәліметтері бойынша, 2002 ж. бастап 2017 ж. дейінгі кезең аралығында Америка азаматтарының өз еркімен жұмсаған 120 млрд. сағаты 2,8 трлн. долларға дейін бағаланды. Ата-аналар ата-ана емес адамдарға қарағанда волонтерлер ретінде, шамамен, 48% жоғары жұмыс істейді, ал жұмыс істейтін аналар басқа демографиялық топтарға қарағанда көбірек уақыт жұмсайды, сонымен бірге еріктілердің үлесі 46,7%, америкалық волонтерлердің 11%-ы хоспистерде жұмыс істейді, волонтерлердің 24,6%-ы зейнеткерлер болып табылады және еріктілер қозғалысына қатысады, бұл АҚШ-тағы барлық волонтерлер санының жартысынан астамын құрайды (2019 жылғы мәліметке сәйкес).

⁷ <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1300000105>

№	Құрылымдық элемент	Қолданыстағы редакция	Өзгерту немесе толықтыру ұсынылатын редакция	Негіздеу
1	2	3	4	5
		<p>қызметтері мен халықаралық ұйымдар қызметкерлері жұбайының (зайыбының) шетелде тұрған, бірақ жалпы жиынтығы 10 жылдан аспайтын кезеңі;</p> <p>7) әскери қызметшілер (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа), арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлері жұбайларының мамандығы бойынша жұмысқа орналасу мүмкіндігі болмаған жерлерде жұбайларымен бірге тұрған, бірақ жалпы жиынтығы 10 жылдан аспайтын кезең;</p> <p>8) «Байқоңыр» кешенінің ресейлік ұйымдарындағы 1998 жылғы 1 қаңтардан кейінгі еңбек қызметінің кезеңдері;</p> <p>9) бөгденің көмегіне мұқтаж бірінші топтағы мүгедекке, екінші топтағы жалғызбасты мүгедекке және жасына байланысты зейнеткерге, сондай-ақ сексен жасқа толған қартқа күтім жасаған уақыт;</p> <p>10) осы Заңның 24-бабы 2-тармағының 2) тармақшасында аталған адамдардың еңбек қызметінің кезеңдері зейнетақы жүйесіне қатысу өтіліне есепке жатқызылады. 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап көрсетілген кезеңдер Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар жүзеге асырылған жағдайда есепке жатқызылады.</p>		
<p>«Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 16 қарашадағы № 405-V ҚРЗ</p>				
	28-баптың 7-тармағы	<p>5-тарау. МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ЖҮЙЕСІН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ⁸</p> <p>28-бап. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналар</p> <p>7. Қорға жарналар төлеуден мыналар:</p> <p>1) осы Заңның 26-бабының 1-тармағында көрсетілген адамдар;</p>	<p>28-баптың 7-тармағының 5) тармақшасын келесі редакцияда толықтыру ұсынылады:</p> <p>волонтерлік қызметті жүзеге асырушы, волонтерлік ұйымдар берген растаушы құжаттары бар, немесе «белсенді волонтер» мәртебесімен волонтерлердің ортақ базасында тұрған адамдар.</p>	<p>АҚШ-та «Америкорп» тәрізді ірі бағдарламалардың волонтерлері әлеуметтік және медициналық сақтандырудың толық пакетімен (жоғарыда Медикейд мысалы келтірілді), көлікпен, тұрғын үймен қамтамасыз етіліп, сонымен қатар оларға тамақ шығындарын өтейтін шәкіртақы, балаға арналған жәрдемақы төленеді. БҰҰ тәрізді халықаралық</p>

⁸ Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 16 қарашадағы № 405-V ҚРЗ // <https://zakon.uchet.kz/kaz/docs/Z1500000405>

№	Құрылымдық элемент	Қолданыстағы редакция	Өзгерту немесе толықтыру ұсынылатын редакция	Негіздеу
1	2	3	4	5
		2) әскери қызметшілер; 3) арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері; 4) құқық қорғау органдарының қызметкерлері босатылады.		ұйымдардың волонтерлері міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі арқылы толық қаржыландырылады.
«Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі» Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ				
	87-бапқа	7-тарау. ТЫНЫҒУ УАҚЫТЫ⁹ 87-бап. Демалыс түрлері 5. Жұмыскерлерге әлеуметтік демалыстардың мынадай түрлері беріледі: 1) жалақы сақталмайтын демалыс; 2) оқу демалысы; 3) жүктілікке және бала (балаларды) тууға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты демалыс; 4) бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты жалақы сақталмайтын демалыс. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, әлеуметтік демалыста болған кезең еңбек өтіліне есептеледі.	87-баптың 5-тармағын 5) тармақшамен келесі редакцияда толықтыру ұсынылады: волонтерлік қызмет барысында жұмыс орны (лауазымы) мен жалақыны толық немесе жартылай сақтау (Жұмыс берушінің қалауымен) арқылы демалыс.	Францияның тәжірибесі. Волонтерлікке қатысты, соның ішінде еңбек нормаларына, жұмыскерлерге волонтерлік үшін демалыс алуға мүмкіндік беретін жарғыларға қатысты құқықтық актілер қатары бар. Жоғарыда АҚШ-тың тәжірибесі келтірілді, оған сәйкес АҚШ-тағы жұмыс берушілер өздерінің корпоративті бағдарламаларын әзірлейді, онда волонтерлердің жұмыс орнын сақтап, жалақы төленетін демалыс береді. Сондай бағдарламалардың бірқатарын (мысалы, «Habitat for Humanity») жұмыс берушілердің өздері дамытып, демалушы жасайды, бірақ аталмыш корпоративті қызметтерді қолдау мақсатында үкімет ынталандырулар ұсынады.
	91-бапқа	7-тарау. ТЫНЫҒУ УАҚЫТЫ 91-бап. Жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысы берілген кезде еңбек өтілін есептеу	91-бапты 5) тармақшамен келесі редакцияда толықтыру ұсынылады: жұмыскердің волонтерлік қызметті іске асырған, бірақ оның артында жұмыс орны (лауазымы) мен жалақысының толық немесе жартылай сақталған (Жұмыс берушінің қалауымен) кездегі уақыты.	АҚШ тәжірибесі бойынша, ірі және шағын кәсіпорындардың жұмыс берушілері өз қызметкерлерін қоғамға волонтер ретінде қызмет етуге ынталандырады. Жұмыс берушілер қызметкерлердің волонтерлік бағдарламаларға қатысуы үшін тұрақты түрде демалуға мүмкіндік береді, олардың көпшілігі жұмыс берушілердің қолдауымен немесе демалушылық етуімен жүзеге асырылады. Волонтердің жұмыс орны олқайтып оралғанға дейін сақталады және волонтер «қызмет» кезінде ресми түрде жұмыссыз болып табылмайды, сәйкесінше, еріктінің жұмыс тәжірибесі үзілмейді. Компаниялар өздерінің қызметкерлеріне олардың волонтерлікке қатысуы үшін «ынталандыру» төлейді. Мысалы, жоғарыда «Habitat for Humanity» мысалы келтірілді.

⁹ Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000414#z87>

№	Құрылымдық элемент	Қолданыстағы редакция	Өзгерту немесе толықтыру ұсынылатын редакция	Негіздеу
1	2	3	4	5
				<p>Ұлыбританияда бірқатар ерекше тәжірибе байқалады, оған сәйкес волонтер құқығы өзінің жұмыспен қамтылуына қатысты болып табылатын «тағылымгер» ретінде тіркеле алады. Мұндай еріктілік практиканы кейде «жұмысқа орналастыру» немесе «жұмыс тәжірибесі» деп атайды. Бұл терминдер құқықтық мәртебеге ие емес және волонтер салық төлемейді. Олардың құқықтары волонтердің жұмыспен қамтылу мәртебесіне және оның жұмысшы, ерікті немесе қызметкер деп жіктелуіне байланысты. «Волонтер» статусына ие ерікті волонтерлік қызметінен еңбек тәжірибесін алса да, «жұмысшы» болып саналмайды және салық төлемейді. Айтпақшы, мұндай алгоритм кейде Ұлыбританияның волонтерлік жүйесінде мәселе туғызады. Волонтердің мәртебесі бойынша жұмысшы емес, ерікті болуына орай, олардың еңбек өтілінің болуы шатасуға әкеледі. Қабылдаушы тарапта волонтер ең төменгі жалақы алуға үмітті «қызметкер» емес пе деген сұрақ туындайды.</p> <p>Сондықтан, Ұлыбритания жүйесінде негізгі ұғымдардың түсіндірмелері мен шектері көрсетілген: «Волонтерлік ерікті түрде жүзеге асуы керек. Міндеттеме пайда болған сәттен бастап, волонтерліктің еріктілік сипаты жоғалады. Ерікті рөлдер ақы төленетін рөлдерден өзгеше болуы тиіс. Волонтерді еңбек демалысындағы қызметкердің орнын толтыру үшін пайдалану ұйымның осы рөлді атқаратын адамға ақы төлеуіне алып келуі мүмкін және бұл ағымдағы қызметкерлер тобына кері ықпалын тигізеді»¹⁰.</p>
Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 «Білім туралы» Заңы				
	5-тараудың 26-бабына	5-тарау. БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ 26-бап. Білім алушылар мен тәрбиеленушілерді білім беру ұйымдарына	5-тарауды 5) тараушамен келесі редакцияда толықтыру ұсынылады: волонтерлік қызметті жүзеге асырушы, волонтерлік ұйымдар берген растаушы	Бұл толықтырулар өмір сүру деңгейі төмен азаматтардың волонтерлік ұйымдардағы тәжірибесі арқылы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары

¹⁰ Treating volunteers as employees // <https://knowhow.ncvo.org.uk/your-team/volunteers/keeping/treating#>

№	Құрылымдық элемент	Қолданыстағы редакция	Өзгерту немесе толықтыру ұсынылатын редакция	Негіздеу
1	2	3	4	5
		<p>қабылдауға қойылатын жалпы талаптар</p> <p>5. Білім беру гранттарын алуға, сондай-ақ жоғары білімді кадрлар даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алушылардың құрамына қабылдауға конкурс өткізу кезінде баллдары тең болған жағдайда, келесі кезектілікпен:</p> <p>1) «Алтын белгі» белгісімен марапатталған адамдардың;</p> <p>1-1) патриоттық танытқаны және белсенді азаматтық ұстанымы үшін ерекшелік белгісімен наградалған адамдардың;</p> <p>2-1) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының білім туралы құжаттары бар, біліктілігін растаған және мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар адамдардың;</p> <p>3) тізбесін білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың) (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған), орындаушылардың халықаралық және республикалық конкурстарының және спорттық жарыстардың (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған) соңғы үш жылдағы жеңімпаздарының, сондай-ақ өздері таңдаған мамандықтары олимпиаданың, конкурстың немесе спорттық жарыстың пәніне сәйкес келген жағдайда,</p>	<p>құжаттары бар адамдар үшін.</p>	<p>білім бағдарламалары бойынша білім алуға үміткер ата-нуына ықпал етеді.</p> <p>Шетелдік практиканың мысалы ретінде, тағы да, волонтерлік бойынша ең үздік тәжірибелердің бірі, Американы келтіреміз.</p> <p>Америкалықтар өмірдің кез-келген деңгейінде волонтерлік артықшылықтың механизмін пайдаланды.</p> <p>Мектеп жүйесіндегі оқушылар орта мектеп дипломын алу үшін қоғамдық волонтер ретінде белгілі бір сағаттарды өтейді. Қоғамдық қызмет атқаратын волонтерлер мысалы, орта мектепті бітіру үшін қажетті артықшылықтарға ие болады.</p> <p>Волонтерліктің лайықты түрде өтелген сағаттары олардың жақсы жұмысқа орналасуына, жоғары оқу орындарында оқу кезінде жеңілдікке ие болуларына, кейде оқу ақысын төлеуге көмектеседі, осылайша, волонтерлер өздерінің әлеуметтік белсенділігінің арқасында грантқа ие болады.</p> <p>Сонымен қатар, кейбір университеттерде волонтерлік етудің толық немесе жартылай грант алу артықшылықтарының бірі болып табылатындығын дәлелдейтін мысалдар бар. Америкалық ЖОО-ры автономды және өз бетінше шешім қабылдайтындығына байланысты әр университеттің талапкерлерді қабылдау талаптар әртүрлі болып табылады.</p> <p>Мысалы, АҚШ-тың көптеген университеттері шешім қабылдау алдында талапкердің әлеуметтік белсенділігіне назар аударады. Дәл осындай артықшылықтар, волонтерлікпен айналыспағандарға қарағанда, айналысқандардың мүмкіндігі жоғары деп сенетін</p>
		<p>жалпы білім беретін пәндер бойынша ағымдағы оқу жылында президенттік, республикалық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстары (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған) жеңімпаздарының;</p>		<p>сенетін шетелдік студенттерге де беріледі.</p>

№	Құрылымдық элемент	Қолданыстағы редакция	Өзгерту немесе толықтыру ұсынылатын редакция	Негіздеу
1	2	3	4	5
		<p>4) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың, сондай-ақ кәметке толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастардың қатарындағы Қазақстан Республикасы азаматтарының, бірінші және екінші топтардағы мүгедектердің, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдары ардагерлерінің, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлердің, медициналық қорытындыға сәйкес тиісті білім беру ұйымдарында оқуға қарсы көрсетілімдері жоқ бала кезінен мүгедектердің, мүгедек балалардың және үздік білімі туралы құжаттары (куәліктері, аттестаттары, дипломдары) бар адамдардың артықшылықты құқығы бар.</p>		
		<p>5-тарау. БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ 26-бап. Білім алушылар мен тәрбиеленушілерді білім беру ұйымдарына қабылдауға қойылатын жалпы талаптар 8. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде: 1) I, II топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек-балалар арасынан шыққан азаматтар үшін; 2) басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлері үшін; 3) ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын білім беру бағдарламалары бойынша оқуға ауыл жастары арасынан шыққан азаматтар үшін;</p>	<p>8-бапты 7) тармақшамен келесі редакцияда толықтыру ұсынылады: волонтерлік қызметті жүзеге асырушы, волонтерлік ұйымдар берген растаушы құжаттары бар адамдар үшін.</p>	<p>Бұл толықтырулар табысы төмен өмір салты мен волонтерлік ұйымдарда тәжірибесі бар адамдардың техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру бағдарламаларына өтініш беру мүмкіндігіне ықпал ете алады. Өмірлік қиын жағдайға кенелген адамдар өзгелерге көмектесу арқылы жаңа дағдыларға ие бола алады және оларды білім беру немесе қосымша білім алу арқылы бекіте алады.</p>

№	Құрылымдық элемент	Қолданыстағы редакция	Өзгерту немесе толықтыру ұсынылатын редакция	Негіздеу
1	2	3	4	5
		<p>4) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар үшін; 5) жетім балаларды және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды, сондай-ақ кәмелеттік жасқа толғанға дейін ата-анасын жоғалтқан немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтарын; 6) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге қоныс аударған ауыл жастары арасынан шыққан Қазақстан Республикасының азаматтарын қабылдау үшін квота көзделеді.</p>		

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстандағы волонтерлерді қалыптастыру мен реттеу бойынша тұжырымдар мен ұсынымдар:

Волонтерлердің жұмыспен қамтылу деңгейі мен сапасы туралы жалпы түсінік ҚР азаматтық қоғамның даму деңгейін көрсетеді және еңбек нарығының қазіргі статистикасы жағдайында көзге көрінбейтін қамтылуды байқауға мүмкіндік береді. Болашақта еңбек әлеуетін талдау тәсілдері және волонтерліктің экономикалық тиімділігін жүйелеу мен нақтылау еңбек нарығы туралы ақпаратты жинаудың, есепке алудың және талдаудың жүйесін модернизациялауға және экономиканың коммерциялық емес секторы бойынша қосымша көрсеткіштерді есептеуге мүмкіндік береді.

Волонтерлікті келесі көрсеткіштер арқылы: макро-, микро- және тұлғалық (нанодеңгей) талдау деңгейлері бойынша - жүргізілетін зерттеулердің нәтижелері бойынша волонтерліктің әлеуметтік-экономикалық жүйелену тиімділігін ұлттық идея деңгейіне көтеру қажет.

Макродеңгейде – волонтердің мәртебесі мен оның қолданыстағы заңнамадағы жұмыспен қамтылуының ерекше жағдайларын анықтау керек. Бұл тұста волонтерлікті жұмыспен қамтудың ерекше формасы ретінде тану, волонтерлердің және оларды жұмылдыратын ұйымдардың құқықтары мен міндеттерін бекіту, салық жеңілдіктерін нақтылау т.б. қатысты еңбек, салық және азаматтық кодекстерге өзгерістер енгізу туралы меңзеліп тұр.

Волонтерлік туралы Қазақстан бойынша жалпы зерттеу жүргізу, мысалы, неліктен волонтерлік қызметтің 25 жылдық тарихы, 18 миллиондық халқы бар елде небары 50 мыңға жуық адамды қамтитынын анықтау керек. Тұрақты зерттеулердің жүргізілуі волонтердің жұмыспен қамтылуын және олардың перспективасын көруге мүмкіндік береді.

Қабылданған шаралар негізінде волонтерлікті қолдаудың инфрақұрылымы мен тетіктерін дамытудың объективті қажеттілігі бар, олар келесі ережелерді қамтиды:

- волонтерлердің өңірлік орталықтар желісін жетілдіру және Республикалық орталықпен байланысты іске қосу;
- волонтерлікті халықаралық серіктестік көмегі арқылы дамыту, өңірлерде, ел және әлемдік масштабта ақпарат алмасу тетіктерін жетілдіру.

Микро деңгейде - ұйымдар деңгейінде волонтерлік белсенділікті ҮЕҰ, жеке компаниялар және мемлекеттік мекемелерде дамыту:

- бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін арттыру мақсатында жұмысшылардың волонтерлік қызметке қатысуын қолдау және

ынталандыру;

- білім беру және тренингтер жүйесін ұйымдастыру;
- Республикалық орталықты волонтерлік инициативамен айналысқысы келетін ұйымдардың шоғырландырушы өзегіне және волонтерлерге қажеттілік пен мүмкін жобалар бойынша ақпарат алмасудың жергілікті волонтерлік орталығына айналдыру.

Жеке (нанодеңгейде) деңгейде - жекелеген волонтерлер деңгейінде қоғамның барлық әлеуметтік қабаттары мен жас санаттары өкілдерін қоғамдық пайдалы шараларға қатысуға мыналардың көмегімен тарту және ынталандыру:

- әлеуметтік жарнама мен волонтерліктің беделін трансляциялау;
- халыққа ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу және оларға осы қозғалысқа қатысудың негізгі серпілістері мен потенциалды мүмкіндіктерін жеткізу;
- волонтерлік қызметке белсенді қатысқаны үшін мемлекеттік ынталандыру мен марапаттау жүйесін дамыту;
- волонтерлік қызметтің мүмкіндіктері туралы көпшілікті мақсатты түрде ақпараттандыру үшін іс-шаралар қатарын ұйымдастыру.

Волонтерлікті дамытуды қолдау адамдардың «Рухани жаңғыруға» көзқарасын шынайы өзгерте алатын маңызды себептердің бірқатарымен байланысты:

- волонтерлік - бұл қосымша адамдық ресурстар, әлеуметтік мәселелерді шешудің сапалы жаңа деңгейіне көтерілуге мүмкіндік беретін, сонымен қатар ірі жобаларды іске асыру кезінде айтарлықтай экономикалық нәтиже беретін және болашақта қоғамның дамуына ықпал ететін жаңа дағдыларды игеру;
- волонтерліктің дамуы әлеуметтік шиеленіс деңгейінің төмендеуіне әкеледі, қоғамға жат мінез-құлықтың қаупін азайтады, қоғамды біріктіретін күш ретінде әрекет етеді;
